

*Мақсатым – тіл ұстартып, өнер
шашпақ...*
АБАЙ.

«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

2/2014

АҚПАН

МАЗМҰНЫ

Көкейкесті көзқарас

Төкен ҚОНЫСБАЙҚЫЗЫ.	Проблемалап оқыту технологиясы, кейбір үлгілері.....3
Алмагүл НҰРТАЗАҚЫЗЫ.	Дифференциалдылықтың қазақ тілін оқыту үрдісіндегі тиімділігі.....11

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Гауһар ТАРКЕШОВА.	Көпшілік алдында сөйленетін сөз.....16
Майра САЗБАЕВА.	Сабакты етістік пен салт етістік.....21
Дилбирим МИЧИТОВА.	Қос сөздің түрлері. Қайталама қос сөз.....25
Мейрамкүл АЙТБЕКОВА.	Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері.....30

<i>Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс</i>	
Назгүл ЖОЛДАСБАЕВА.	Жүсіпбектің «Әнші» әңгімесі.....36
Бақытгүл МҮСИЕВА.	Оралхан Бөкей. «Тортай мінген ақбоз ат...».....42
Ұлжан ЖЫРҒАЛБАЙҚЫЗЫ.	Сәкеннің «Сыр сандық» өлеңі.....47
Зылиха ӘЛІМХАНҚЫЗЫ.	Шерхан Мұртаза. «Ай мен Айша» романы.....50
Айсұлу САМЕТОВА.	Ыбырай Алтынсарин шығармашылығы.....54
<i>Сыныптан тыс сабақ</i>	
Құралай МАНАСОВА.	Тал жібектей таза сөздің тарланы.....61
<i>Оқулыққа қосымша</i>	
Меңдібай ӘБЛІҰЛЫ.	«Алаңқай батыр» киссасы.....65
Тілекші ҚАНАТҚАЛШЕВА.	Шәкәрім шығармаларындағы адам, қоғам, дін мәселелері.....75
Гүлдәурен ӘБЛОВА.	«Құтты біліктің» халық даналығымен, жыраулар поэзиясымен үндесуі.....81
<i>Көмекші құрал</i>	
Патима ӘЛІМБЕКОВА.	«Мағжантану» таңдау курсына арналған жұмыс дәптері.....86
<i>Ғасыр ақыны</i>	
Анаргүл ЖАРМҰҚАНОВА.	Қара өлеңнің Хантәңірі.....96
Гүлжан АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ.	«Аққулар ұйықтағанда».....102
Гүлжан САДЫҚОВА.	Өлең өлкесінің дарабоз дарыны.....109
<i>Сыныптан тыс тәлім</i>	
Еңлік ҚҰСАЙЫНОВА.	Алтайдың ақиығы.....113
Алмат ҚАЙЫРҚҰЛОВ.	Ұлт тілін ұлықтаған.....118
<i>Жас маманға жәрдем</i>	
Назгүл АҚЫБАЕВА.	Сан есім.....123
Света ЖИЕНБАЙ.	Ұлы суреткер.....126
Медет ЖАНБОЛАТОВ.	Жамбыл өмірі мен шығармашылығы.....130
Ардақ ӘБДІРАЗАҚОВА.	Мақал-мәтелдер.....133
Мейрамгүл НҰРСҰЛТАНОВА.	«Өтеген батыр» дастаны.....136
Гүлсім НАМЕНОВА.	Ілиястың «Құлагер» поэмасы.....140

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева, Қанипа
Бітібаева, Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшіһур Жүсіп,
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

Төкен ҚОНЫСБАЙҚЫЗЫ,
Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
Филология және көптілді білім беру
институтының қазақ әдебиеті
кафедрасының профессоры, п.ғ.д.

ПРОБЛЕМАЛАП ОҚИТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ, КЕЙБІР ҮЛГІЛЕРІ

Әлемдік педагогикалық тәжірибеде «технология» ұғымының енуі ертеден-ақ бар екенін көреміз. Кезінде айтылған Я.А.Коменскийдің «Оқыту «техникалық» болуы қажет, яғни, нені оқытса да табыссыз болмау керек» деген пікірі құнды. Жаңа әдістемелік жүйені оқыту үрдісінде пайдалануда технологиялардың қажет екенін педагогикалық зерттеулер дәлелдеді. Педагогикалық технологияны дүниежүзінің педагог-ғалымдары құптап, бірден-бір дидактикалық құралға айналдырудың басты себебі – оның бағдарланған нәтижелі құрылуында, игерілген білім сапасы нәтижемен өлшенеді. Мұның өзі білім берудің тиімділігін көтерудің негізгі жолы екенін айқындайды.

Білім беруді ұйымдастырудың әлемдік тәжірибесінде өзін ақтаған, жаңа түрлерін жетілдіріп,

оқытудың негізгі ұстанымдарын айқындау мақсатында көптеген жұмыстар бүгін де жүзеге асырылуда. Озат мұғалімдер тәжірибесінде проблемалық оқытуға байланысты әдістемелік еңбектер 60-70-жылдары жарық көре бастады. Демек, педагогикалық технологияға әдіс-тәсілдерді тәжірибеге ендіру қолға алынды. Кеңес елінің білім беру саласында өзекті мәселелердің біріне айналды.

Польшадағы проблемалық оқытудың негізін қалаушы педагог-ғалым В.Оконьнің «Проблемалық оқытудың негізі» атты еңбегі 1968 жылы Мәскеуде орыс тілінде басылып, Одақ көлемінде таратылып, әдіскер, ғалымдардың назарын аударды. Мұның өзі оқу-тәрбие үрдісіндегі технологиялық әдіс-тәсіл мәселесін теориялық тұрғыда шешуге себепші болды. 70-жылдары Қазанда М.Махмұтовтың жетекшілігімен проблемалық оқыту технологиясы қолданысқа еніп, мұғалімдердің технологиялық сауаттылығының артуына ықпалын тигізді.

Зерттеуші ғалымдар И.Лернер, М.Махмұтов, А.Матюшкин, Т.Ақшолақов, Қ.Тасболатов проблемалап оқытуды өз алдына әдістің жаңа түрі екенін дәлелдейді.

М.Н.Скаткин проблемалық оқыту технологиясын оқытудың жаңа жүйесі ретінде қарастырып, оқыту жұмысын ұйымдастыруға қоятын талап, мақсаттың ең қажетті біліктерін жетілдірудің базасы ретінде жүйелеу керектігін, дүниетанымының, ой-өрісінің жалпы дамуының тетігі ретінде қолданудың тиімділігін дәйектейді.

Көрнекті психологтар С.Л.Рубинштейн, Н.А.Менчинская, А.Матюшкин, т.б. «Адамның таным әрекеті ойлауынан туындайды. Ойлау проблемалы жағдайдан басталады» дейді.

1974 жылы жарық көрген әдіскер-мұғалім Қ.Тасболатовтың «Әдебиет сабағында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру» атты еңбегінде зерттеуші өз тәжірибесін ортаға сала отырып, әдебиет сабағын проблемалап оқыту мәселесіне біршама тоқталып, оқушыларды іздендіру жолдарын, проблемалық сұрақ түзу, т.б. нақты мысалдар арқылы көрсеткен. Автор проблема тудыруға, соны шешуге, өзінше қорытынды жасауға, оқушыны белсенді қатыстыру белгілі бір жүйелілікті қажет ететініне тоқталған. Ал әдіскер-ғалым Т.Ақшолақов «Білімді ойландыратындық, ізденерлік, алға жетектерлік сипатта берсең ғана оқу-тәрбие жұмысында жоғары нәтижеге жете аламыз. Проблема қоя отырып баяндау – соған жеткізер жол» деп дәлелді пікір білдіреді.

Проблемалап оқыту әр пәннің өзіндік ерекшелігіне саяды. Әдебиеттен проблемалап оқыту оның өнер туындысы ретінде табиғатына байланысты екенін көреміз. Демек, проблемалап оқыту барысында оқушының ғылыми танымдық деңгейі орнығады, соған жетудің жолын іздестіреді, ең бастысы ізденімпаздық белсенділігі, өз бетімен жұмыс істеу қабілеті, шығармашылық тұрғыдан ойлауы қалыптасады.

Мұғалім белгілі бір проблемалық міндетті (тапсырма, сұрақтар, т.б.) шешуде оқушыларды проблемалы жағдайда ізденуге бағыттайды.

Проблемалы оқыту, проблемалы сұрақ-тапсырмалар, проблемалы жағдайды туғызу оқушы тарапынан көп ізденісті қажет етеді. Сабақ үдерісінде туындайтын мұғалім мен оқушы арасындағы сұрақ пен жауапты проблемалық жағдаяттың көрінісі ретінде қарауға болмайды.

Демек, кез келген сұрақ проблемалы бола бермейді.

Мұғалім материалды түсіндіруде бұрынғы тақырыптар мен логикалық байланысын ашып, іс-әрекеттің, қайшылықтардың пайда болу себептерін көрсетеді. Оларды шешудің жолдарына бағыт-бағдар береді. Мәселені шешуге, ойлауға, ізденіске түсуге, бірнеше нұсқада салыстырып отыруға жетелеп, жаңаны табуға ұмтылдырады. Оқушыларды бұрын алған білімінен, меңгерген тәсілдерінің арқасында проблемалық оқиғалардың шешімін табудың жолдарын жан-жақты іздестіріп қарастырады.

Олар әңгіменің желісіне қарай сұрақтар қояды, қарама-қайшылықты жете аңғарып, өздеріне дұрыс жоба, өз болжамдарын ұсынады, ғылыми негізде ізденістері іске қосылады. Олардың өнімді, шығармашылық, танымдық әрекеттері біртіндеп артады. Оқытушы проблемалық оқиғаға байланысты ұжымдық, топтық талқылаулар ұйымдастырады, мәтінде кездесетін ой-пікір қайшылықтарын дұрыс түсіндірулеріне жағдай жасап, оны шешудің жолдары мен тәсілдерін меңгеруге ұмтылады.

Проблемалы жағдай тудырып, шығармашылыққа баулу оқушылардың танымдық қабілетін арттырудың бірден-бір жолы екенін көреміз. Оқытудың мұндай

проблемалы түрінде оқушыларда өз бетімен ізденуге ұмтылыс туындайды, өздік жұмыстар орындалады.

Оқушыны шығарма әлеміне енгізу үшін оның идеялық, эстетикалық табиғатын түсінуге бағыттау керек, сонда ғана олар шығарманы өнер туындысы ретінде терең қабылдай алады, әр тақырыпқа байланысты берілетін сұрақ-тапсырмалар оқушыларды шығармашылық пен өзіндік ізденіске ұмтылдырып, мәтінді ой көзімен, бүкіл жан дүниесімен көркемдік табиғатын ашық қабылдауға, нәтижелі жауап, дұрыс шешім білдіруге бағыттайды.

«Проблема» (problema) сөзі ежелгі грек тілінен аударғанда «қиындық», «кедергі» деген ұғымды білдіреді. Демек, проблема – зерттеуге бағытталған, проблемалық жағдаятқа сәйкес туындайтын мәселе.

Проблемалы сұрақ-тапсырмаларды орындауда оқушылар, ең алдымен, проблеманы таба білулері керек. Проблеманы көріп, таба білу оңай емес, ол ұзақ уақытта әр түрлі іс-әрекет арқылы жүзеге асады. Проблеманы анықтауда оқушыларды зерттеу нысанына деген көзқарастарын өзгерте білу, әр түрлі позицияда, жағдайларда қараулары қажет.

Проблеманы көріп-тануда, оны анықтауда, оқушының ойын білдіруде жауап іздеуге, шешімге келуге, ойлануға жетелейтін басты нәрсе сұрақ болып табылады. Сұрақты оқылып отырған мәтінге сәйкес дұрыс қоя білу өте маңызды. Оқушыда әр проблемалы сұраққа жауап іздеуде зерттеушілік қабілеттері дұрыс және бұрыс болып келуін оқытушы толық ескеру керек. Оқушылардың өздері де проблемалы сұрақтар қоя білуге төселу керек.

Сұрақ қоя білу оқытушы үшін өте маңызды болып табылады. Сұрақ – таным үдерісіне талапты оятып, оқушы ойын жауап ізденуге бағыттайтын проблеманы жеткізу формасы. Нақтылайтын сұрақтар, толықтыратын сұрақтар жайында бала түсінігі болуы қажет. Түсінікті анықтау әдісінің көмегімен оқушының ойлау жүйесінің даму барысын анықтауға болады. Сұрақ қоя білу білігін дамытуда әр түрлі жаттығулар орындату оң нәтижелер беруде.

Мәселен, Оралхан Бөкейдің «Бәрі де майдан» повесі бойынша төмендегідей проблемалық тапсырмалар үлгісін ұсынуға болады.

1. Жазушы қоғамның проблемаларын өз образдары арқылы қалай көтерген? 2. Соғысқа қатыспағанымен тылдағы еңбектің ауыртпалығын көтеріп, жеңіске өз үлесін қосқан Ақанның «жүрек жарасы» неде? 3. Ақан өмірінің шындығын жан-жақты ашуда жазушы Құмырай бейнесімен салыстыра суреттеуіне назар аударып талдау. 4. Жауды жалғыз өзі жеңгендей, кеудесіне нан піскен, өзінен-өзі бұлданып жүретін Құмырайдың бүкіл ауылды мезі қылғанын мәтіннен нақты тауып көрсетіңдер. 5. «Соғыс кезіндегі әйелдер тағдыры» атты үлгі кестені Алма естелігі бойынша толтыру. 6. Тыл еңбеккерлерінің тағдыры арқылы соғысқа қарғыс айта отырып, жазушы көтерген проблема адамды ардақтау, оның еңбегін бағалау екеніне көз жеткізу.

Мұнда оқушылар проблеманың шешімін табуда іс-әрекет жасайды, жоспар құрады. Мақсат, міндет белгілейді. Сұраққа сәйкес не білетіндері,

білмейтіндері жайлы ойланады. Оқушыларда проблеманы айқындап, тақырыпты анықтап алған соң оны шешудің ізденісі басталады. Айқындалған проблемаға болжам жасай отырып, шешуге тырысады. Зерттеушілік пен шығармашылық ойлаудың негізі болжам құра білу болып табылады. Болжам – деректі материалдармен сәйкес, зерттеуге бағыттайтын негіздеме. Туындаған қарама-қайшылықты шешіп, өздерінше қорытынды жасауға тырысады. Сынып мүшелерімен бірге ықпалдас-тықта болып пікірлесе біледі.

Жаттығу сабақтарында оқушылар а) өз бетінше ізденіп, проблеманы таниды, зерттеуге ұмтылады, ә) жұптық, топтық жұмыс барысында өздерін үйретуші ретінде сезінеді, өз білімін, біліктілігін танытады, б) ойларын еркін айта білуге дағдыланады, қателесуден қорықпайды, в) айтқан ойларын, болжамын дәлелдеуде нақты мысалдар келтіреді, өз пікірлеріне сеніммен қарайды, өз идеяларын ұсынады.

Оқушыларға берілетін сұрақ-тапсырмалар – қай-қайсысы болмасын, проблемалы жағдаяттың негізгі бөлігі. Мұнда оқытушы берілген мәтіндерге сай проблемалы жағдаят жасайтын жерлерін бөліп көрсетеді, олардың назарын аударады, сұрақтар анық, түсінікті болуы керек. Мәтіннің логикалық құрылымына, мазмұнында қандай идея жатқанына мән беріп, оқушының өзіндік ізденісін, білімдерін жүйелеуге жол ашады. Оқытушы олардың білім деңгейін, болжамын проблема бойынша саралап, т.б. түсінігін жүйелеп, тақырыпқа сәйкес әдебиеттер ұсынады. Нақты ақпараттар бере отырып,

сұрақтар мен тапсырмаларды орындауға бағыт-бағдар көрсетеді. Бұл оқушыларды ізденіске, ой операцияларына жетелеп, өз пікір-тұжырымдарын қорғауға, дәлелдеуге іскерліктерін дамытады.

Проблемалық сұрақтар мен әдеби тапсырмалардың жүйелі түрде берілуі, проблеманы оқушының зерделеп, өздігінен шешуі оларда белгілі бір себеп туғызады.

Оқытудың проблемалық сипатта болуы оқушының ойлау дербестігін, зерттеушілік қабілетін арттырудың бірден-бір жолы болып табылады. Ойлау үдерісі әр түрлі жаңа жағдайларға байланысты өзгеріп отырады. Оқушыларға берілетін проблемалық тапсырмалар, әр түрлі сұрақтар, т.б. оларда ой керенаулығын тудырмайтындай, ықыласы мен ынтасын бәсеңдетпей, таным белсенділігін қалыптастыруға пәрменді ықпал ететіндей болуы қарастырылады. Демек, мұнда проблемалық жағдаят қойылып, нұсқау беріледі. Қарама-қайшы ұғым-түсініктер ұсынылады. Оқушы өз болжамына, идеясына берік сеніммен қарап, өз ұсынысының авторы болып, пікірін қадағалайды, мысалдар арқылы дәлелдейді. Сынып тапсырмаларын, пікірлерін сынайды, шындыққа жетуге ізденеді, кейбір жағдайда автор оқытушы пікірлерімен де келіспейді, жокқа шығарады. Бұл жұмыстар мәтінді талдау, жинақтау, бағалауды жүзеге асыруда, білім деңгейін шығармашылық сатыға жеткізуде ұтымды екенін байқатады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ тілі мен әдебиеті және инновация мәселелері (Халықаралық ғылыми-практикалық

конференция материалдары). А., 2008.

2. Ю.Н.Бабанский. Оқу-тәрбие процесін оптималдандыру. М., 1982.

3. Т.Ақшолоқов. Көркем шығарманы талдау. А., 1998.

4. Оқу-әдістемелік көмекші құрал. А., 2008.



Алмагүл НҰРТАЗАҚЫЗЫ,
№14 жалпы орта
білім беретін
мектептің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы.

ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫЛЫҚТЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚИТУ ҮРДІСІНДЕГІ ТИІМДІЛІГІ

Қазақ тілін оқыту тәрбиімен тікелей байланысты болуы тиіс. Оның мақсаты – қазақ тілін білумен қатар халқымыздың тарихы, мәдениеті және әдебиетімен таныстыру. Мұндай жағдайда қазақ тілін оқыту өзінің тура мәнімен қатар интернационалдық тәрбие құралына қызмет етіп, тіл үйренушілердің жалпы дамуына да жағдай тудырады. Бұл тұста біз қазіргі кезеңдегі білім беру тұжырымдамасын да ескеруіміз

керек. Оның негізгі мақсаты – жан-жақты білімді, өзіндік ой-талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлға қалыптастыру. Бұл мақсат әр оқушының көздеген нысанасы, іс-әрекетінің бағыты болып саналады. Ал тұлғаның қалыптасуына қажетті басты құрал – тіл.

Баспасөз ақпараттарын, зерттеулерді негізге алсақ, бүгінгі оқушыларымыздың тіл сауаттылығы, тіл тазалығы, жалпы тіл мәдениетінің неліктен төмен деңгейде екенін көрсететін бірнеше себептерді келтіруге болады.

1. Қазіргі жастардың көркем әдебиетке деген немқұрайлылығы. Кітап оқымаған адамның сөздік қоры да аз болады. 2. Ата-аналардың тіл мәселесіне жете көңіл аудармауы. 3. Кейбір мұғалімдердің қатаң талап қоя білмеуінде. 4. Оқушы ортасының әсері. 5. Ұлттық тәрбиенің, ұлттық педагогиканың қажетті деңгейде қолданылмауы. 6. Оқушының мемлекеттік тілге деген қызығушылығының оянбауы, патриоттық сезімнің төмендігі.

Оқыту әдістері – оқытушы мен оқушының оқу-тәрбие жұмысының міндеттерін ойдағыдай шешуге бағыттаған іс-әрекеті. Оқу әдісі – оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру, қабілетін дамыту, оларға білім, білік дағдыны меңгерту жолындағы мұғалім мен оқушының өзара бірліктегі атқаратын жұмыстарының тәсілі.

Әр оқушының жеке қабілеті мен ерекшелігін және жаңа ақпараттық қарым-қатынас технологиясын ескере отырып тұжырымдалатын дифференциалды

жақындықты қазақ тілін оқытуда қолдану қазақша сөйлеу дағдысының дамуы мен қалыптасуына елеулі әсер ететін амалдардың бірі болып табылады. Дифференциалды жақындық мынадай шарттар арқылы қазақ тілінің тәрбиелік және дамытушылық қорын айқындай түседі: *оқушы оқу ісінің нысаны емес, субъектісі болғанда, яғни, белсенді бастамашысы, іскері және бақылаушысы; оқушының жасы өскен сайын оларға маңызды деген оқу мақсаты да өздігінен алға жылжып отырғанда; оқушы сабақта мұғаліммен қарым-қатынасқа түскенде; оқулық тапсырмалары адам іскерлігінің әр түрлі аспектілерін үлгілегенде.*

Сонымен қатар дифференциалды жақындықта мыналарды да ескеріп отыру керек: *оқушы жасы; оқытылып жатқан қазақ тілінің деңгейі; тілді оқытудың ынталандыру деңгейі; оқытудың жеке мақсаты* (күнделікті қарым-қатынаста және әр түрлі тақырыптағы пікірталастарда ауызекі сөйлеу тіліне немесе грамматикаға деген талпыныс); *оқу уақыты* (оқушының физикалық жағдайы); *оқушының мінезі мен қызығушылығы.*

Дифференциалды жақындықтың басты мақсаты – оқушының білімге деген іскерлік қарым-қатынасын, оқу еңбегінде жүйелілік пен тұрақтылығын, үздіксіз білім беруді қамтамасыз ететін және белсенділігін қалыптастыру. Дифференциалды жақындықты оқытудағы жаңа әдіс деп айтуға болмайды, сонда да оның қиындық туғызатын тұстары бар. Мысалы, оқушымен жеке және топтық жұмыстарда белгілі бір

сәйкестіктің болмауында. Әр баланың қабілетінің дамуына бағытталған оқушының жеке тұлғалық ерекшеліктерін және осы негіздегі мұғалімнің іскерлігін анықтау да – басты мәселелердің бірі.

Оқушылардың дайындықтарының әр деңгейлігі айтпаса да белгілі. Оқушылардың қабілеттілігі де біркелкі емес: бірі жеңіл қабылдаса, енді біріне ауыр тиеді. Оқушыларды қызығушылық пен икемділікке бейімдеуде қазақ тілін оқытудағы дифференциалды жақындық әдісі тиімді тәсілдердің бірі деп айтуға болады. Мәселен, бір оқушыға қазақ суретшілері туралы мәлімет жинау тапсырылса, енді біреуіне қазақ суретшілері картиналарынан слайд дайындау немесе мәтін құрастыру сияқты әр бағыттағы тапсырмаларды әр баланың қабілетіне қарай бөліп беруге де болады. Сонымен қатар қазақ тілі сабақтарындағы негізгі тілдік қарым-қатынастар, көбінесе, жаттығу жұмыстарын орындаумен, сұрақтарға жауап берумен ғана шектеліп жатты. Ал тілдік қатынас – оқушының айтқаны біреуге арнала мотивтендірілген, жеке тұлғалық түрде болуы керек. Егер оқушы өз ойын, көңіл күйін айтылымда жеткізе алатын болса, тілдік қатынастың, іскерліктің қалыптасуы да көтеріледі. Мұғалім оқушының жас ерекшелігіне шынайы көңіл бөліп отыруы керек. Оқушылар мәселелерді тануға, оларды шешуге, қызықтыратын сұрағына жауап іздеуге, көзқарасын айтуға ұмтылады. Сондықтан қарым-қатынас мотивтерін іздестіру керек. Бұл мәселені екі бағытта дамытуға болады. Бірі – оқулық материалының мазмұнын ашуда тиімді

әдістерді қолдана білу; екіншісі – қарым-қатынасты мотивтендіруге бағытталған тапсырмаларды нақтылау.

Қазақ тілін тәжірибелі меңгерту оқушылардың күші мен ұмтылыстарының зая кетпеуіне мүмкіндік туғызады. Бұл жеке тұлғаның қалыптасуына жол ашады. Оқушылардың еңбектенуге құлшынысы олардың пәнге деген қызығушылығынан, ғылымы мен техникасы жоғары дамыған қоғамда білімді адам үшін қазақ тілінің қажеттілігін сезінуінен байқалады. Сонымен қатар оқушылардың қазақ тілінде газет-журналдар оқуы қазақ тілі білімдерін тәжірибелік мақсатта қолдануларына мүмкіндік береді. Оқушылардың еңбек нәтижесінде еңбектенуге құлшынысына басқа да мынадай маңызды факторлар әсер етеді: *мұғалім қолданатын әдіс-тәсілдер әсерлі де тиімді болған сайын тілді меңгеруде оқушының алға жылжуы басым болады; бұл әдіс-тәсілдер оқытудың техникалық құралдарымен жабдықталған және қазіргі кездегі мектептің талаптарына сай болғанда; сабақ уақытында оқу материалын меңгеруде оқушының белсенділік танытуы; оқытуды ұйымдастыруда оқушының қызығушылығы мен жеке бағыттылық мүмкіндіктері үшін де маңыздылығы.*

Қазақ тілін оқытудағы дифференциалды әдіс оқыту үрдісінің маңызды құрамды бөлігі болып табылады. Бұл әдісте оқушының қабілеті ескерілетіндіктен білім деңгейі жоғары оқушымен да, төмен оқушымен де жеке бағыттылық жұмыс істеу барысындағы қиыншылықтарды азайтып отырады.

Гайһар ТАРКЕШЕВА,
Сәкен Сейфуллин атындағы
№4 орта мектептің мұғалімі.
Қызылорда қаласы.

КӨПШІЛІК АЛДЫНДА СӨЙЛЕНЕТІН СӨЗ

(11-сынып)

Сабақтың мақсаты: а) көпшілік алдына шығып сөйлеуге дағдыланудың жолдары туралы түсінік бере отырып, сабаққа деген қызығушылығын арттыру, негізгі мәселелерге көңіл бөлуге үйрету; ә) сауаттылыққа баулу, алған білімі негізінде шығармашылық қабілетін дамыту, тапсырмалар орындау арқылы білімдерін тиянақтау, әдеби тілде өзіндік ойларын жеткізе білу тілін дамыту; б) оқушылардың бойына әдептілік, инабаттылық, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, әдеби тілде мәдениетті түрде сөйлеуге тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақты игерту. **Әдісі:** түсіндіру, сұрақ-жауап. **Көрнекілігі:** кестелер, интертақта.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру. Оқушылармен амандасу, түгелдеу, оқу құралдарын тексеру, сыныптың тазалығына көңіл бөлу, оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

Жұрт алдында сөйлеуде идеяның тууынан бастап, оның жүзеге асырылуының соңғы нүктесіне дейінгі аралықты қамтитын әрекеттер не деп аталды?

Жұрт алдында сөйлеуге дайындық сатыларының қажеттілігі қанша?

Психологиялық дайындық. Нақты сөзге дайындық. Күнделікті дайындық.

Шешеннің дарыны күнделікті үздіксіз іздену үстінде жүргенде ғана алмастай жарқырап ашыла түседі.

Ол үшін қандай ізденіс әрекеттері болуы қажет?

III. Үй тапсырмасын бекіту.

Риторикалық канондарды жетік білу – шешендікке үйренудің алғашқы қадамы.

Жұрт алдында сөйлеу арнайы дайындықты қажет етеді. Биікке ұмтылған шешен үшін басты шарт – күнделікті дайындық.

Терең білімді, шымыр логиканы, көркем тілді өзара тоғыстыратын өнер – шешендік сөз.

IV. Жаңа сабақты түсіндіру.

«Қол бастау қиын емес,

Шабатын жерден ел табылады.


Ел бастау қиын емес,

Қонатын жерден көл табылады.



Шаршы топта сөз бастаудан қиынды көргем жоқ:

Тауып айтсаң – мереке қылады,

Таппай айтсаң – келеке қылады» деген екен Досбол би. Бұл – ел алдына шығар шешеннің алғашқы лебізінің қаншалықты маңызды болатындығының айғағы.



Көпшілік алдында қысылатын жан қандай қарсы әрекет жасауы керек?



Көпшілік алдында сөйлейтін сөздің құрылымы бірнеше бөліктің бірлігінен тұрады.

С Ө З Қ Ұ Р Ы Л Ы М Ы	1/ Кіріспе сөз – сөз басы:
	<ul style="list-style-type: none"> • Этикеттік сөз орамдары; • Қызықты әңгімелер; • Тосын сұрақтар; • Соңғы жаңалықтар, т.б.
	2/ Негізгі бөлім – ойдың алтын діңгегі:
	<ul style="list-style-type: none"> • Негізгі идеяның жүйелілігі; • Ойдың логикалық нысандары; • Талдаудың логикалық тәсілдері; • Баяндаудың түсіндіру тәсілдері, т.б.
	3/ Қорытынды бөлім – тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні:
	<ul style="list-style-type: none"> • Сөздің тұжырымды түйіні; • Сөздің өтімділігі; • Сөз қысқалығы; • Сөз ширақтығы, т.б.

Жаттығу жұмысын орындау.

Берілген екі мәтіннің кіріспе бөлігіне талдау жаса.

№	Мәтіннің аты	Жетістігі неде?	Кемшілігі неде?
1	Әшімовтің баласы болу оңай емес.		
2	Аппақ күйінде кетті.		

САБАҚТЫ ЕТІСТІК ПЕН САЛТ ЕТІСТІК

(6-сынып)

«Өнер алды – қызыл тіл» деген тақырыпта өтетін әдеби кешке хабарлама жазу.

1. Тақырыбы мен мақсаты.

Қызықты ма?...

2. Кіріспе сөзі.

Көпшілік назарын аудара алды ма?

3. Негізгі бөлім.

Жоспарға сай болды ма?

4. Қорытынды сөз.

Анық па?

5. Ойды жеткізу.

Сөйлеушіге қандай кеңес берер едіңіз?

V. Білімді бекіту:

Көпшілік алдында сөйлеуге дайындық қажет пе?

Көпшілік алдына шығып сөз сөйлеуден тартынудың қандай себептері бар?

Жақсы нәтижелерге жету үшін не істеу керек?

Сөз бастаудың қиындығы жөнінде өз пікірің қандай?

VI. Білімді бағалау: оқушылардың жауаптарына қарай білімдері бағаланады.

VII. Үйге тапсырма: 81-жаттығу, «Полиглоттар туралы» шағын шығарма жазу.

Сабақтың мақсаты: 1) сабақты етістік пен салт етістіктің білдіретін мағынасын оқыту; 2) сабақты етістік пен салт етістікті бір-бірінен ажырату тәсілдерін дамыту; 3) өзіне-өзі есеп бере білуге, өз еңбегіне сыни тұрғыдан қарауға тәрбиелеу, білім-ғылымға құштарлықтарын арттыру.

Типі: аралас сабақ. **Әдіс-тәсілдер:** топтық жұмыс, деңгейлік тапсырма, «Не үйрендім?» атты кесте толтыру. **Құрал-жабдықтар:** үй тапсырмасын тексеруге арналған тест сұрақтары, деңгейлік тапсырмалар, «Ақыл», «Қайрат», «Жүрек» атты үш топқа арналған қаттама қағаз, әр оқушының баға салатын қалталары.

Сабақтың кілт сөзі: Жеті жұрттың тілін біл,
Жеті түрлі ілім біл.

Сабақ барысы.

I кезең.

Ұйымдастыру. Оқушылар үш топқа бөлініп отырады. Абайдың 17-қарасөзінен алынған ғылымға жетелейтін жол – «Ақыл», «Қайрат», «Жүрек» атты үш топ құрылады.

Үй тапсырмасын сұрау. Оқулықтағы (117-бет) сұрақтарға жауап алынады. Үй тапсырмасы тест арқылы қорытылады.

II кезең

Жаңа сабақ.

Сабақтың мақсаты түсіндіріліп, «Нені үйренеміз?» атты жоспар-тезис ілінеді.

1. Сабақты етістік.

2. Табыс септігінің жалғауы жасырын тұрғанда сабақты етістікті табу жолдары.

3. Салт етістік.

4. Салт етістікті сабақты етістікке, сабақты етістікті салт етістікке айналдыру.

Сабақты түсіндіру. Мына етістіктердің алдына қажетті сөзді тіркестіреміз: *айт, оқытар, мақтайды, орында, білді.*

Мысалдарды қарай отырып оқушылар ережені өздері шығарады.

Айт, оқы, жаз. Табыс септігі жасырын да келеді. *Әңгіме айтты – әңгімені бала айтты, сабақ оқы – сабақты сен оқы, хат жазар – хатты ол жазар.* Салт етістікке: *жүр, қайт, келді.*

Оқулықпен жұмыс. Тақтадағы жоспар-тезисті басшылыққа ала отырып, ережені қарындашпен белгілеп оқу және түсінгендерін айтқызу (теория бекіту).

Жаңа сабақты пысықтау. 233-жаттығу (жазбаша), 234-жаттығу (ауызша).

III кезең.

Деңгейлік тапсырмалар.

I деңгей.

1. Төмендегі мақалдардан етістікті тап. Сабақты етістіктің астын түзу сызықпен, салт етістіктің астын ирек сызықпен сыз.

Талапты ерге нұр жауар.

Оқу инемен құдық қазғандай.

Дихан жерін мақтайды, Ұстаз шәкіртің мақтайды.

2. 236-жаттығу. «Адамгершілік – кісіліктің белгісі» тақырыбында ойтолғау.

3. Төмендегі сабақты етістікті салт етістікте, салт етістікті сабақты етістікке айналдыр.

Салт	Сабақты	Сабақты	Салт
Шам сөнді.		Әңгіме айтты.	
Ол кетті.		Хат жазды.	
Бала өкпеледі.		Кітапты оқыды.	
Гүл өседі.		Үйді жинады.	

II деңгей.

1. Көп нүктенің орынына тиісті жалғауларды жалғап, етістіктің түрін анықта (сабақты, салт). Жақшаға жаз.

Жігіт қадірі өнері ... өлиенеді. (...)

Су ... шым тоқтатар, Сөз ... шын тоқтатар. (...)

Жаманға сырың ... айтпа. Сырыңды айтсаң да, шының ... айтпа. (...)

2. Мәтіннен салт етістіктерді бір бөлек, сабақты етістіктерді бір бөлек теріп жаз.

Наурыз қыз

Күннің Наурыз деген кішкене қызы болатын. Ол жерді жақсы көруші еді. Мәңгі мұз басқан жерді жайнатып, гүлдендірсем деп ылғи ойлайтын. Бір күні Наурыз қыз тәуекел деп жолға шықты. Боран долданды, қаһарланып қатты ашуланды. Қалайда қаршадай қызды көздеген жеріне жеткізбеуге тырысты.

Сабақты етістік:

.....
.....

Салт етістік:

.....
.....
.....

3. *Жазылды* сөзін құрамына қарай талда.

III деңгей.

Абайдың 17-қарасөзіндегі «Ақыл», «Қайрат», «Жүрек» туралы өз пікіріңді жаз.

Ғылымға апарар жол – осы үш қасиеттің бірлігі сенің бойыңда бар ма?

Жазған сөйлемдеріңнен сабақты етістікті тап.

(Үстіне белгіле).

.....
.....
.....

Сабақты қорытындылау.

Әр оқушының, әр топтың қалталарына жинаған бағаларын есептеп, «Ең білімді оқушы» мен «Ең жүйрік топты» анықтап, сыйлық беру.

Үйге тапсырма: 237-жаттығу.

Дилбирим МИЧИТОВА,
«Долайты» орта
мектебінің мұғалімі.
Алматы облысы,
Ұйғыр ауданы,
«Долайты» ауылы.

ҚОС СӨЗДІҢ ТҮРЛЕРІ. ҚАЙТАЛАМА ҚОС СӨЗ

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: а) **білімділік** – оқушыларға қос сөз, оның түрлері, қайталама қос сөздер жайлы толық мәлімет бере отырып, олардың ой-пікірін қалыптастыру; ә) **дамытушылық** – ой-өрісін, ойлау белсенділігін, сөйлеу шеберлігін, тіл мәдениетін дамыту, сөздік қорын молайту; б) **тәрбиелік** – елін, жерін, Отанын қадірлеуге, адамгершілікке, адалдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Типі: жаңа білімді меңгерту. **Түрі:** қалыпты сабақ. **Әдісі:** түсіндіру, суреттеу, салыстыру, сұрақ-жауап, тест, талдау. **Көрнекілігі:** интербелсенді тақта, кестелер, кеспе қағаздары, тірек сызбалар, Абай Құнанбайұлы кітаптары. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру. Сәлемдесу. Кезекші мәлімдемесі. Жаңа сабаққа дайындық.

II. Үй тапсырмасын сұрау. Біріккен сөздер, мысал келтір. Кіріккен сөздер. Жаттығу жұмысының орындалу барысын дәптерлерінен тексеру.

III. Білім тексеру.

Тест (ауызша).

1. Қандай сөздер кіріккен сөздерге жатады?

- А) Темірқазық, Сарысу; Ә) биыл, жаздыгүні;
Б) ГАЗ-51, ТУ-154; В) бозторғай, қараторы;
Г) үлкен-кіші, аяқ-табақ.

2. Қос сөзді тап:

- А) жетідей; Ә) бесеу;
Б) екі-үш; В) үш-ақ;
Г) төрт шақты.

3. Кіріккен сөздердің құрамындағы сөздер қандай өзгеріске ұшырайды?

- А) Мағынасы толық сақталады;
Ә) Дыбыстық өзгеріске ұшырайды;
Б) Сөз мағынасы кеңейеді;
В) Сөздер қысқарады;
Г) Ешқандай өзгеріске ұшырамай, бір ұғымды білдіреді.

4. Бірге жазылатын сөздерді көрсет:

- А) күні бойы ,әдемі қыз;
Ә) жылы су, жарқын болашақ;
Б) Талды қорған, сабақ кестесі;
В) сынып бұрышы, кәсіп орын;
Г) ит мұрын, түйе табан.

5. Біріккен сөздердің емлесін тап:

- А) Әрқашан бірге жазылады;
Ә) Қосымша арқылы жазылады;
Б) Сызықша арқылы жазылады;
В) Үлкен әріппен жазылады;
Г) Тіркесіп жазылады.

Қызығушылықты ояту.

Таңмен көзін ашады, Әлемге нұр шашады (Күн).

Күн шуақтары сияқты бізден де жылылық, мейірімділік тарайды.

IV. Жаңа сабақ.

1. Тірек-сызба арқылы жаңа тақырыпты түсіндіру.

Сөздердің қосарланып немесе қайталанып айтылуынан жасалған сөздерді қос сөз деп атайды. Мысалы: *Жан-жануар, адамзат анталаса, Ата-анадай елжірер күннің көзі* (Абай).

Қос сөз екі түрлі болады: қайталама қос сөз және қосарлама қос сөз.

Бір түбірдің екі рет қайталануынан жасалған қос сөз қайталама қос сөз деп аталады.	
Қосымшасыз және қосымшалы түбірдің түгелдей қайталануы:	Тау-тау астық, үйдей-үйдей боп жатыр, алпамсадай-алпамсадай жігіттер.
Бір сыңары қосымшалы, бір сыңары қосымшасыз бір түбірдің қайталануы:	Көзбе-көз айтты, жүзбе-жүз көрісті, өз-өзінен қысылды.
Бір түбірдің әр түрлі қосымша жалғанып қайталануы:	Өзді-өзіне айтты, ерні-ерніне жұкпады, орынды-орынсыз күлме.
Екінші сыңары бірінші сыңарына еліктеу мәнінде келу:	Ет-мет, шай-пай, түйе-мүйе, ат-мат.
Түбір сөздің алдынан күшейткіш буын қосылып айтылуы:	Үп-үлкен, қып-қызыл.

Оқулықпен жұмыс. 88-жаттығу. 90-жаттығу. Қос сөздерді қатыстырып сөйлем құрау.

Жұмбақтар шешу, қос сөздерді анықтау.

1. *Бір көлде он екіден қаз ойнайды,
Алсам деп бірін-бірі наз ойнайды.*

*Келгенде жақындасып, қожасандасып,
Бір-бірін алмасына еш қоймайды.*

2. Көк көйлекті жеңешем

Көлбең-көлбең етеді,

Жер түбіне жетеді.

Жаңа сабақты меңгерту барысында “Кім жылдам?” ойынын пайдалану (үш оқушыны тақтаға шығарып жарыстыру):

тіп-тік	жалт-жұлт	тәп-тәуір
қап-	сарт -	-сары
сүп-	тарс-	-шикі
қып-	сатыр-	-қысқа

Талдау жұмыстары:

Жолға шықсам, көлігім,

Жапанда жүрсем, серігім.

Қамбарата өсірген,

Құлыным менің, қайдасың?

«Құрау-құрау» сөзі неге айтылады?

Жар-жар – қазақ халқының тұрмыс-салт жырларының ежелден келе жатқан жанрлық түрінің бірі. Ол қыздың ұзатылатын тойы аяқталып, аттанар алдында орындалады. Күйеу бастаған жігіттер жағы атқа мініп келіп, отау үйдің сыртынан жабықты түріп өлең бастайды.

Жігіттер:

- Алып келген базардан қара насар, жар-жар-ау,
Қара мақпал сәукеле шашың басар, жар-жар-ау,
Мұнда әкем қалды деп қам жеменіз, жар-жар-ау,
Жақсы болсаң, қайын атаң орын басар, жар-жар-ау.

Қыздар:

- Есік алды қара су майдан болсын, жар-жар-ау,
Ақ жүзімді көрерлік айнама болсын, жар-жар-ау,
«Қайын атасы бар» дейді осы қазақ, жар-жар-ау,
Айналайын әкемдей қайдан болсын, жар-жар-ау.

V. Сабақты бекіту.

Семантикалық картамен жұмыс.

Түрлері	Түбір немесе қосымшалы сөздердің қайталануы	Бір сыңары қосымшалы, бір сыңары қосымшасыз қайталануы	Әр түрлі қосымша жалғанып қайталануы	М, п дыбыстары жалғанып қайталануы	Бір дыбысы өзгеріп қайталануы
Мысалдар					
Ет-мет					
Жалт-жұлт					
Тарс-тұрс					
Алуан-алуан					
Аз-аздап					
Жарқ-жүрк					
Түйе-мүйе					
Бірде-бір					
Тектен-текке					
Бетпе-бет					

VI. Сабақты қорыту. Ұнтаспадан Абай өлеңдерін тыңдата отырып, қос сөздерді атап өту.

VII. Оқушыларды бағалау.

Мейрамкүл АЙТБЕКОВА,
Мәншүк Мәметова атындағы
гуманитарлық колледжінің
оқытушысы.
Қызылорда қаласы.

СӨЙЛЕМНІҢ ТҰРЛАУСЫЗ МҮШЕЛЕРІ

Сабақтың мақсаты: білімділік – қазақ тіліндегі сөйлем, сөйлем құрушы компонент – сөйлем мүшелері туралы алған білімдерін кеңейте отырып, тұрлаусыз мүшелердің жекелік және жалпылық қызметі туралы білім беру; **тәрбиелік** – оқушыларды бірін-бірі тыңдап сыйлай білуге, берілген тапсырмалар мен жаттығулар арқылы адамгершілікке, сыйластыққа, отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу; **дамытушылық** – сөйлем мүшелерінің байланысу тәсілі мен түрлеріне байланысты іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру, жүйелі сөйлеу арқылы тіл мәдениетін дамыту, ақпараттық материалдар арқылы білімдерін толықтыру; **кәсібилік** – болашақ мамандықтарына сәйкес тәжірибеде сөйлем мүшелері компоненттерін тиімділікпен оқыта білуін, өз ойын жүйелі жеткізе білуін дамытып, сабақ барысында әдіс-тәсілді тиімді қолдана білуге үйрету.

Күтілетін нәтижелер: базалық – синтаксис, оның зерттеу нысаны туралы білім қалыптасады, сөйлем мүшелерінің (тұрлаулы, тұрлаусыз) өзіндік атқаратын

қызметі, өзара байланысы жөнінде білік, дағдылары қалыптасады; **кәсіптік** – мектеп бағдарламасына сәйкес сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері туралы жалпы мәлімет береді, тұрлаусыз мүшелердің байланысу тәсілі мен түрлері жайында жетік меңгеруге көмек береді.

Типі: алған білімді бекіту. **Түрі:** практикалық. **Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті, логика, информатика, тарих.

Сабақтың барысы.

I. Кіріспе.

Ұйымдастыру. Бағалау парағы таратылады.

Сабақтың мақсат-міндетін қою.

Сабақтың құрылымымен таныстыру: «Білім биржасы» (үй тапсырмасын жүйелеп бекіту); шығармашылық ізденіс (зертханалық жұмыс); шығармашылық кездесу (жаттығу жұмысы, деңгейлік тапсырмалар).

4. Сабақты қорытындылау.

II. Сабаққа кіріспе.

«Қызығушылықты ояту».

«Білім биржасы» сұрақтары. Сұрақтар интерактивті тақтадан көрсетіліп, ұпайлық жүйемен бағаланады. Алдыңғы сабақта өтілген «Тұрлаулы мүшелер» тақырыбын қайталай отырып, бүгінгі өтілетін жаңа сабақпен байланыстыру.

«Шығармашылық ізденіс». Тақырыпқа байланысты оқушылардың ғылыми шығармашылық-зерттеу жұмыстарымен танысу:

Анапияева Салтанаттың «Табыс септігінің ашық және жасырын келуі» тақырыбындағы зерттеу

жұмысы (слайд);

Әлиева Назеркенің «Ілік септігінің ашық және жасырын келіп сөйлем мүшесі қызметін атқаруы» ізденушілік жұмысы (слайд);

Зинулла Нұргүлдің «Толықтауыш, оның сөйлемдегі атқаратын қызметі» тақырыбындағы ізденушілік жұмысы.

III. Практикалық, теориялық тапсырмалар.

«Шығармашылық кездесу». Сөйлем мүшелеріне қарай талдау, ілік және барыс септіктерінің ашық және жасырын келгендегі қызметі, сөздерді байланысу тәсілдері мен түрлеріне талдау.

2. Оқулықпен, дәптермен жұмыс.

Ғ.Қалиев, Н.Оралбаева. Қазіргі қазақ тілі (жаттығулар жинағы). А., 1997.

317-жаттығу.

IV. Сергіту сәті: «Поэзия, менімен егіз бе едің?» Мұқағали Мақатаевтың туған күніне байланысты бір-екі өлеңін оқу.

V. Жаңа сабақты бекіту.

Деңгейлік тапсырмалар:

I деңгей. Сөйлем мүшелеріне талдаңыз, байланыс тәсілі мен түріне қарай анықтаңыз.

1. *Адам баласының бәрі – дос.*

2. *«Бәйгеге қостым тұлпар» деп*

Ұқсап жүрме жабыға.

3. *Тәжірибелі Көкбай Абайдың жүзінен сенімді байлау тапты.*

4. *Қартқожя әкесінің балаша еңіреп жылағанын екі көрді.*

5. *Бұл өлкеде мал қыста да қолға қарамайды.*

6. *Осы кезде Бөкенші асуының жотасынан бері қарай шапшаң құлдилап келе жатқан қалың шоғыр көрінді.*

II деңгей. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелеріне байланысты бекіту.

1. Толықтауыш жасайтын сөз таптары, мысалмен дәлелде. 2. Толықтауыштың құрамына қарай түрлері, үйірлі толықтауыш пен күрделі толықтауыштың белгілері. 3. Анықтауыш қызметін атқаратын зат есімнің ілік септігінің ашық және жасырын келуі. 4. Қабыса және матаса байланысқан анықтауыштар, мысалмен дәлелде. 5. Пысықтауыштың мағынасына қарай түрлері.

III деңгей. Тест тапсырмалары.

1. Сөйлемдер құрамына қарай неше топқа бөлінеді?

А) 3; Ә) 4;

Б) 5; В) 6.

2. Сөйлемде бастауыштың болу-болмауына қарай жай сөйлем қандай топтарға бөлінеді?

А) Жақты, жақсыз;

Ә) Жалаң, жайылма;

Б) Толымды, толымсыз;

В) Үйірлі, күрделі.

3. Жақсыз сөйлемді табыңыз.

А) Бұлар отырған қыстау маңы әр көктем сайын құс базарына айналып кетеді;

Ә) Қамал қақпасының кіре берісінде қарулы күзет тұр;

Б) Жақсы үйге, жақсы орынға жатқым келеді;

В) Абай Дәркембайдың жайын танып отыр.

4. Сөйлемдегі бастауыш болатын сөзді тап.

Бүгін Сәния ерте оянды.

- А) ерте;
- Ә) оянды;
- Б) Сәния;
- В) бүгін.

5. Сөйлемдегі баяндауыш болатын сөзді тап.

Оқушылар есепті тез шығарды.

- А) есепті;
- Ә) оқушылар;
- Б) тез;
- В) шығарды.

6. Хабарлы, жақты, толымды, жайылма болатын сөйлемді табыңыз.

- А) Құстар қайтып келе жатыр;
- Ә) Шегебай ауласы даң-дұң шуға толып кетті;
- Б) Ержанның мұртын балта шаппайды;
- В) Сабақтан кешігуге болмайды.

7. Баяндауыштың негізгі белгісі:

- А) Іс-оқиғаның, сапа-белгінің иесін білдіреді;
- Ә) Бастауышпен жақ жағынан, шақ жағынан

жекеше немесе көпше түрде қиыса байланысады;

- Б) Сөйлемді тиянақтап тұрады;
- В) Заттық мағынада болады.

8. Меңгеруді табыңыз:

- А) Сенің өмірің;
- Ә) Қалтасынан алды;
- Б) Үлкен шкаф;
- В) Мидай дала;
- Г) Жылатып тастау.

9. Қиыса байланысқан тіркес қайсысы?

Дәмеш кемпір сол қолына ұстаған үлкен шортанды отырғандарға мақтана көрсетті.

- А) сол қолына;
- Ә) шортанды көрсетті;
- Б) мақтана көрсетті;
- В) отырғандарға көрсетті;
- Г) Дәмеш кемпір көрсетті.

10. Матаса байланысқан тіркес қайсысы?

Қалау ағасының қатты бұзылған түрін таныса да, оған айылын жимай күліп жатыр.

- А) Қалау таныса да;
- Ә) Ағасының түрін;
- Б) Қатты бұзылған;
- В) Бұзылған түрін;
- Г) Айылын жимай күліп жатыр.

Интерактивті тақтада берілген сұрақтар арқылы белсенділігі төмен оқушы қалаған тақырыбының сұрағын тандап, жауап береді.

«ДЖИГСО» әдісі бойынша оқушылардың бүгінгі сабақтан алған білімін бекітеді.

VI. Бағалау. Жұмыс дәптері бойынша бағалау. Бағалау парағы бойынша қорытынды бағаларын шығару.

VII. Қорытынды. «Кері байланыс» парағын тарату.

VIII. Үй тапсырмасы. Әр сөз табынан болған тұрлаусыз мүшелерге 20 мысал жазу. «Тектіліктен – ізгілікке» тақырыбына ойтолғау жазу.

Назгүл ЖОЛДАСБАЕВА,
Ақтөбе облысының
Темір ауданындағы
«Құмсай» негізгі мектебінің
мұғалімі.

ЖҮСІПБЕКТИҢ «ӘНШІ» ӘНГІМЕСІ

Сабақтың мақсаты: білімділік – «Әнші» әңгімесін оқыту, мазмұнына талдау, жоспар құру, Семей қаласының тарихын таныту. ХХ ғ. қазақ өнерінің даму тарихы туралы білімін кеңейту; **дамытушылық** – өздігінен ізденуге, шығарманы талдай білуге үйрету, оқу дағдыларын жетілдіру, жеке тұлғаның ой-қабілетіне әсер ете отырып, өз ойларын еркін білдіруге дағдыландыру, өзіндік көзқарасын қалыптастыру; **тәрбиелік** – Әмірқан бейнесі арқылы өнерді тануға, бағалауға, сүйе білуге, адалдыққа, азаматтыққа тәрбиелеу.

Түрі: дәстүрлі сабақ. **Типі:** жаңа білім мазмұнын игерту сабағы. **Оқыту технологиясы:** дамыта оқыту. **Әдіс-тәсілі:** баяндау, іздендіру, сұрақ-жауап, әңгімелеу. **Пәнаралық байланыс:** тарих. **Көрнекілік:** Жүсіпбек Аймауытұлы және Әміре Қашаубаевтың суреттері, Семей қаласының суреттері, слайд.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру.

II. Үй тапсырмасы:

а) Жүсіпбек Аймауытұлы өмірі.

1. Қай жылы, қай өңірде дүниеге келді? (1889ж. Павлодар облысы, Баянауыл ауданы). 2. Әкесі кім, қандай адам болған? (Аймауыт момын шаруа адамы болған). 3. Павлодарда қандай мектепте оқыған? (орыс-қазақ). 4. Қандай газеттердің редакциясында қызмет атқарды? («Қазақ тілі», «Ақжол»). 5. Қандай романдарын білесіздер? («Қартқожа», «Ақбілек»). 6. Қандай повесін білесіздер? («Күнекейдің жазығы»). 7. Тағы қандай кәсіппен айналысқан? (ағаш шебері, темір ұста, домбыра жасау). 8. Жүсіпбек Аймауытұлы кім? (ақын, прозаик, драматург, әнші, ғалым, психолог). 9. Жүсіпбектің бауырларын ата (Ахмет, Жақыпбек). 10. Ақын қай жылы дүниеден өтеді? (1929 жылы қамауға алынады, 1931 жылы атылады).

ә) Жүсіпбек Аймауытовтың тұлғасын сызба арқылы ашу.

Жүсіпбек Аймауытұлы кім?	Дәлелдеме
Ақын	Өлеңдер жазған.
Әнші	Ән де айтқан.
Прозаик	Роман, повестері бар.
Психолог	«Ақбілек», «Қартқожа» романдарында Ақбілек пен Қартқожаның ішкі монологін суреттейді.

III. Жаңа сабақ. Кіріспе. – Балалар, біз Жүсіпбек Аймауытұлы өмірімен таныстық, ал бүгінгі сабағымызда «Әнші» әңгімесі мен Әміре Қашаубаев әлемінің сырына қанығамыз.

IV. Жаңа сабақты түсіндіру.

1. Әңгіме неге «Әнші» деп аталған? Әміре әнші болғандықтан әңгіменің тақырыбы «Әнші» деп алынған.

2. Кейіпкері кім? «Әнші» әңгімесінің негізгі кейіпкерлерінің прототипі – қазақтың біртуар, арқалы әншісі, Парижде өткен бүкіл әлемдік этнографиялық концертте дүйім жұртты таңдай қақтырып, тамсандырған ұлы әншіміз Әміре. Ол – Арқаның өнер тарландары Біржан, Ақан, Жарылғапберді сияқты дарабоз әншілерінің үздік дәстүрлерін жалғастырушы шәкірті, ән дүлдүлі.

Әңгіменің басты кейіпкері Әмірқан – аруақты да иықты әнші. Ол дүбір естілгенде ойнақшып тұра алмайтын шынайы жүйріктей. «Топ көргенде... аруақтанып көтеріліп кетеді екен». Ойын-тойда да, сахнада да ол өзін еркін ұстайды.

3. Әміре Қашаубаев кім болған? Әміре Қашаубаев – атақты әнші, актер әрі музыкант, қазақ әндерін Парижде өткен сән көрмесінде орындап, күміс медальға ие болған. Әміре Қашаубаев – қазақтың атақты әншісі. Туған жері – Шығыс Қазақстан облысының Абыралы ауданына қарасты Дегелең тауының алабы. Кедей шаруа отбасында туып өскен. Жастайынан әнші өнерпаздығымен жұрт ауызына ілініп, ел аралап ән салып, көптеген әншілермен танысып, өнерін одан әрі шыңдай түседі.

4. Семей қаласы туралы.

Әңгіме Семей қаласын суреттеуден басталады. Семей ол кезде Қазақстанның ең ірі мәдени-рухани орталығы еді. Қазақтың оқыған зиялылары да осында. Білім, өнер қуған жастар да, ершік арқасына

батқан қазақтың еңбек адамдары да – осында. Семейден көптеген ақын-жазушыларымыз шыққан. Семей – көңілді қала. Ойын-сауық, думансыз бірде-бір кеш өтпейтін-ді. Жазушы Семейдің сол кездегі тіршілік-қарекетін былайша суреттейді: «Жеті Шатыр (Семипалатинск) – жақсы қала... жазы-қысы – қымыз, ойын-сауық. Айт, той, құдалық, ат жарыс, күрес... үй қыдырған көлең-көлең ақ жаулық. Жаз шықса пароход, паром, желқайық, жасыл арал, қалың орман... көкке шыққан, масайраған шат көңіл, сырнай-керней, қызық думан... қайткенде де сергек қала». Сол ойын-тойларда қазақ, орыс, татар халықтарының ән-билері жарыса жүреді.

Жүсіпбек осы бір шағын әңгімесінде Әмірқан образы арқылы әйгілі әнші Әміренің жеке-дара биік әншілік өнерін, азаматтық тұлғасын тамаша бейнелеген, шынайы өмірге табындырған. Ұлы әншіге бір тамаша ескерткіш орнатып кеткендей.

Әңгімеден Жүсіпбектің үздік сөз шебері екенін, сөз меруерттерін эстетикалық мұратына жарата білген суреткер екенін байқау қиын емес. Ол прозада да ақынша сөйлеп кетеді. Жазушы жүйрік әншімен жарыса сөз маржанын төгеді. Шығармада ән өнері мен сөз өнері бәсекеге түскендей. Әміре – әнге жүйрік, Жүсіпбек – сөзге жүйрік. Екеуі жарыса тіл қатқандай.

Жазушы үлкенді-кішілі қай шығармасында болмасын өз биігінен көрінеді. Жазушының осы шағын әңгімесінен де мұны қапысыз танысақ керек.

1-тапсырма. Әңгімені үш қатарға бөліп беремін, әр қатар өзіне берілген бөлімді оқып, мазмұнын

айтып талдайды.

1-топ. Әншімен алғаш танысу.

2-топ. Наурыздағы ойын-сауық.

3-топ. Әншінің үйінде.

1. Әншімен алғаш танысу:

а/ Жетішатыр бейнесі;

ә/ Қымызхана;

б/ Әмірқан келді.

2. Наурыздағы ойын-сауық:

а/ Жастар бірігіп ойын дайындады;

ә/ Ортаға Әмірқан келді;

б/ Қайта шақырып, қайта ән салды.

3. Әмірқанның үйінде:

а/ Үйіне қонаққа шақырды;

ә/ Үйінің көрінісі, қонақжайлығы;

б/ Ақтамақ оқиғасы;

в/ Әмірін өнері құтқарды.

Мазмұндық жоспар

1. Әңгіме қалай басталады? (Жетішатыр – жақсы қала. Қаптап жатқан қазақ. Жазы-қысы – қымыз, ойын-сауық – «кататься». Айт, той, құдалық, ат жарыс, күрес. Үй қыдырған көлең-көлең ақ жаулық. Жаз шықса пароход, паром, желқайық, жасыл арал, қалың орман... көкке шыққан...);

2. Әмірқанның бойында қандай қасиеттер бар? (Әнге берілгендігі соншалық, басқа шаруаға олақ. Қолынан түк келмейді. «Аштан өлемін-ау, көштен қалам-ау, ертең не күн көрем-ау» деген уайым ойына да келмейді);

3. Әмірқан әншілік өнерді кімдерден үйренді? (Ең бірінші әкесінен үйренеді, әкесі өлген соң Жұмабек

деген әнші кісіден үйренеді).

2-тапсырма. Шығарма тілінің көркемдік ерекшелігіне талдау.

Әңгіменің композициясы:

• **Басталуы:** Жетішатыр қаласын суреттеуі;

• **Дамуы:** Наурыздағы ойын-сауық, Әмірқанның ең алғаш көрермендер алдына шығуы;

• **Шиеленісуі:** Үйіне қонаққа шақыруы, жарымен таныстыруы;

• **Шарықтау шегі:** Ақтамақты алып қашуы, ұрыларға ұсталуы;

• **Шешімі:** Әмірін өнері құтқарып қалуы.

V. Сабақты бекіту. «Әңгіме кестесін» құру.

Тақырыбы: «Әнші» әңгімесі.

Авторы: Жүсіпбек Аймауытұлы.

Кейіпкерлері: Басты кейіпкер – Әмірқан.

Негізгі идеясы: Өнерді сүйеге, қадірлеуге үйрету.

Қай кезеңді суреттейді? 1905 жыл.

Немен аяқталды? Әмірқан басынан өткен оқиғасын баяндаумен аяқталады.

Не үйретті?

VI. Сабақты қорытындылау. – Балалар, біз бүгінгі сабағымызда «Әнші» әңгімесімен таныстық, сіздер не үйрендіңіздер?

Білемін	Білмеймін	Мен үшін жана	Сұрақ туындады

VII. Үйге тапсырма. Әңгімені толық оқып шығып, мазмұнын айту.

Бақытгүл МҮСИЕВА,
Юрий Гагарин атындағы
орта мектептің мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Тарбағатай ауданы,
«Қарғыба» ауылы.

ОРАЛХАН БӨКЕЙ. «ТОРТАЙ МІНГЕН АҚБОЗ АТ...»

Сабақтың мақсаты: 1) оқушылар әңгіменің жалпы мазмұнын меңгереді; 2) әңгімені оқи отырып, қиялын және белсенді оқу дағдысын дамытады; 3) адал дос бола алатын рухы жоғары азамат болуға тәрбиеленеді.

Түрі: жаңа сабақты меңгерту. **Әдіс-тәсілі:** «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы. **Қолданылатын материал:** мәтін, Оралхан Бөкейдің суреті, кітаптары.


Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру.

Жаңа сабақ.

I. Қызығушылықты ояту. Оқушыларды топқа бөлу.

Топтастыру стратегиясы:



Терминдер арқылы болжау стратегиясы:


Жетімдік, жалғыз, қатыгез сөздері туралы ойланыңдар. Осы сөздермен қандай әңгіме құрай алар едіңдер? Өз идеяларыңды ортаға сала отырып, бірлесе әңгіме жазып шығыңдар. Содан соң біреулерің сол әңгімені айтып бересіңдер. 5 минут уақыт беріледі.

Құраған әңгімелерін оқу.

Бір жетім бала жалғыз өзі өмір сүріп жатыпты. Оның өмірден түңілгені сонша, айналасындағы адамдардың барлығы қатыгез болып көрінетін. Сол жетімдігінен, жалғыздығынан өмірден көп теперіш көріпті.

II. Мағынаны ажырату.

Оқушылар алты адамнан топқа бөлініп, мәнімен таныстырылады. Әр оқушының кеудесіне:



Мұғалім оқушыға сабақ барысында қандай жұмыс атқару керектігін түсіндіреді.

1-оқушы: Баяндап беруші – жүйелі мазмұндау, өз ойына сүйене отырып, осы оқиғаның мазмұнын дайындау.

2-оқушы: Зерттеуші – басты кейіпкердің мінезін жан-жақты сипаттау.

3-оқушы: Сұрақтар құрастырушы негізгі оқиғаларды қамти отырып, әңгіменің жалпы мазмұны бойынша сұрақтар дайындайды.

4-оқушы: Сілтемелер табушы қанатты сөздер, мақал-мәтелдерді табады.

5-оқушы: Суретші оқиға желісі бойынша сурет салады.

6-оқушы: Дәнекер – негізгі идеяларды немесе оқиғаларды бүгінгі өмірмен байланыстыру.

– Біз бүгінгі сабағымызда Оралхан Бөкейдің «Тортай мінген ақбоз ат...» әңгімесін оқып талдамақшымыз. Қалай ойлайсындар, әңгіме неге «Тортай мінген ақбоз ат...» деп аталған?

1. Тортайдың ақбоз аты болған;
2. Ақбоз аттың тарихы туралы шығар;
3. Ақбоз ат бәйгеде болған.

Әңгіме бірнеше үзіліспен оқылады. Мен тоқтағанға дейін оқимыз. Содан соң оқыған бөлім бойынша талқылау жасаймыз және сұрақтарға жауап береміз. Сонымен бірінші үзіндіні оқимыз.

1-үзінді. Бір күні мен Тортайды көп іздеп, әрең таптым.

/Осы жерден бірінші үзінді аяқталады/.

Сұрақ:

1. Әңгіме нешінші жақтан баяндалған?
2. Тортай қайда кетті, оны қайдан іздеп тапты деп ойлайсындар?

/Оқушылар жауаптарын дәптерлеріне жазады, бірнеше балаға оқыту/.

2-үзінді. Әлде тоңазығаннан, әлде қорқыныштан, Тортайдың бауырына тығыла түсемін.

/Осы жерден екінші үзінді аяқталады/.

- Сонымен, Тортайдың қайда кеткені туралы ойларың кімде сәйкес, кімде сәйкес келген жоқ?

/Оқымаған оқушыларға оқыту/.

«Алматыға аттанар едім. Шынымды айтайыншы, кітап жазып жазушы болғым келеді» деген арманына жете ме, қалай ойлайсындар?

/Дәптерлеріне жазады/.

3-үзінді.

- Онда мен өз ақбоз атымды саған сыйға тартамын.

/Осы жерден үшінші үзінді аяқталады/.

«Кітап жазып, жазушы болғым келеді» деген арманына жете ме?» деген сұраққа кімнің жазған жауабы сәйкес, кімде сәйкес емес.

- Ол кез соғыстан кейінгі қиын заман, қаражат керек қой.

- Ораш сияқты әке-шешесі де жоқ, кім көмектеседі?

Ол қалаға кетіп, жетімдер үйіне барса, мүмкін арманына жетер еді.

4-үзінді.

«Содан бері көп жылдар өтті» деген сөйлемнен бастап аяғына дейін оқылады.

- Ақбоз ат – шын мәніндегі Тортайдың астына мінетін аты ма екен?

- Тортайдың арман-қиялы.

- Міне, біз әңгіменің жалпы мазмұнымен таныстық. Енді әңгімені талдауға кірісейік. Міндеттері бөлінген оқушылар жазғандарын оқиды немесе ауызша әңгімелеп айтып береді.

1. Баяндап беруші:	Әңгіме Салықсалған ауылының шілде айындағы табиғат көрінісінен басталады. Соғыс жылынан кейінгі колхоз тіршілігі суреттелген. Сол ауылда әңгімешіл Тортай деген жетім баланың өмірі, арманы, қиялы, оқуға деген ынтасы, оны өзіне жақып тартып жүретін Ораштың адал достығы туралы айтылады.
2. Зерттеуші:	Тортай жетім бала болса да, арманы асқақ. «Бар жақсы – тек кітапта» деп ұғады. – <i>Жалғыздығың, жетімдігің – бәрі ұмытылып, басқа бір жұмақты өмірге сапар шеккендей боламын. Кітап жазып, жазушы болғым келеді</i> , – дейді. Оның ойдан ертегі құрауы, әңгімені тамылжытып айтуы кітапты көп оқығаннан болар. Ораш – автордың өзі.
3. Сұрақтар құрастырушы:	1-топ. Ораш Тортайдан неге ұялды? 2-топ. Тортайды ауылға оқуға алып кетуге шамам келмейді,– дейді. Неге?
4. Сілтемелер табушы:	<i>Қой ауызынан шөп алмас. Құлағының мүкісі бар. Ит басына іркіт төгіліп. Қыздың жиган жүгіндей. Тақымы қотыр тайға тимеді. Ой-етек алақандағыдай.</i> <i>«Ораза-намаз – тоқтықта».</i> <i>«Тоқ бала аш баламен ойнамайды».</i>
5. Суретші:	Алтай тауы, Бұқтырма өзенінің суретін салған.
6. Дәнекер:	Тортай әке-шешесі өліп, жетім болса, қазіргі кезде тастанды жетім балалар бар, олардың саны күннен-күнге өсуде. Мен түсінбеймін, неге адамдар өз балаларын тастап кетеді екен? Соларға қарап отырып, өзімді әке-шешемнің қасында бақытты сезінемін.

Мұғалім сыныпта ортада тұрып әр оқушының жұмысын қадағалайды.

III. Ой-толғаныс. Салыстырмалы карта.

Жоғарғыға есімдерін, содан соң оларды суреттейтін сөздерді және астына сол сөздердің дәйектемелерін жазамыз. Нәтижелерді топта талқылаймыз.

Тортай		Ораш	
Әңгімешіл	Еңбекқор	Жақсы жолдас	Ақкөңіл

Оқушылар жазылған жұмыстарын үзілісте танысу үшін қабырғаға ілуге болады.

Үйге тапсырма: 1) зерттеу бөлімін аяқтау;
2) әркімнің өз қиялынан ертегі құрастыру.

Бағалау.



Ұлжан ЖЫРҒАЛБАЙҚЫЗЫ,
Шоқан Уәлиханов атындағы
орта мектептің мұғалімі.

Алматы облысы,
Панфилов ауданы,
Жаркент қаласы.

СӘКЕННІҢ «СЫР САНДЫҚ» ӨЛЕҢІ

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: а) Сәкен Сейфуллиннің өмір жолын, шығармашылығын, қоғам қайраткері екенін таныту, «Сыр сандық» өлеңінің мазмұнын меңгерте отырып, идеялық көркемдік ерекшелігін таныту;
ә) адамгершілік қасиеттерге баулу, үлгі-өнеге ету;
б) шығармашылық ізденіске бағыттау, ой бөлісу, өз ойын көркемдеп, еркін айтуға баулу, мәнерлеп

оқуға дағдыландыру, ізденімпаздыққа төселдіру.
Түрі: жаңа сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, талдау, іздену.
Көрнекілігі: сызбалары, портреті, шығармалар жинағы. **Пәнаралық байланыс:** тарих.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру. Оқушылармен амандасу, түгелдеу, оқу құралдарын тексеру, сыныптың тазалығына көңіл бөлу. Оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

Үй тапсырмасын пысықтау. Үйге берілген тапсырманы сұраймын. Оқушыларға бірнеше сұрақтар қоямын.

Жаңа сабақты түсіндіру.

- Оқушылар, біз бүгін Сәкен Сейфуллиннің «Сыр сандық» өлеңін оқимыз.

Сәкеннің өмірінен мәлімет беремін.

Топтастыру.



Оқушылар пікірін толықтырып отырамын.

«Сыр сандық» өлеңін мәнерлеп оқу. Сынып оқушылары алты топқа бөлінеді. Әр топ өлеңді композициялық, сюжеттік құрылымына сәйкес оқып, мазмұндайды. Топ мүшелері толықтырады. (Өлеңді топтың оқу жүйесі: 1-2,3-4, 5-7, 8-11, 12-19, 20-21 шумақтары).

1-топтың жауабы. Жалған достар қолыңда жемің болса, сені шырқ айналып, қасыңнан кетпейді. Ал қолыңнан билік кетсе, жемің таусылса, ол жалт береді. Ол – дос емес, жалған дос.

2-топтың жауабы. Нағыз достар сырын ақтарып, бірін-бірі ұғынып, сыр түйінін берік сақтайды. Ондай достардың жан сарайы, жүрегі – берік қойма. Оны ақтаруға кез келгеннің қолы жете бермейді. Тек достың досы ғана ақтара алады.

3-топтың жауабы. Сәкен де сағына сырласатын нағыз дос іздейді. Шын досының ішкі сырын мысал етіп жырлайтынын ескертеді.

4-топтың жауабы. Ақын досының ішкі сырын Сарыарқаның биік шыңдарына, оның қалың нулы орманы, мұз бұлақтары мен табиғи байлығына теңейді. Меніңше, бұл суреттеме – досының жан дүниесі.

5-топтың жауабы. Сол тауда биік шың бар, шың басында қойма бар, онда қымбат жасау бар, сол асыл бұйым, ғажап перне, сен оның кілтін тауып аш та, сым пернені басып қара. Дұрыс бассан ғана сырын ақтара аласың. Ақынның суреттеген қоймасы – досының жан дүниесі, жүрегі .

6-топтың жауабы. Адамның жүрегі – алтын қойма, оның жайын сезе білетіндер ғана кілтін тауып аша алады. Ол – шынайы досың, жаныңды ұға алады.

Өлең 21 шумақтан тұрады, 7-8 буынды шалыс ұйқаспен жазылған.

Сарыарқаның бір тауы бар,

Бір тауы бар сымбатты.

Сол таудан сен сыр тауып ал,

Сыр тауып ал, қымбаттым!

Сәкен «Өмір қызығы достықта, достастықта. Туған топырағыңда досың көп болсын!» деп тілеген екен. Менің де тілегім сендерге – осы достық.

Сабақты қорытындылаймын.

«Ой талқы сұрақтары» атты плакатты тақтаға ілемін.

1. Достық дегенді қалай түсінесің? 2. Жақсы досты қалай табу керек? 3. Досыңның білместігін кешіруге бола ма? 4. Досыңның кім екенін ата-анаң білуге тиіс пе? 5. Досыңның қандай болғанын қалайсың?

Білімді бағалау. Оқушылардың жауаптарына, сабаққа белсене қатысып отырғандарына қарай білімдері бағаланады.

Үйге тапсырма. «Сыр сандық» өлеңінен үзінді жаттап келу.



Зылиха ӘЛІМХАНҚЫЗЫ,
Қарағанды облысының
Теміртау қаласындағы
№17 жалпы орта білім беретін
мектептің мұғалімі.

ШЕРХАН МҰРТАЗА. «АЙ МЕН АЙША» РОМАНЫ

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: 1) романның мазмұнын меңгерту, романдағы негізгі әлеуметтік ой түйіндерді

ашу; 2) жазушы көтерген мәселелер арқылы түсініктерін тереңдету; 3) өздерінше ой түйе дағдыландыру. **Түрі:** жаңа сабақ. **Әдісі:** әңгімелеу, түсіндіру, салыстыру, Венн диаграммасы. **Пәнаралық байланыс:** тарих, география. **Көрнекілік:** «ActivInspire» бағдарламасы орнатылған интерактивті тақта.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру. Оқушылардың сабаққа қатысын тексеру. Оқушыларды сабаққа психологиялық дайындау.

II. Жаңа сабақ. Қызығушылығын ояту.

1. Ой қозғау. Шерхан Мұртаза кім? Төменгі сыныптарда өткен шығармаларын еске түсіру.

2. Ой шақыру. «Ана»сөзіне топтастыру (ойларын жазады, талқылайды).



Айша кім? (Жесір) Жесір қалу себебін түсіндіру. Жарын «Халық жауы» деп айдап алып кеткен соң, үш баласын жетілдіру мен заман тауқыметі өз басына қалған ана тағдыры шығармаға арқау болғанын айту. Ал Ай неге тақырыпқа таңдалған?

Ай (лат. luna) – Жердің табиғи серігі, жерге ең жақын аспан денесі.

Жазушы өзі былай түсіндіреді: «...Кітаптың атында неге ай тұр десеңіз...Ол енді, бір жағынан, тағдырдың ұқсастығы сияқты, біздің анамызбен, әсіресе, соғыс кезіндегі жесірлік, қиыншылық көрген

аналардың тағдырына ұқсас. Г.Гейне деген ақында ай туралы әдемі бір сонеті бар. Мағынасы былай: Күнге ғашық ай, сұлу Күн де оған ғашық сияқты көрінеді. Шүпірлеген көп бала тараған. Ол – жұлдыздар. Күндердің күнінде арасынан әлдебір қара мысық өтті ме, әлдеқандай сызат бітті ме, екеуі содан – екі жақта. Бірі – шығыс жақта, бірі – батыста. Күн шықса, ай батады. Ай шықса, Күн батады. Өмірбақи бір-біріне жолыға алмайды, осынау мұңлы сарыны бар. Ал адам баласының тағдырын алсақ, ері жаңағы репрессияға ұшырап, не болмаса майданға кетіп келмей қалғандардың көбісі солай. Балалар қалды. Ері жоқ, бір-біріне жете алмаған дүние. Жалпы дүниенің философиясы сол. Қашан жетесің – белгісіз, соған байланысты алынған ат».

III. Үзіндіге сатылай кешенді талдау.

1. Авторы: Шерхан Мұртаза.

2. Тақырып: автордың айтайын деген ойының негізгі арқауы. Балалары үшін отқа түскен анасы алдындағы борышы, оның тағдыры.

3. Әдеби жанр (әдебиеттің тектері).

Роман – күрделі және дамыған сюжетті, көбінесе, қарасөзбен, кейде өлеңмен жазылған көлемді эпикалық әдеби шығарма.

4. Негізгі идеясы – тақырып арқылы өмір шындығын суреттегенде оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелеп, өз мақсат, мүддесін, арманын білдіреді. Бұл үзіндінің идеясы – жесір ананың балаларына деген махаббаты, баланың анасына деген сүйіспеншілігі, туған жерге деген құрметі.

5. Шығарманың композициялық құрылысы

Оқиғаның басталуы. Түсінде үнемі Айшаны, туған үйін көруі;

Байланысуы. Әкесі Мұртазаны «Халық жауы» деп тұтқындауы;

Шиеленісуі. Айшаның аш құрсақ балаларын алдандыруы;

Шарықтау шегі. Айшаның елден безуі;

Шығарманың шешімі. Оңғарбай қарияның елге көшіріп әкелуі

6. Шығармадағы кейіпкерлер: Айша, Барысхан, Батырхан, Құрмаш, Оңғарбай Тасбет.

7. Әдеби-теориялық ұғымдар:

Портрет. Образ портретсіз болмайды. Ол адамның бет-пішінін, кескін-келбетін, жүріс-тұрысын, киім киісін бейнелеу (кітаптан оқу).

Мінездеу. Адамның ішкі жан дүниесін суреттеу (Айшаға мінездеме):

Еңбекқор, қамқор, көпшіл, жігерлі, төзімді ана.

Тұрақты тіркес. Екі немесе бірнеше сөздердің тіркесіп келіп, бір мағына беруі. *Қан қақсатқан, араны ашылу, ит мұрыны батпас, қас пен көздің арасында.*

8. Түсіндірме сөздік. *Жесір* – күйеуі жоқ әйел. *Зүміреттей* – асыл тастай деген мағынада. *Торқа* – қымбат бағалы селдір, жібек мата .

IV. Шығарманы Блумның сұрақ қою өлшемдері әдісі бойынша мазмұнына талдау жасау, проблемалық сұрақтар туындату, ой бөлісу, пікір алмасу, шығармашылыққа жетелеу.

Білім. Ай мен Айшада» Ай образын жасаудағы

себебі не?

Түсіну. Жазушы шығармасының негізгі идеясы неде?

Қолдану. Шығармадан өзіңе қатты әсер еткен жерін айт.

Салыстыру. Соғыс кезіндегі және қазіргі уақыттағы жетім балалардың суреттері көрсетіледі.

Венн диаграммасы.

Сол кездегі жетім балалар	Қазіргі кездегі жетім балалар
1. Соғыстың зардабынан жетім қалды; 2. Саяси оқиғалардың кесірінен (1937 жылғы).	1. Жастардың жауапкершілігінің төмендігінен; 2. Тәрбиесіздіктен.

Талдау. Үзіндіде суреткердің туған жерге, ата-анаға, туған ауыл адамдарына құрметі қалай көрініс тапқан?

V. Үйге тапсырма: «Шындықтың шырақшысы – Шерхан» (эссе жазу).

VI. Оқушылар білімін бағалау.



Айсұлу САМЕТОВА,
«Теміртау технологиялық
колледжі» ЖММ оқытушысы.
Қарағанды облысы.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік – Ыбырай өмірімен, еңбегімен таныстыру және алдыңғы алған

білімдерін жинақтап кеңейту; **дамытушылық** – шығарманың эстетикалық, идеялық мәнін түсіне білуге, өзіндік талдау, жинақтау жасап, ойлай білуге дағдыландыру, жеке, топтық жұмыста шапшаңдық, тапқырлық танытуға, ойын әдеби тілмен өрнектей білуге төселдіру; **тәрбиелік** – ұлы ағартушының өмірлік ұстанған ұстанымдары мен биік мұраттары болашақтың қамы екеніне тоқтала келіп, ел, Отан, болашақ алдындағы борышын сезінуге, елін, жұртын сүюге тәрбиелеу. **Түрі:** аралас сабақ. **Әдісі:** топтастыру, сұрақ-жауап, пікірталас, түсіндіру, әңгімелеу, бекіту. **Көрнекілігі:** буклет, сызба, суреттер, слайд, дана сөздер жазылған плакаттар.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру. Оқушы зейінін сабаққа аудару. Сәттілік тілеу. Сабақтың мақсатымен таныстыру.

Үй жұмысын тексеру: Өнші-сазгер ақындар шығармашылығына шолу. (Ақан сері Қорамсаұлы, Біржан сал Қожағұлұлы, Жаяу Мұса Байжанұлы, т.б.)
Өлеңдерін жатқа оқу.

Сөздік жұмысын жүргізу. Оқушылардың ойын жинақтау мақсатында алдымен «Ыбырай Алтынсарин туралы не білесіңдер?» деген сұраққа жауап алынады.

Ыбырайдың өмірі жайлы қосымша деректермен таныстыру үшін оқушылардың назарын компьютердегі хронологиялық сызбаға аудару.

Ыбырай Алтынсарин өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері: 1841 жылы Қостанай облысында туған. Ол XIX ғасырда өмір сүрген екен.

Ыбырайдың әжесі ерте қайтыс болып, атасы Балқожаның тәрбиесінде өседі. Атасы мен әжесі Ыбырайдың оқуына көп көмек көрсетеді. Ыбырай Алтынсарин мектепті үздік бағамен бітіреді.

1850-1857 ж. Орынбор шекара комиссиясы жанынан қазақ балалары үшін ашылған мектепте білім алып, үздік бітіреді. «Аға шәкірт».

1857-1859 ж. Еңбек жолының басы – тілмаш, хатшы, аудармашы болып қызмет істейді.

1860-1863 ж. Торғай қаласында қазақ балалары үшін бастауыш мектеп ашуға рұқсат алуы. Дайындық жұмыстары жүруі, қаржы жинау, көмекші оқушыларды дайындау, мектеп іргетасын көтеру.

1864 жылы 8 қаңтар – Торғай мектебінің ашылу салтанаты, Ыбырайдың оқыту әдістемесінің тәжірибелі сынақтан сүрінбей өтуі, 14 қазақ баласы оқуға келді. Оқу-тәрбие жұмысы.

1864-1879 ж. Ғылыми, саяси, қоғамдық көзқарасының кемелденіп қалыптасу кезеңі.

1879 ж. Орынборда «Қазақ хрестоматиясы» басылып шықты.

Енді Ы.Алтынсариннің қандай өлеңдері және қандай әңгімелері бар екенін филворд шешу арқылы табамыз.

А	С	А	Н	М	Е	Н	Ү	С	Е	Б	А	С
Ә	Ө	Р	М	Е	К	Ш	І	О	Н	А	С	Т
К	Қ	Ұ	М	Ы	Р	С	Қ	А	Р	Қ	Ы	Б
Е	И	С	Л	А	М	Т	А	Ғ	Д	Ш	Л	Н
М	К	Е	Л	Б	А	Л	А	Л	Ы	А	Ш	С

Е	Ж	А	З	А	П	О	Л	А	Л	А	Ө	П
Н	О	Ж	Ұ	Ө	З	Е	Н	Р	Ы	Ғ	Д	Я
Б	А	Л	А	Ө	Ү	В	Р	О	М	А	Б	П
Ж	О	М	А	Қ	Ы	Л	Ы	Қ	Ы	Ш	И	Ы
Р	П	Л	Р	Т	А	С	Ы	Л	Н	Т	А	Р

Енді, тексереміз, кім қалай тапқанын?

Көрініс.

- Дұрыс, балалар, енді әрі қарай сендермен әңгімеден үзінді көрсетеміз, сол қай әңгімеден, не туралы, соны айтамыз.

Ыбырайдың шығармашылығына байланысты сызбаны толтыру.

Тақырыбы	Мазмұны	Идеясы
Әке мен бала		
Жомарт		
Бай баласы мен жарлы баласы		
Бір уыс макта		

Алтынсарин туған халқы үшін жан аямай еңбек етті. Қысқа өмір сүрсе де, ұрпақтарына үлгі-өнеге боларлық, тәлім аларлық бай мұра қалдырды. Ол ашқан мектептер шамшырақ болып бүкіл қазақ еліне нұрын, сәулесін шашты.

Еңбекті сүю және қадірлеу – Ыбырай әңгімелерінің негізгі тақырыбы. Оны жазушы шағын әңгімелерде үгіт, өсиет түрінде берсе, кей шығармаларында халықтың қоғамдық санасын тәрбиелейтін реалистік суреттер арқылы бейнелейді.

«Кел, балалар, оқылық!»

...Кел, балалар, оқылық,

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық...

Сабағымыздың негізгі тақырыбын жалғастыра отырып, өлеңдерін жатқа айту.

«Жаз», «Өзен», «Залым төреге», «Азған елдің хандары», «Бала, бала, бала деп», «Үміт еткен көзімнің нұры – балам».

Енді Ыбырай Алтынсарин туралы бейнефильмге назар аударайық.

Тестік тапсырманы орындау.

1. Атымтай қандай адам болды?

А) сараң; Ә) кедей; Б) жомарт.

2. Мақалдың жалғасын тап. *Еңбектің наны* –

А) қатты; Ә) тәтті; Б) ащы.

3. «Әбірет» сөзінің синонимін тап.

А) мысал; Ә) ғибрат; Б) үлгі.

4. «Жомарт» сөзінің аудармасын тап.

А) жадный; Ә) воспитанный; Б) щедрый.

5. «Кел, балалар, оқылық!» өлеңі неге шақырады?

А) ойынға; Ә) білім алуға; Б) үйренуге.

6. Ыбырайдың атасы.

А) Құнанбай; Ә) Шыңғыс; Б) Балқожа.

7. Торғайдағы мектептің ашылған жылы.

А) 1859; Ә) 1864; Б) 1850.

8. 1887 жылы қыздар мектебі қайда ашылды?

А) Ырғызда; Ә) Торғайда; Б) Қазанда.

9. Ыбырай – балалар әдебиетінің ...

А) атасы; Ә) ұстазы; Б) тәрбиешісі.

10. «Қазақ хрестоматиясы» қай жылы басылып шықты?

А) 1886; Ә) 1879; Б) 1800.

Ойын: «Сұраққа тез жауап бер».

- Балқожа бидің Ыбырай өміріндегі орыны қандай болды?

(Тәрбиешісі болды).

- Ыбырай кімнің тәрбиесінде болды?

(Балқожа бидің).

- 1850 жылы Ыбырай қандай мектепке оқуға түседі? (Орыс-қазақ).

- Орыс-қазақ мектебін қай жылы бітіреді?

(1857).

- Ыбырайдың «Өзен» өлеңінде не туралы айтылған? (Табиғат, өзен гүрілі, т.б.).

- Орынбордағы шекараға тілмаш болып қай жылы ауысады? (1859).

- Шығыстың белгілі қай зерттеушісімен таныс болады? (В.Григорьевпен).

- Орынборға 1859 жылы Ыбырай қандай қызметке ауысады?

(Шекарадағы тілмаш қызметіне).

- 1860 жылы қай жерде қызмет етеді?

(Торғай мектебінде мұғалім болады).

- Не себепті балаларды үйінде оқытады?

(Ауылдағы мектеп тапшылығы).

- Ыбырай 1864 жылы кіммен хат жазысады? (Н.И.Ильминскиймен).

- Ыбырай Петербург, Қазан қалаларына қай жылы барады? (1876 ж).

- Қай жылы «Қазақ хрестоматиясын» жазуға кіріседі? (1876 ж).

- Ал қай жылы «Қазақ хрестоматиясын» жазып бітіреді? (1879 ж).

- Ыбырай қай жылы дүниеге келді? (1841 ж.).
- Қай жерде дүниеге келген?
(Қостанай облысы, Затобол ауданында).
- «Кел, балалар, оқылық» өлеңі не туралы? (Білім, ғылымға қазақ балаларын шақыру).
- Табиғат тақырыбына арналған өлеңдерін ата.
(«Жаз», «Өзен»).
- Ыбырай әңгімелерінің негізгі тақырыбы не?
(Еңбекті сүю).
- «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесі не туралы?
(Еңбек ету, босқа жатпау).
- 1879 жылы Ыбырай қандай қызметке тағайындалады? (Торғай облысы мектептерінің директоры).
- 1879-1883 жылдары қай жерлерде мектеп ашады?
(Торғай, Ырғыз, Троицк, Ақтөбе).
- 1881 жылы Орск қаласында не ашылды?
(Тұңғыш мұғалімдер мектебі).
- Торғай, Ырғыз, Троицк, Ақтөбе қалаларында мектептерді қай жылдары ашады?
(1879-1883).
- Ыбырай Алтынсарин қай жылы дүние салған?
(1889 ж.).
- Ыбырайдың бір өлеңін жатқа оқы.
- «Әке мен бала» әңгімесінің негізгі идеясы
(Бір жұмыстан қашсаң, одан да көбіне тап боласың...).
- «Бақша ағаштары» әңгімесінің түйінді ойы не?
(Бағусыз адам, қисық біткен ағаштай болады...).

Құралай МАНАСОВА,
«Қазақ тілі» үйірмесінің жетекшісі.
Қызылорда облысы,
Қармақшы ауданы,
Аудандық Оқушылар үйі.

ТАЛ ЖІБЕКТЕЙ ТАЗА СӨЗДІҢ ТАРЛАНЫ

Сабақтың мақсаты: Сыр елінің атағы Алаш жұртына асқан, даңғайыр шайыры Тұрмағамбеттің өмір жолын зерттеп, оқушылардың санасына сіңіру, шығармашылық қабілеттері мен эстетикалық талғамдарын, тұлғалық сезім мәдениетін дамытудың тарихи танымдарын, ізгілікке бағдарланған дүниетанымдары мен сана-сезімдерін, өмірлік ұстанымдарын қалыптастыру, ақынның рухани мұрасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Түрі: дәстүрлі сабақ. **Типі:** жаңа білімді меңгерту және тексеру. **Әдіс-тәсілі:** әңгімелеу, талдау, сұрақ-жауап, ой тастау. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, «Топ бастар Тұрмағамбет тұлпар еді» тақырыбындағы кітап көрмесі, «Сыр сүлейі» атты бүктеме, тапсырма жазылған қиындылар. **Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті, тарих, бейнелеу өнері, ағылшын тілі.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру. Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу. Оқушылар назарын жаңа сабаққа аудару.

Жаңа сабақ.

«Ұлысын ұлықтаған ұрпақ азбас» дегендей, биылғы жылы халық ақыны, аудармашы, назым сөздің шебері Тұрмағамбет Ізтілеуовке 132 жыл толып отыр. Сыр өңіріндегі қалың елге дәрпі кең жайылған Тұрмағамбет өлеңдері оқушылардың да ақындық сезімдерін оятуға себепші екені белгілі. Ақын өмірі мен шығармашылығын терең зерттеп, тың ғылыми жұмыс жазып жүрген дарынды әрі жас ақындарымыз біздің үйірмеде жетерлік.

1. «Тұрмағамбетке арнау». Орындайтын: Р. Әбенев.

2. «Шайырлық жолы – шартарап» (Ақынның өмір жолы мен шығармашылығына тоқталу, слайд көрсету).

Тұрмағамбет Ізтілеуов (1882-1939) Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Ленин атындағы кеңшарда (қазіргі Тұрмағамбет ауылы) дүниеге келген. Алғаш Алдашбай ахуннан оқып сауатын ашқан. Ол – қазақ поэзиясының күмбезді сарайын тұрғызуға өз шығармаларымен бір кірпіш болып қаланған үлкен ақындарымыздың бірі. Оның тамаша туындылары халық кәдесіне жарап, уақытқа өңін бермейтін асыл бояудай жарқырай бермек.

Ақын шығармашылығын терең зерттей келе, жинаққа енген туындыларына тоқталайық.

1. Мінәжат жырлары, көңіл қос, жоқтау жырлары, түрме жырлары.

2. Арнау өлеңдері, толғаулары, тақпақтары, шағын шумақтары, рубаяттары, нақыл сөздері.

3. Айтыстары, әр жылдары жазылған ақындар айтысына арналған аралық сөздері, мысал жырлары, хикая-дастандары.

4. Ақын шығармашылығынан мол мәлімет беретін естеліктер, мақалалар, лебіздер, мұрағаттық құжаттар, хаттар және фотосуреттер.

«Ғажайып қаламсап» кезеңі. Ақынның «Өнер бәйгесі» өлеңін мәнерлеп оқу және өлеңге лирикалық талдау жасау (өлеңнің шумағын, бунағын, буынын, ұйқасын табу).

«Ғажайып оқулық» аралы. Оқулықтан рубаиларын оқи отырып, өлең мағынасына сәйкес сурет салу.

«Үш тұғырлы тіл» кезеңі. Оқушыларға ақынның нақыл сөздері жазылған қиындыларды тарату және мағынасын түсіндіру, асты сызылған сөздің орысша, ағылшынша баламасын табу.

I топ. 1. Әкім бір ұлттікі, Ақын бар жұрттікі (поэт – poet). 2. Білім арзан (знание – knowledge), Білу қымбат. 3. Тозбайтын – жер (земля – earth), Мұқалмайтын – ер.

II топ. 1. Жаксы – жаныңа жолдас (хороший – good), Жаман – малыңа жолдас. 2. Ауру қалса да, әдет қалмайды (болезнь – illness). 3. Адам құлақтан азады, көңілден семіреді (человек – man).

«Тұрмағамбет пен Сәнбала» айтысы.

Қабанға қарсы ұмтылма «ер» дегенге,

Сортапқа тұқым шашпа «жер» дегенге...

Бағаңды білген ерге басыңды бер,

Меңдібай ӘБІЛҰЛЫ,
Аймақтық менеджмент
Академиясының профессоры, ф.ғ.к.
Тараз қаласы.

«АЛАҢҚАЙ БАТЫР» ҚИССАСЫ

Қазақ халық ауыз әдебиетінде Аттила (Еділ) батыр туралы «Алаңқай батыр» атты қисса бар. Осы қиссаны жырау әрі ақын Өмірзақ Қалбайұлы жырлайды. Академик Әлкей Марғұлан осы Өмірзақ Қалбайұлы жырлайтын «Алаңқай батыр» қиссасы туралы «Алаңқай батыр» – Батыс Қазақстанда кең таралған ертегі. Сондай-ақ әр түрлі варианты бар. Қазақ фольклорының асыл мұрасының бірі. «Алаңқай батырды» кезінде қазақтың талай ақындары жырлаған болатын. Алайда әйгілі ақындар Сабыр жырау, Құдайберген ақын және басқалардың «Алаңқай батыр» туралы жырлары біздің заманға жетпей қалды. Ө.Қалбайұлы осы қазақ халқының асыл мұрасын үлкен дастан етіп қызыл тілмен жырлап шыққан...Бұл поэманың (қиссаның – М.Ә.) және бір маңызды жері Еділ (Аттила, М.Ә.) патша туралы жырланады. Ғұн патшасы Еділдің образында оның әділ басқарушысы болғаны айтылады...» деп жазды (Кітапта: Өмірзақ Қалбайұлы. «Алаңқай батыр». А., «Жазушы», 1992, 5-бет).

Қазақ халық ауыз әдебиетінің асыл қазыналарының бірі болып саналатын «Алаңқай батыр» қиссасының

Дұр шапша шапшаңдатып термелегенде!..

Келесі кезекті Сырым мен Перизатқа берсек (Тұрмағамбет пен Сәнбала айтысын сомдау).

«Топ бастар Тұрмағамбет тұлпар еді» (кітап көрмесі).

Оқушыларға ақын шығармашылығынан мол мәлімет беретін естеліктер, мақалалар, лебіздер, мұрағаттық құжаттар, хаттар және фотосуреттерді таныстыру.

«Кітабын «Шахнаманың» еттім ермек...» (Ақын аудармаларына тоқталу).

Сабақты пысықтау, бекіту. «Қиын сұрақтар» аралы:

1. Ақынның өлең, толғау, термелерінде көтерілген мәселелерді атаңдар.
2. Парсы елінің ұлы шығармасы.
3. Тұрмағамбеттің көлемді дастандары.
4. Ақын шығармашылығын зерттеуші ғалымдар кімдер?
5. Тұрмағамбет ақынның мысал өлеңдерінің мәні неде?

Сабақты қорытындылау.

Тұрмағамбет сөздерін

Мақтамайық қалай көп!

Баға берген өздерің:

«Сырда туған – Абай!» деп. (Манап Көкенов).

Ақын мұрасы мәңгі өшпейді және тамаша туындылары халық кәдесіне жарап, болашақ ұрпаққа мирас болып қала бермек.

Оқушыларды мадақтау, марапаттау.

Үйге тапсырма: «Ақынның асыл мұрасы – өнегелі өмір өрісі» тақырыбында эссе жазу.

ерекшелігі қиссада сонау Ғұн дәуірінің атақты батыры, Ғұн елінің билеушісі Еділ (Аттила) патша туралы жырланады. «Алаңқай батыр», «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», т.б. жырлар сияқты қара сөзбен, өлеңмен баяндалып, ауыз әдебиетінде қисса үлгісімен жырланады. Әлкей Марғұлан «Алаңқай батыр» қиссасын бұрын белгілі жыраулар мен ақындар (Сабыр жырау, Құдайберген ақын) жырлағанын айтқан. Сабыр жыраудың да, Құдайберген ақынның да жырлаған нұсқалары біздің заманымызға жетпей қалған.

«Алаңқай батыр» қиссасының кейбір нұсқалары Бесқаланың қазақтар көп шоғырланған «Дәуқара» өңірінде жасаған Қуанышбай жырау Досымбаев, Серікбай жырау, Теңізбай жырау, Қосым жырау, Өтім жырау, Қарасақал Абылла ақын, Мыңбай жырау нұсқаларында кездеседі. Сондай-ақ «Алаңқай батыр» қиссасында кездесетін Алаңқайдың әкесі Молақсай жыраудың, Еділ (*Аттила*) патшаның кеңесшісі Тоғанас жыраудың толғаулары мен өлең-жырларын Түркіменстанның Ташауыз облысында өмір сүрген Тәжік жырау, Бесқаланың (Қарақалпақстанның) Қоңырат ауданында өмір сүрген Қарлыбай жырау, Тақиятас қаласының тұрғыны Қошақан жырау, Шоманай ауданында өмір сүрген Сабыр жырау, Өгізбай жырау жырлаған. Бұл жыраулар «Алаңқай батыр» қиссасын да жырлаған. Ал «Алаңқай батыр» қиссасының біз пікір айтып отырған қолымыздағы нұсқасы – Бесқаланың Шоманай ауданында ғұмыр кешкен Өмірзақ жырау жырлаған нұсқасы.

«Алаңқай батыр» қиссасын жырлаған Қуанышбай

жырау Досымбаев туралы белгілі ғалым Оразгүл Нұрмағамбетова «Қобыланды батыр жырын жырлаушы қарақалпақстандық қазақ жыршылары» деген дерек көзінде былай деп жазады: «Қуанышбай Досымбаев, 1908 жылы Қарақалпақстанның Тақтакөпір ауданына қарасты 1-ауылда кедей шаруа отбасында туған. Жырды Өтім, Серікбай, Қоқым (*Қоқым емес, Қосым жырау. М.Ә.*) жыраулардан үйренген. Бұл жыраулардың әрқайсысының батырлар жырын айтуда өз варианты (түрі), жырлау әуені, сазы (мақамы) болған. Әрқайсысының жолын қуған шәкірттері бар.

Өтім жырау (1860-1920) ел ауызында «шайыр» аталады. Негізінен, батырлар жырын жырлаған. Нұрпейіс Байғаниннің замандасы. Өтім жырлауындағы жырлар: «Алпамыс», «Қыз Жібек», «Шора батыр», «Қобыланды», «Едіге», «Қарасай-Қази», «Айман-Шолпан», «Ер Сайын», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ер Тарғын». Өтім жыраудан Шерімбет, Шерімбеттен Қуанышбай үйренеді (ӘӨИ, Қолжазба қоры, Қарақалпақ экспедициясы). (*О.Нұрмағамбетова, «Қазақтың қаһармандық эпосы – Қобыланды батыр». А., «Дешті Қыпшақ» баспа үйі, 2003, 246-бет*).

«Алаңқай батыр» қиссасы ежелгі ғұн дәуіріндегі балалар әдебиетіне жатады. Академик Әлкей Марғұлан «Бұл поэманың (Ә.Марғұлан бұл қиссаны «поэма» деп атаған. М.Ә.) маңызды жері Еділ патша туралы жырланады. Ғұн патшасы Еділдің образында оның әділ басқарушысы болғаны айтылады...» деп жазды («Алғы сөз». Кітапта: Өмірзақ Қалбайұлы,

«Алаңқай батыр». 5-бет).

Түркі халықтарының ортақ тұлғалары туралы әлемге танымал жазушы, қырғыз түркісі Шыңғыс Айтматов былай деп жазады: «...Еділ бабаны төл тарихымызға енгізіп, әдебиетте шынайы бейнесін жасап, туған халқымен қайтадан табыстыруымыз керек. Өйткені Еділ де – Қорқыт ата сынды бөліп-жарылмас ортақ қазынамыз...» (*Ш.Айтматов, М.Шаханов. Құз басындағы аңшының зары. А., «Рауан», 1997, 247-бет*).

Қиссада Алаңқай бозбала кезінен-ақ батыр атанады. «Алып Бамсы батыр», «Қобыланды батыр» жырларынан ерекшелігі: «Алаңқай батырда» мыстан кемпір, дәу сияқты ертегілік кейіпкерлер кездеспейді.

«Алаңқай батыр» ертегілік эпостан гөрі тарихи эпосқа жақын. Себебі қиссада суреттелетін Еділ (*Аттила*) патша – тарихта болған адам. Ежелгі Ғұн елінің билеушісі, батыры. Бұл – бірінші. Екінші – қиссада аттары кездесетін Молақсай жыраудың, Тоғанас жыраудың ел ауызында толғау жырлары мен қиссалары, өлең-жырлары көптеп кездеседі. Молақсай жырау мен Тоғанас жыраудың тарихта болған, болмағаны белгісіз, бұл жыраулар туралы зерттеу еңбектер де жазылған жоқ. Дегенмен, домбыралы сақ жырауларының, сақтардың биші, әнші қыздарының болғанын ескерсек, ежелгі ғұн дәуірінде де жыраулар мен жыршылардың болғанын ғалымдар ғылыми еңбектерінде дәлелдеп отыр. Домбырашы сақтар мен биші сақ қыздарының тасқа қашап салынған бейнелері де мұны дәлелдеп отыр.

Профессор Алма Қыраубаева Батыстың атақты тарихшысы Геродоттың кітабында жазылып қалған скиф-сақ дәуіріндегі сақтардың көсемі Тарғытай туралы айта келіп: «Тарғытай бабаның әкесі Көк Тәңірі, шешесі су перісі екен. Тарғытайдан үш ұл туған. Олар: Арпоқсай, Ылпоқсай, Қолоқсай. (*Қол әскер, оқ ел, сай патша* деген ұғымды білдіреді). (*А.Қыраубаева. Ежелгі әдебиет. А., «Өнер», 2008, 6-7-беттер*). Демек, Молақсай жыраудың «Молақсай» деген есімі де, өзі де бізге де қашық емес.

Біздің қолымыздағы «Алаңқай батыр» қиссасын жырлаған Бесқаланың әйгілі жырауы әрі ақыны Өмірзақ жырау Қалбайұлы қиссаның қазақ халық ауыз әдебиетінің асыл қазынасы екені туралы, қиссаның нұсқасын қайдан алғаны, кімнен есіткені туралы

*«...Адайда ақын Қалнияз
Алаңқайды жыр еткен,
Өгізбай жырау үйреткен.
Қалнияздың ұрпағы
Үйретіп Сабыр сөз еткен.
Сабыр айтқан ізбенен*

Өмірзақ мұны «түзеткен»... деп жырлайды (145-бет).

Бұл академик Әлкей Марғұланның келтірген тұжырымына дәлел бола алады.

Қазақ халық ауыз әдебиетінің асыл қазынасы болған «Алаңқай батыр» қиссасын жырлаған Өмірзақ жырау Қалбайұлы қиссаны қалпына келтірудегі еңбегі туралы былай дейді: «...Алаңқай батыр» жырының жалпы нұсқасын еміс-еміс білетін, естіп қалған көнекөз

қарт кісілеріміз бұл күнде азайған. Тіпті, жоқ десек те болғандай. Әкем марқұм сауатты да ұқыпты кісі еді. Қисса, жыр-дастандарды көбірек жинаған. Әкем қайтыс болған кезде мен жас болдым да, оның әдеби мұрасына көңіл бөле алмай қалғанмын. Бір жақсысы, әкемнен кейінірек қайтыс болған Сабыр деген немере ағам ертекшіл, өлең, жыр білгіш адам болатын. Мен табиғатымда әңгіме, ертек, жыр құмар, ынталы болып өскендіктен болу керек, ағам Сабыр айтатын көптеген ертектер мен өлеңдерді құмарта тындап, жаттап алуға тырысатын едім. Ол «Алаңқай батыр» әңгімесін ара-тұра өлеңдетіп, көбінесе, қарасөзбен айтып беруші еді. Арада көптеген жылдардың өтуімен «Алаңқай батыр» ертегісінің кейбір тұстарын кейінгі кезде мен де ұмыта бастаппын. Дегенмен де, ертектің өзекті жобасы есімде дұрыс сақталған сияқты. Соның үшін де бір кездерде бабам Қалнияз ақын жырлаған, бірақ бұл күнде ұмыт болып бара жатқан ата-бабаларымыздан қалған әдеби мұра – «Алаңқай батыр» ертегісін қайта жаңғыртып жазып шығып, соңғы буын жастарымызға тарту етуге ой түйдім. Сонымен, мен өзімнің табиғи дарыныма күш салып, домбыраммен сүйемел жасап отырып, әр күні ертелі-кеш уақытты пайдаланып, осы дастанды жазып шықтым...» (Қ. Саттаров. «Жыршы туралы бірер сөз». *Кітапта: Ө.Қалбайұлы. «Алаңқай батыр». 219-220-беттер*).

«Алпамыс (Алып Бамсы) батыр» жырында Сарыбай мен Байбөрі дос болып: «Біреумізден ұл, біреумізден қыз туса, екеуіміз құда болсақ, қыз бен баланы кемеліне келтіріп, екеуін қосып бұл дүниеден

өтсек арманымыз қалмас еді-ау...» деп уағдаласады.

«Алаңқай батыр» қиссасында Байқұтты баймен Молақсай жырау дос болып, Байқұтты қызы Ақтұйғынды Молақсай жыраудың баласы – Алаңқайға беріп, құда болғысы келеді.

«Алпамыс (*Алып Бамсы*) батыр» жырында Алпамыс қалың жауды жеңіп, атасы Сарыбайды хан етіп сайлап, Сарыбайдың қызы Гүлбаршынға үйленеді, отыз күн ойын, қырық күн тойын жасайды.

«Алаңқай батыр» қиссасында Алаңқай Ақтұйғынмен қосыла алмай, Еділ патшаның қызы Үзілдіктің тапсырысымен Тұманзар Алаңқайға опасыздық жасайды. Тұманзар Алаңқайды жекпе-жек шайқаста емес, ұйықтап жатқан жерінде жүрегіне қанжар салып өлтіреді.

«Алаңқай батыр» қиссасы жас ұрпақты ерлікке, адалдыққа, бауырмалдыққа, туған жерді өзге ел басқыншыларынан қорғауға тәрбиелейді. Қиссада Молақсай жырау, Тоғанас жырау сияқты өнер адамдарының адал істері жырланады. Он бес жасар бозбала Алаңқай Алпамыс, Қобыланды сияқты әскери жорыққа аттанбайды (*Теңізбай жырау жырлаған «Алаңқай батыр» қиссасында Алаңқай ел шетіне келген жаумен жалғыз өзі шайқасады*). Аңқаты деген жердегі нағашысы Құлансерді іздеп жолға шығады. «Алаңқай батырдың» Өмірзақ жырау жырлаған «Алаңқай батырдан» ерекше тағы бір нұсқасы бар. Ол – Теңізбай жырау жырлаған «Алаңқай батыр». Ол нұсқада Алаңқай батыр он бес жасында елге тиген жауларға тойтарыс беріп, батырлығымен көзге түседі. Сонан «Алаңқай батыр» атанады. Сол соғыстан

кейін Алаңқай нағашысы Құлансер батырды іздеп, жалғыз өзі жолға шығады.

Қиссада қазақ халқының ежелден келе жатқан ұлттық салт-дәстүрлері жырланады. Алаңқай көшпелілер салты бойынша алыс жолға жүрер алдында әкесі Молақсайдан рұқсат сұрайды:

*...Арнайы әкем алдына
Келіп тұрмын бір іспен...
...Ағайынға парасат
Бірін-бірі іздескен...
...Ақадырдың маңында
Нағашым бар, бір көрсем,
Барып сәлем мен берсем.
Талабымнан қайтарма,
Бұл сөзімді жөн көрсең.
Тілегім Сізден, жан әке,
Рұқсат маған бір берсең...*

Алаңқайдың әкесі Молақсай жырау жалғыз баласын алыс жолға жібергісі келмейді. Алаңқайды қандайда бір қатер күтіп тұрғанын сезеді:

*...Белімнен жалғыз болғасын
Жіберуге қимадым,
Әлдеқандай күн болад,
Қауіп-қатер ойладым.
Ойлансам да, шырағым,
Тәуекел, басты байладым...*

Сонан соң Молақсай баласына «Құлансер нағашыңды тауып алсаң, менен сәлем айт. Сенің шешең – Құлансер батырдың туған апасы. Соны есіңнен шығарма» деп ақыл-өсиет айтады:

«...Үлкейіп қалған әкең бар,

Ойламай кетпе соныңды.

Және айтайын, шырағым,

Сөзіме сал құлағың.

Нағашыңның елінде,

Дөңастыр деген жерінде

Байқұтты деген досым бар.

Менімен жасы шамалас,

Әуелден жүрген аралас.

Досым еді сыйлайтын,

Құрдасым еді қимайтын.

Балаң өсіп ер жетсе,

Қыз берем деп ойнайтын.

Мен көргенде қызы бар,

Ер баласы болмайтын.

Әкенің сөзі ақыл-ды,

Балаға айтса тыңдайтын,

Нағашың үйін тапқасын,

Сағыныш, мауқың басқасын,

Досымды іздеп барғайсың,

Үйінде қонақ болғайсың.

«Әкемнен дұғай сәлем» деп

Құлағына салғайсың.

Жылқысы жақсы болатын,

Шетінен жүйрік жел құйын.

Сұраса сенен бір бұйым,

Бір атын сұрап алғайсың...» (Ө.Қалбайұлы,

«Алаңқай батыр». 9-10-беттер).

«Әлқисса, Молақсай жырау баласына осылай толғап тұрып айтты: - Балам, жігіттің түздегі жолдасы астындағы аты мен қолындағы қаруы болады. Астыңа менің мініп жүрген Шабыскер деген атымды мініп

кете ғой. Ол жануардың қасиеті адасқан жерінде басын өз еркіне жіберсең елді, жерді өзі табады. Және алдына қауіп-қатердің барын сезсе, жүріп бара жатқанда тоқтай қалып, артына айнала береді. Байлап қойсаң оскырынып, елеурей береді. Сол жағдайларын түсінгейсің, балам,- деді.

- Ал мынау арғы атаң Арғынбек батырдан қалған ақ семсер. Мұны да беліңе байлап кет. Мұның қасиеті жақын маңда дұшпаның болса, қынабынан өз-өзінен суырыла береді. Жайшылықта тартсаң да қолыңа келмейді. Мұның да қасиетін түсінгейсің! Және ата-бабаларымыз от әулие деп сиынған. Қорықсаң от жақ. «От әулие, май әулие, отсыз, майсыз жарылқайтын қай әулие?» деп бабаларымыз бекерге айтпаған. Мына шақпақ тас пен құйрық майды қалтаңа сала кет. Түнде жүріп қорықсаң от жағып, май түтетіп, ата-бабаларыңның аруағына сыйынғайсың, балам,- деді...» (Ө.Қалбайұлы, «Алаңқай батыр». 10-11-беттер).

Көшпелілердің салт-дәстүрі бойынша Алаңқай Арғынбек бабасынан қалған ақ семсерді беліңе байлап, әкесінің Шабыскерін мініп алып жолға шығады.

Қиссада өрбіген оқиғалардың ежелгі Ғұн дәуірінде болғанын кейіпкерлердің Тәңіріге жалбарынуынан сезуге болады:

«...Жалғыздардың әр кезде,

Тәңірі болар панасы...» (7-бет),

«...Тәңірдің ісі – тәуекел...» (8-бет);

«...Тәңірім ашсын жолыңды...» (9-бет);

Алаңқай шешесінен, қарындасы Ақкербезден де

рұқсат сұрайды.

Алаңқай жолда жолбарыспен шайқасып, оны өлтіреді.

Еділ патшаның шолғыншысы, екіжүзді залым Тұманзардың қолына түсіп, зынданға қамалады. Еділ патшаның әділдігі арқасында зынданнан босап шығады.

Қиссада қазақтың тұрмыс-салт жырлары көрініс тапқан. Тоғанас жырау Алаңқайдың қазасын Алаңқайдың әкесі Молақсайға өлеңмен естіртеді. Молақсай жырау жалғыз баласы Алаңқайдың моласын құшақтап отырып жоқтау айтады. Осындай жоқтау жырын Алаңқайдың жалғыз қарындасы Ақкербез де айтады. Сонымен бірге қиссада халық ауыз әдебиетінде сирек кездесетін еске алу жыры айтылады. Еске алу жырын Ақкербез Алаңқайға арнап айтады.



Тілекші ҚАНАТҚАЛИЕВА,
С.Имашев атындағы
орта мектептің мұғалімі.

Атырау облысы,
Құрманғазы ауданы,
«Бірлік» ауылы.

ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМ, ҚОҒАМ, ДІН МӘСЕЛЕЛЕРІ

Көрнекті ақын, прозашы, философ, ағартушы Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығындағы

өзекті тақырыптардың бірі – адам, қоғам, дін мәселелері. Шәкәрімнің әдеби мұрасының түп қазығы «ақ жүрек», таза ақыл», «адал еңбек» иесі – түзу адамды қалыптастыру. Ар ілімін адамдық сапасының алдына шығарып, поэзиялық туындыларына өзек еткен. Шәкәрім тағылымы бүгінгі күні аса қажет әрі көкейкесті мәселе болып отыр. Әдебиеттің ежелден бергі нысаны адам болмысы, адамды түзету арқылы тәрбиелеу болса, Шәкәрім бұл тарапта қазақ қоғамының азаматын тәрбиелеудің үлгісін әлдеқашан-ақ сомдаған, жеке адамды қоғамды түзету, адам баласының өмір сүру барысындағы үздіксіз іздену, өзін-өзі жетілдіруге ден қойғанда ғана тіршілікте үйлесім болатындығын шеберлікпен бейнелеген.

Ойшыл ақынның шығармашылығында Алла, жар, жаратушыны жырлау үлгілері дәстүрден ерекше сипатта көрінеді. Алланы дәріптеу, оны әділет пен тазалықтың қайнар көзі ретінде таныстыру арқылы Шәкәрім адамзатқа ортақ қоғамдық мәні күшті мәселелерді көтереді.

Ақын мақсаты – адамды жөндеу, қоғамды түзету және жаратушыны тану. Осы құндылықтарды поэзиялық сипаттау, талдау, уағыздау арқылы ақын қазақ халқына дұрыс өмір сүруді үйретуге ұмтылады. XX ғасыр адамының рухани дамып жетілуіне байланысты Абай ойларын өз шәкірті – Шәкәрім ар, ғылым арқылы жалғастырды. Шәкәрім поэзиясының негізгі арқауы – адам болмысы. Ол адамды физиологиялық, психологиялық, этикалық және философиялық құбылыс ретінде үнемі зерттеген.

Ақын адам болашағына, оның рухани ішкі әлеміне және қуатына сенеді. Шәкәрім адами қасиеттердің түп қазығын адалдық пен ақ ниетке әкеліп тіреді: «Бізше, адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға негізгісі – адал еңбек, ақ жүрек, таза ақыл болу керек. Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныштық өмір сүруге мүмкіндік жоқ». Шәкәрім адам өмірін түзетерлік әділет, ынсап, мейірім сияқты қасиеттердің маңыздылығын қиянатқа жол бермейтін бірден-бір құрал деп есептейді. Өзінің «Үш анық» деген кітабында Абайдың имани ілімін ар іліміне айналдырады. Шәкәрімнің ойынша, адам бойындағы арлылық, ұяттылық тек қана Алла атымен шектелмейді. Ол, ең алдымен, адамның жүрегінде болуы керек және адамның істеген істері мен ойлаған ойлары бір болуы керек.

Ақын адамның ішкі әлемінің күрделілігі және құндылығын ішкі сана мәселелерімен бірлестіре көрсетеді:

*Дұрыс деме құры ойлап,
Ақылға сипат, сабыр қыл.
Жығылмайтын дәлел тап,
Бірезу болма өзімшіл.
Мініңді тапса кім сынап,
Аяғына бар жығыл!
«Қап, бәлем» деген кекті ұнап,
Сақтай көрме ойға зіл.*

Осындағы «бірезу», «кекті» болу сынды жағымсыз ұғымдар арқылы аз сөзге көп мағына сыйғыза білген.

*Еңбекке шыда ебін тап та,
Сабырдың түбі – сары алтын.
Өзімшіл болма, көпті ардақта,
Адамның бәрі – өз халқың.
Нысап пен мейірім, әділетті
Жаныңдай көріп жан сақта.
Ол жолда өлсек неміз кетті,
Мақсұтқа жетпей қалсақ та.*

Ақын бейнелеген лирикалық кейіпкерінің басты міндеті – рухани жан дүниесін байыту, ізгі істерді қолдау, ар-ұжданы жоғары болу.

Шәкәрім – қазақ поэзиясындағы адамтану негізін қалағандардың бірі. Ақын ұстанған басты мақсат – нағыз адам деген атқа лайық жандарды идеалға айналдыру. Адамзатқа тән асыл қасиеттер адалдық, әділдік, білімділік, еңбекқорлық, парасаттылық пен зиялылық мәселелерін жырлауда Шәкәрімге жететін ақын жоқ. Осынау үлгі қасиеттердің өмір-тіршіліктегі мәніне бойлай отырып, өзін қоршаған ортадағы адамдар бойындағы қасиетсіздікке жирене қарайды, сөйтеді де, арылтуға бар өнерін жұмсайды.

Шәкәрімнің бар өмірі мен өнерінің нысанасы, ақындық арнасы, азаматтық арының арқауы, мәңгілік тақырыбы «Адамдық борышың» өлеңінен айқын көрінеді.

Шәкәрім шығармашылығының негізгі мәселесі – «Адам – әлем» қатынасындағы адамның орыны мен рухани құндылығы. Рухани құндылықтың жүйесінде дін құндылықтық өлшем болып табылады. Шәкәрімнің ұғымында, Алладан кейін

бірінші адам тұрады, өйткені дін адамның тұрмыс-тіршілік шеңберінде кездеседі. Шәкәрім түсінігі бойынша, дін – мейірімділік, ұждан, әділеттілік. Ол діни фанатизмге үйретпейді. Діни сауаттылық пен тазалықты, мейірімділік пен ұжданды қадір тұтқан Шәкәрім шығармалары – бізге рухани қазына.

Шәкәрімнің «Дін» өлеңінде жер жүзінде діннің түрлері, әр адамның ол туралы ойы әр қилы екендігі айтылады.

*Біреу отқа жағынды
Нұрдың түбі құдай деп.
Не суретке табынды,
Олай емес былай деп...
Бірі «Құдай бір» десе,
Бірі айтады «көп құдай».
Бірі «Тәңірі – Күн» десе,
Бірі дейді: «Жоқ Құдай».*

Адамзаттың Құдай туралы пікірі әр түрлі. Соңғы кезде діннің түрлері көбейіп кетті. Бірақ дін атаулының барлығы да Алланың шын екендігі туралы айтады. Шәкәрімнің «Иманым» жинағында ізгі істер діни ұғым бойынша имандылық болып табылады. Қазіргі өркениетті қоғамда имандылық – аса қастерлі, биік адамгершілік. Шәкәрім «Иманым» атты жинағында жаратылыстың жұмбағы, Алла мен Адам арақатынасы, иман жайлы жазған. Ой бастауы Құран Кәрімнен құйылатын Шәкәрімнің сыр сөздері бүгінгі қоғамның тынысымен үндеседі. Қазақ халқының ғана емес, жалпы адамзат баласының рухани қазынасы үшін өлмес өсиет қалдырған

бабамыздың асыл мағыналы сөздері жылдар өткен сайын жаңғыратыны шындыққа айналып отыр.

Шәкәрім «Қоғам адамды түзей ме, әлде адам қоғамды түзей ме?» деген сауал тастай отырып, адам баласын иманды болуға, Алланың ақ жолымен жүруге шақырады. Бұл сұрақтың жауабы: Жаратушы – Адам – Қоғам арқылы жүзеге асатынын аңғартады. Шәкәрім өлеңдеріндегі ең негізгі мәселе – адамды түзеу. «Қоғамды түзеу үшін адамды түзету керек» деп есептейді. Ал адамды түзететін құрал – дін. Дін адамды имандылыққа тәрбиелейді. Адам тәрбиесіне байланысты құнды ойларын қалдырды: «Адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл бар жерде адам әділетсіздікке, арамдыққа, өтірікке, алдауға тосқауыл қояды. Осы үш құндылық арқылы адам баласы түзу жолға түседі. Адам жөнделсе – қоғам мен өмір жөнделеді, Жаратушыны сүю басталады». Қазіргі заманда жеке адам тұлғасын жан-жақты дамытуға ерекше мән беріліп отырған кезде Шәкәрім шығармалары – баға жетпес қазына.

Араға жарты ғасыр салып халқымен қайта қауышқан Шәкәрім өлеңдері – қазақ халқы үшін бақыт, қайталанбайтын, сарқылмайтын мол мұра.

Шәкәрім шығармашылығындағы Адам – Қоғам – Жар – Жаратушы және дінтану мәселелерінің поэзиялық бейнеленуін дара зерттеу – қазақ әдебиеті үшін кезек күттірмейтін аса маңызды қажеттілік.

Гүлдәурен Әбілова,
Тараз инновациялық-гуманитарлық
университетінің магистранты.

«ҚҰТТЫ БІЛІКТІҢ» ХАЛЫҚ ДАНАЛЫҒЫМЕН, ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫМЕН ҮНДЕСУІ

Жүсіп Баласағұнидың «Құтты білік» дастаны мен жыраулар поэзиясының (XIII-XVIII ғасырлар) арасындағы рухани үндестік қазақ әдебиетінің тарихынан мәнгілік орыналады. Олай дейтін себебіміз: жыраулар поэзиясының өкілдері орта ғасырлардағы исламдық әдебиеттің алтын бастауларынан рухани нәр ала білді. Ізгілікті жырлаған Жүсіп Баласағұни, Ахмет Иассауи, Ахмет Йгүнеки, т.б. исламдық дәуірде өмір сүрген ақындардың шығармалары қазақ даласына рухани азық болып енген еді. *«Уа, хан ием, хан ием // Құлағыңды сал, ием. Талан болды біздерден // Сансыз дүние, мал, ием...»... «Алла тағала адамды // Тату бол деп жаратқан...», // «...Алла тағала амбеге, // Бөліп берген ырысты...»* деп жырлаған, сонау XIII ғасырда өмір сүрген Сыпыра жыраудың жырлары орта ғасырлардағы исламдық әдебиет өкілдерінің әдеби туындыларымен үндеседі. Ал XIV–XV ғасырларда өмір сүрген Құтан жыраудың *«Қара қытшақ Қобыландыда // Нең бар еді құлыным!... // Дін жолында, нұр жолында // Терең еді-ау білімің... // Суық болдың имансызға // Мүміндерге жылыдың...»* деп жырлауы исламдық түркі әдебиетінің жауһарларынан үлгі алғандығын дәлелдейді.

Жүсіп Баласағұнидың «Құтты білік» дастанында өмір туралы, қарттық туралы былай жырланады:

*...Қатулан, әділдіктен таймасын жол,
Қор қылмай жігіттіктің пайдасын көр.
Қадірін біл, жігіттік кетер тастап,
Қанша қапсыр, бұл тірлік түбі қаппақ.
Барында жігіттіктің күші бойда,
Қор қылмай, ибадат ет, пейіл қой да!
Жігіттік оындырып жандым, күйдім,
Өкініштен пайда жоқ, сөзді тыйдым.
Асқан адам қырықтың қырқасынан,
Айырылар жастық шақ сырласынан.
(Қырықтан өтсе кімнің тірлік жылы,
Жігітшілік қош айтар білгін, мұны).
Елу жасым мені де құрсауға алды,
Қарға түстес басымды қырау шалды.
«Кел! Кел!» деп шақырды үні алпыс жастың,
Жолымда ажал жатпаса, тартынбасын!
Алпысты ассаң – шілденің аптабынан,
Аттадым де қысқы аяз қақпанына...
Ей, елу, менде қалған өшің бар ма?
Етек-жеңді жұлмалап есімді алма!
Жас кезде у ішсем де шырын еді,
У қылды ішкен асты бүгін енді.*

Ақынның «Қадірін біл, жігіттік кетер тастап // Қанша қапсыр, бұл тірлік түбі қаппақ...» деуінде тереңдік жатыр. Жастық, жігіттік шақтың қайтып келмейтінін, өмірге тереңірек үңілу қажеттігін меңзейді. Тірлік дөңгеленіп жүре береді, адам да қартая бастайды. Ақын үлкен өмірді, адам өмірін екі жол өлеңмен сезіндіреді. Одан әрі ақын «Барында

жігіттіктің күші бойда // Қор қылмай, ибадат ет, пейіл қой да!..» дейді. Жастық шақтың күш-қуаты, тепсе темір үзетін кезеңі жырланады. Бұл дегенің – сол кезең әдебиеті үшін үлкен құбылыс. Ақындардың өмірге терең философиялық көзқараспен қарауы, адам пендесінің ғұмыр кешу кезеңіндегі танымдық-тағылымдық салаға қалай қарайтындығы сол дәуірдегі көркемсөз шеберлерінің де басты бағыты болғандығы айқындалады. Өмірдегі өкініш, қателіктер, қателіктерді түзетуге ұмтылыс өмірге келген әрбір адамның өмірінде болатын құбылыс ретінде айтылады. Ақын былай дейді: «*Жігіттік оындырып жандым, күйдім // Өкініштен пайда жоқ, сөзді тыйдым*».

Ақынның пайымдауынша, адам қырықтан асқан соң жастық шағымен мәңгілікке қоштасады. Енді баяғыдай адуынды қимыл жоқ, тауды құлататындай екпін жоқ, тепсе темір үзетіндей күш-қуат жоқ: «*Асқан адам қырықтың қырқасынан // Айырылар жастық шақ сырласынан // (Қырықтан өтсе кімнің тірлік жылы // Жігітшілік қош айтар білгін, мұны)...*».

Ақын адамның елу жасы туралы «*Елу жасым мені де құрсауға алды, Қарға түстес басымды қырау шалды...*» дейді. Қазақта «*Елуде – ел азасы*» деген сөз бар.

Жыраулар поэзиясында Ж.Баласағұнидың «Құтты білік» дастанында жырланған әмірші мен қарапайым халық арасындағы бейбіт қарым-қатынас мәселесі жырланатыны әдеби дәстүр жалғастығынан туындап отыр. Бұл – табиғи құбылыс. Жыраулар поэзиясының

өміршеңдігі де – осында. Ислам дәуірі әдебиеті мен Алтын Орда-қыпшақ дәуірі әдебиетінің көрнекті өкілдері қалдырған шығармаларындағы идеология жыраулар поэзиясымен астасып, үндесіп отыратыны – осының дәлелі. «Құтты білікте» елді басқарған хан, уәзірдің халық алдындағы жауапкершілігі басты мәселе ретінде алынады. *«Бекке уәзір керек, істің ұйтқысы // Жақсы болса тыныш бектің ұйқысы...»* дейді ақын. Мұнда уәзірдің ел алдындағы, халық алдындағы жауапкершілігі айқын сезіліп тұр. Ақын осыған баса назар аударған. Одан әрі *«Көтереді ол бектің ауыр жүгін де // Бекітетін бектікті өзі түбінде...»* деп жырлайды.

XV ғасырда Шу өзенінің бойында іргесі қаланған Қазақ хандығы тұсында қазақ жыраулары осы биік шаңырақтың қасиетті қазақ елінің ордасы болып қалуына өздерінің ұлттық ары мен намысын, жігерін, дарынын жұмсағаны белгілі. Жыраулар Қазақ хандығының идеологиясын қалыптастырды. Осының себебінен Қазақ хандығын құрайтын қазақ халқының ұлттық идеологиясы қалыптасты. Дүниеге қазақ хандығын дәріптейтін, жетістігі мен кемшілігін тартынбай айтатын, шын мәнінде халық мүддесін қолдайтын жыраулар поэзиясы дүниеге келді. Ал оның қайнар көзі – түркі ақындарының бірі – Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білігінде» жатқаны даусыз. Қазақтың көрнекті ғалымы Немат Келімбетов қазақ хандығының идеологиясын айқындайтын жыраулар поэзиясы туралы былай деп ой өрбітеді: «...Қазақ хандығының идеологиясын айқындап отыруда белгілі ақын-жыраулар шешуші рөл атқарғаны тарихтан мәлім. Мұндай жыраулар өздерінің дидактикалық,

философиялық, этикалық, моральдық мазмұндағы толғауларында қазақ қауымының әрбір мүшесі үшін міндетті болып табылатын этикалық-моральдық ұстанымдарды, мінез-құлық нормаларын жырға қосты. Дәуір үні болған кемеңгер жыраулар ханның шешімін бұқара халыққа, ал халықтың талап-тілегін ханға жеткізуші дәнекер буын іспеттес еді. Сөйтіп ел басқарған хандарға, сұлтандарға ақыл-кеңес беріп, оларға бағыт-бағдар сілтеп отыру дәстүрін қазақ жыраулары жалғастыра түсті. Қазақ жыраулары, өздерінің бұрынғы түркі шайырларына қарағанда, елді басқаратын әкімдерге айтатын ой-пікірін, ақыл-кеңесін абстракты түрде емес, мейлінше нақтылап жеткізді. Тіпті, оларды қажетті сәтте халық атынан сынап, мінеп отырды...» (*Ежелгі дәуір әдебиеті. А., «Атамұра», 2005, 203-бет*).

«Құтты білік» дастаны халық даналығымен, жыраулар поэзиясымен үндесіп, халықтың рухани қазынасы бола білді. «Құтты біліктің» бізге жақын көрінуінде осындай себептердің болуы да табиғи құбылыс еді. Жүсіп Баласағұни шығармасы қазақ жырауларына, қазақ ақындарына құнарлы идеологиялық бағыт болды. Осы бағыт әдеби жалғастықтың шынайы көрінісі болып, кейінгі ұрпақтарға рухани азық сыйлады. Қазақ хандары ел басқару ісін, шетел басқыншыларынан қорғану ісін, адалдық пен мейірімділік қасиеттерді үйрене білді. Сондықтан дәуір үні болған «Құтты білік» уақыт өткен сайын өз маңызын жоғалтып емес, барша түркілерге күш-қайрат беретін қуатты идеологияға айналды.

Патима ӘЛІМБЕКОВА,
Мұхтар Әуезов атындағы
мектеп-гимназия
мұғалімі.
Жамбыл облысы,
Сарысу ауданы,
Жаңатас қаласы.

«МАҒЖАНТАНУ» ТАҢДАУ КУРСЫНА АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ДӘПТЕРІ

(6-сынып)

(Бастапқы бөлігі өткен сандарда)

32-сабақ

«Қорқыт» поэмасы

1. Қорқыттың өліммен күресуі жырда қалай суреттеледі?

2. «Қорқыт туралы аңыздар көп. Қорқыт – бір кездегі қауым тіршілігіндегі белгілі адам. Ол жайындағы мәліметтер аңыз болса да, Қорқыт тарихи адам болғанына ешкім таласпауы тиіс».

Әлкей Марғұлан.

Зерттеуші Әлкей Марғұланның пікірін өз ойыңмен әрі қарай сабақтап жаз.

3. Қорқыттың қандай күйлерін білесің?

4. Қорқыт атаның соңында күйлері, жырлары гана емес, көптеген нақыл сөздері де қалды. Қорқыт атаның нақыл сөздерінен өзіңе ұнаған біреуінің мағынасын ашып бер.

А) Қыз анадан көрмейінше, өнеге алмас, Ұл атадан көрмейінше, сапар шекпес.

Ә) Дәулетті ұлың болса, ошағыңның қоры болар, Дәулетсіз ұл болса, ошағыңның соры болар.

Б) Жер қадірін ел біледі, ел қадірін ер біледі.

В) Құлан құдыққа құласа, құрбақа құлағында ойнайды.

Г) Көңілі пасық ерде дәулет болмас.

Ғ) Қар қаншама қалың жауғанмен жазға бармас. Д) Ана үшін бала – екі көздің сыңары. Ұлың өсіп жетілсе – отбасының мерейі, бас-көзі.

Ж) Атаның атын былғаған ақылсыз баланың тумағаны артық.

З) Өтірік сөз өрге баспайды. Өтірікші болғаннан жарық көріп, өмір сүрмеген көп артық.

5. «Қорқыт» сөзіне сөзтізбек құрастырып көр.


Қ
О
Р
Қ
Ы
Т

6. «Қорқыт ата кітабы» қазіргі кезде қай қалада сақталған?

7. Пікір алмасу.

- Сонымен, балалар, Қорқыт бабамыз өлмейтін өмір іздеп, таба алмай кетіпті. Ал сендердің ойларыңша, дүниеде не өлмейді?

8. Топтастыру.



33-сабақ

«Жұлдыздай аққан жыр-ғұмыр»

1. Ақынның әлеуметтік тақырыптарға арналған жырларын атап жаз.

2. Ақын аудармаларының тақырыптарын жазып шық.

3. Мағжанның бір өлеңін жатқа жаз.

4. «Мағжан Жұмабаевты мен өзіндік ерекше, табиғат болмысы бөлек ақын, өлеңнің асқан шебері санағанмын және солай санаймын да. Бұл орайда ол Абайдың лайықты жолын қуушы әрі

дамытушы деуге болады».

Сәйфи Құдаш,

башқұрт халқының жазушысы.

Сәйфи Құдаштың пікірін әрі қарай өз ойыңмен жалғастырып жаз.

5. Мағжан болып бүгінгі күн биігінен жастарға тіл қатып көр.

34-сабақ

Тест сұрақтарына дұрыс жауап бер.

I нұсқа

1. Мағжан Жұмабаев қай жылдары өмір сүрді?

А) 1892-1937 ж.; Ә) 1893-1938 ж.; Б) 1895-1938 ж.

2. Метонимия дегеніміз не?

А) өзара шектес заттар мен себептес құбылыстардың, өзара байланысты ұғымдар мен шартты сөздердің бірінің орынына бірін қолдану;

Ә) -дай, -дей жұрнақтары арқылы жасалатын көркемдегіш тәсіл;

Б) дерексіз нәрселерді көзге көрінер деректі нәрсеге ауыстырып айту.

3. Ақынның алғашқы өлеңдер жинағы қалай аталады?

А) «Орал тауы»; Ә) «Қарағым»; Б) «Шолпан».

4. Мағжан жазған поэма.

А) «Орал»; Ә) «Қорқыт»; Б) «Қайық».

5. Берілген шумақтар қай өлеңнен алынған?

Алтын күн батып барады

Күйдіріп көктің жиегін.

Құралай көзді қарағым,

Болдың ба иіріп жібегің?

А) «Батқан күн, атқан таңның жыры»;

Ә) «Ана»; Б) «Жұмбақ».

6. «Қаракөк» деген жылқы атауы ақынның қай өлеңінде кездеседі?

А) «Ұлан»; Ә) «Жауынгердің жыры»; Б) «Ана».

7. Ауру бөбегінің жанында уайым жеген ана бейнесі кездесетін туынды:

А) «Ана»; Ә) «Анама»; Б) «Туған жер».

8. Өлеңде қандай көркемдегіш тәсіл бар?

Көкті көрмес көр олар,

Қарашы, қанша жұлдыз бар,

Күліп қана жүзеді Ай.

А) Тенеу; Ә) Омоним; Б) Кейіптеу.

9. Ақынның сатиралық шығармасы:

А) «Қазақ тілі»; Ә) «Төбет»; Б) «Құрбым».

10. Берілген үзінді қай өлеңнен алынған?

Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп,

Нұрлы жұлдыз – бабам тілі, сен қалдың!

А) «Қазақ тілі»; Ә) «Ана»; Б) «Туған жер».

11. Тенеуді тап.

Сондай сұлу сәулетай,

Бір қарашы. Аңсадым.

Суда ойнаған шабақтай

Сүйреңдейді саусағың.

А) Сондай сұлу сәулетай;

Ә) Суда ойнаған шабақтай;

Б) Сүйреңдейді саусағың.

12. Бұрынғы өмірді аңсап, бүгінгі күнге көңілі толмайтын ақын өлеңі.

А) «Мен жастарға сенемін»;

Ә) «Қысқы жолда»; Б) «Өткен күн».

13. Берілген өлең жолдарында қандай көркемдегіш тәсілдер бар?

Отырған қараңғы үйдің терезесінен

Көремін мұңды, нұрлы толған Айды.

А) Эпитет; Ә) Тенеу; Б) Метафора.

14. Қала мен ауыл өмірін салыстыра суреттейтін шығармасын табыңыз.

А) «Туған жер»; Ә) «Жұмбақ»;

Б) «Жазды күні қалада».

15. Діни бағытта жазылған шығармасы.

А) «Тәңірі»; Ә) «От»; Б) «Айға».

16. Берілген шумақтар қай өлеңнен алынған?

Қараңғы, дауылды түн сар далада,

Патшалық құрған өлім айналада.

Шыраққа қолымдағы от тұтаттым,

Үмітпен біразырақ деп: «Жана ма?»

А) «Қараңғы, дауылды түн»;

Ә) «Өткен күн»; Б) «Қазағым».

17. Ақын 1929 ж. қандай жаламен ұсталды?

А) Үкіметке қарсы өлеңдер жазғаны үшін;

Ә) «Шолпан» жинағын шығарғаны үшін;

Б) «Алқа» астыртын ұйымын құрды деген желеумен.

18. «Бейнет, еңбек қылмасаң – босқа өлгенің» деп еңбекке үндейтін туындысы.

А) «Ұлан»; Ә) «Құрбым»; Б) «Жұмбақ».

19. Анасының ақылын тыңдамай жолға шығып, қазаға ұшырайтын жігіт бейнесі ақынның қай шығармасында кездеседі?

А) «Ұлан»; Ә) «Құрбым»; Б) «Жауынгер жыры».

20. Генрих Гейнеден аударған туындысын табыңыз.

А) «Күннің батуы»; Ә) «Жазғы таң»; Б) «Қарағым».

21. Ақынның мысал өлеңі.

А) «Құрбым»; Ә) «Мысық пен ет»; Б) «Бір биге».

22. Ақынның оқу, білімге шақырған туындысы.

А) «Күншығыс»; Ә) «Жазғы таң»; Б) «Қарағым».

23. «Шын хакім, сөзің асыл баға жетпес» деген өлең жолдарын ақын кімге арнаған?

А) Анасына; Ә) Досына; Б) Абайға.

II нұсқа

1. Мағжанның өлеңін белгілеңіз.

А) «Қансонарда бүркітші шығады аңға»;

Ә) «Жиіленді қара орман»;

Б) «Анау – аспан, мынау – бақ».

2. Мағжан 1905-1910 жылдары қайда оқыды?

А) Қызылжардағы медреседе;

Ә) Омбыдағы семинарияда;

Б) Семейдегі медреседе.

3. Ақынның алғашқы өлеңдер жинағы қалай аталады?

А) «Алқа»; Ә) «Жазғы түнде»;

Б) «Шолпан».

4. Мағжан жазған поэма.

А) «Орал»; Ә) «Қорқыт»;

Б) «Қайық».

5. Берілген шумақтар қай өлеңнен алынған?

- *Неге ойлайсың, құлыншағым?*

Не мұңың бар, айт, қарағым!

Жассың, ойға әуес болма,

Ой жеткізбес, ол – бір сағым!

А) «Ұлан»; Ә) «Құрбым»;

Б) «Жұмбақ».

6. Ақынның табиғат лирикасы.

А) «Қыс»; Ә) «Жаз келеді»;

Б) «Өзен».

7. Ауру бөбегінің жанында уайым жеген ана бейнесі кездесетін туынды.

А) «Ана»; Ә) «Анама»;

Б) «Туған жер».

8. Өлеңде қандай көркемдегіш тәсіл бар?

Жаратылдым топырағыңнан, сен – түбім.

Жалғаны жоқ, бәрі сенен жан-тәнім.

Сенен басқа жерде маған қараңғы,

Жарық болар Шолпан, Айым, сен – Күнім.

А) Теңеу; Ә) Эпитет;

Б) Метафора.

9. Ақынның сатиралық шығармасы.

А) «Қазақ тілі»; Ә) «Төбет»;

Б) «Құрбым».

10. Берілген үзінді қай өлеңнен алынған?

Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп,

Нұрлы жұлдыз – бабам тілі, сен қалдың!

А) «Қазақ тілі»; Ә) «Ана»;

Б) «Туған жер».

11. Теңеуді тап.

*Жұмсақ мінез жібектер,
Сүттей таза жүректер,
Қасиетті тілектер –
Мен жастарға сенемін.*

- А) Жұмсақ мінез жібектер;
Ә) Сүттей таза жүректер;
Б) Қасиетті тілектер.

12. Бұрынғы өмірді аңсап, бүгінгі күнге көңілі толмайтын ақын өлеңі.

- А) «Мен жастарға сенемін»;
Ә) «Қысқы жолда»;
Б) «Өткен күн».

13. Берілген өлең жолдарында қандай көркемдегіш тәсілдер бар?

*Отырған қараңғы үйдің терезесінен
Көремін мұңды, нұрлы толған Айды.*

- А) Эпитет; Ә) Теңеу; Б) Метафора.

14. Қала мен ауыл өмірін салыстыра суреттейтін шығармасын табыңыз.

- А) «Туған жер»;
Ә) «Жұмбақ»;
Б) «Жазды күні қалада».

15. Діни бағытта жазылған шығармасы.

- А) «Тәңірі»; Ә) «От»; Б) «Айға».

16. Берілген шумақтар қай өлеңнен алынған?

*Балақ түріп, қозы қуып, жарысып,
Батпағыңда тең құрбымен алысып.
Түнде – ақсүйек, алтыбақан, ал күндіз
Үйретем деп асау тайға жабысып.*

- А) «Туған жер»;

Ә) «Өткен күн»;

Б) «Қазағым».

17. Ақынның әкесінің есімі.

- А) Сейфолла; Ә) Жұмабай; Б) Бекен.

18. Кинофильмге айналған ақын поэмасы.

- А) «Ертегі»; Ә) «Батыр Баян»; Б) «Жүсіп хан».

19. «Менің Абайдан кейінгі жақсы көрерім – Мағжан» деген сөзді кім айтты?

- А) Мұхтар Әуезов;
Ә) Сәкен Сейфуллин;
Б) Ахмет Байтұрсынұлы.

20. Берілген үзінді қай шығармадан алынған?

*Бір күні шошып тұрып көргендей түс,
Кесіп ап қарағайдан қылды қобыз.
Қыл қылып қобызына сөйлетіп ед,
Алтайды күңірентіп шықты лебіз.*

- А) «Өткен күн»; Ә) «Қорқыт»; Б) «Айға».

21. Өлең жолдарында қандай көркемдегіш тәсіл бар?

*Ақын – жел, есер, гулер жүйрік желдей,
Ақын – от, лаулап жанар аспанға өрлей.*

- А) Метафора, теңеу, эпитет;
Ә) Теңеу, кейіптеу, синоним;
Б) Метафора, теңеу, ирония.

22. Ілулі етке қолы жетпей, менменситін кейіпкер.

- А) төбет; Ә) бір би; Б) мысық.

23. Береке, бірлік туралы нақыл сөзді табыңыз.

- А) Халық – қатесіз сыншы;
Ә) Көп тепкен жерден көл шығады;
Б) Атаның баласы болма, адамның баласы бол.

Анаргүл ЖАРМҰҚАНОВА,
Астана қаласындағы Еуразия
гуманитарлық институты
колледжінің оқытушысы.

ҚАРА ӨЛЕҢНІҢ ХАНТӘҢІРІ

Сабақтың мақсаты: білімділік – қазақ халқының біртуар перзенті, ақиық ақын, поэзия әлемінде өшпестей із қалдырған Мұқағали Мақатаевтың өмірімен жан-жақты таныстыру, шығармашылық жолынан мәліметтер беру, ақын жырларының құдіретін сезіну, адам тіршілігіндегі маңызын, тіл шұрайын таныту; **дамытушылық** – оқушының сөйлеу тілін дамыту, өз ойын еркін, жатық жеткізе білуге одан әрі дағдыландыру, ізденушілік қабілетін дамыту, ғылыми ізденіске жол ашу, шығармашылық жұмысқа үйрету; **тәрбиелік** – оқушыларды поэзияны сүйе отырып, өз халқының әдебиетіндегі бай мұрасын құрметтеуге, қасиетті нәрселерді қадір тұтуға тәрбиелеу.

Әдісі: сұрақ-жауап, түсіндіру, ой қозғау, топтастыру. **Түрі:** пысықтау сабақ (кредиттік оқыту жүйесі бойынша ОСӨЖ). **Көрнекілігі:** «Мұқағали – поэзияның Хантәңірі» кітаптар көрмесі, интерактивті тақта, өлеңдері, ақын туралы естеліктер, бейне фильм, бағалау парағы.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру. Оқушылармен амандасу, қажетті құрал-жабдықтарын тексеру.

Ән: «Есіңе мені алғайсың».

Кіріспе сөз.

- Иә, ақын өзі жырлап кеткендей, бүгінгі біздің сабағымыз ақынды, ақынның құдіретті жырларын еске алуға арналып отыр.

Мұқағали Мақатаев – ғажайып, ақиық, сыршыл ақын. Ақын өлеңдерін оқыған сайын ақиқат бейнелі рух, сезім мен сананың бірлігі көңілге ұялайды. Оның артына қалдырған өшпес мұрасы қараңғы түн қойнауынан құпия сәулесін шашқан жарық жұлдыздай жарқырап, айқындала түседі. Абаймен үндес Мұқағалидай перзенті бар қазақ елі бақытты.

(Мұқағали туралы бейнефильм).

II. Жобалау стратегиясы. Шағын топтармен жұмыс.

Ұсынылған конверттерден тақырып таңдап алу арқылы әр топ өз зерттеу жұмыстарымен таныстырады.

1-топ: «Ақын келбеті» (Ақын өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат беру).

- Ал, зерттеушілер, қандай зерттеулер жасап келдік? Ақын өмірі жайлы қандай мағлұмат бере аласыңдар? Туған жері туралы өлеңдері бар ма?

1-оқушы:

- Қарасаз, кіндік қаным саған тамған,
Жолдасым бірге келген сенде қалған.

Шыбықтан ат қып мініп, балық аулап,
Өзен мен орманыңда асыр салғам.

Әне тұр менің туған жаман тамым,
Сол тамда көргем тұңғыш өмір шамын.
Есігін өмірімнің сонда ашып,
Іңгәлап мен де өмірге ұмтылғанмын.
Жиегінде өзеннің ол тұрады,
Қарасам, көзді жасқа толтырады.
Қымбат маған көзімнің қарасындай,
Ол тамның әрбір түйір топырағы.

2-оқушы: - Мұқағали қарапайым ақын емес,
қияннан сөз тауып, қиыннан қиыстырған қыран
еді. Қатарынан оза шапқан тұлпар еді. Отты жүрек,
орамды тілмен поэзия әлеміне үлесін қосқан айтулы
азамат еді.

3-оқушы: - Мұқағали аға – өмірінің соңына дейін
қолынан жүйрік қаламы түспеген, қазақтың қара
өлеңінің құдіретіне, терең сырына қаныққан ақын.

2-топ: «Поэзия – жүрек тілі» (Ақын өлеңдерін
оқу).

*Мұқағали Мақатаев поэзиясы жұмыр жердің
барлық мәселесіне араласқан, кең, ауқымды
тақырыпты қамтиды. Оның туған жер, адамдар
тағдыры, өмір мен өлім, ана мен бала, ақын мен
ақындық, соғыс тауқыметі,* т.б. тақырыптағы
лирикасы қайталанбас ұлттық сипатта, ұлттық зермен
кестеленген.

(Ақынның «Поэзия», «Үш бақытым», «Махаббат»,
«Ана, сен бақыттысың», т.б. өлеңдері оқылады).

3-топ: «Ақиық ақын – Мұқағали Мақатаев»
(Ақын туралы естелік және лебіздер)

«Жазылар естеліктер мен туралы,
Біреулер жан еді дер өр тұлғалы.

Біреулер тұлпар еді дер ме, мүмкін,
Бүтінделмей кеткен бір ер-тұрманы» деп ақын
өзі жырлағандай, жарық дүниедегі аз ғұмырының
мәңгілікпен жалғасатынын ақынның сезімтал жүрегі
сезген сияқты. Ол туралы естеліктер жазылып жатыр,
әлі де жазылады.

Ақынның жұбайы Лашын Әзімжанованың,
қыздары Алмагүл мен Шолпанның естеліктері
оқылады.

III. «Тіл өнері» ой қозғайды.

Бұл бөлімде ақынның өлеңдерінен үзінділер
оқылып, жыр жолдарында жасырынған сөздерді
тауып, үш тілде жауап береді.

1. Алаулатып тойдың шоғын үрлемей,

Құшақ-құшақ шоқтарын лақтырып,
Мынау шапан, мынау атың, мін демей.
(гүл-цветок-flower)

2. Жігітінен қазақтың таба алмай,

Қыз да болсаң, мен саған мұң шағамын.
(дос-друг-friend)

3. Аспанындай кей сәтте күрсінемін,
Жас талындай жауқазын бүршік едім.

Кең дүние, керемет қалпыңменен
..... болып кеудеме кірші менің!
(жүрек-сердце-heard)

4. Ең бақытым – халқым менің,

Соған берем ойымның алтын кенін.
(бірінші-первый-first)

5. Жапырақ жүрек, жас қайың,
Жанымды айырбастайын.

Сен бола бастасаң,

Мен қайың бола бастайын.

(адам-человек-people)

5. Өмірде әлі қауіп көп қой не түрлі,

Қарт қалғымай күзетші боп бекінді.

Сәл ұйықтаса немере төрт жаққа

Көзден ғайып болатұғын секілді.

(төрт-четыре-four)

6. Мен болсам, сен таң болдың жаңа атқан,

Мен ашу да, сен ақылсың нәрі аққан.

(түн-ночь-night)

7. Өкінбе,, отың бар сөнбейтұғын,

Ол мәңгілік жанады көрмей тыным.

(әке-отец-father)

8. Ақ ұлпа жерді жапқанда,

..... сырға таққанда.

(ағаштар-деревья-trees)

IV. Қорытынды. Ұяшықтар арқылы білімгерлер сұрақтарға жауап беріп, сабақты қорытындылайды. 20, 30, 50 сандары ұпай ретінде есептелінеді.

20	30	50
20	30	50
20	30	50

1. Сол жақтағы үстіңгі – 20. Ақын өлеңіне жазылған қандай әндерді білесіңдер? («Сарыжайлау», «Есіңе мені алғайсың», «Сәби болғым келеді», т.б.).

2. Оң жақтағы үстіңгі – 50. Ақынның табиғи мүсіні қай жерде орналасқан? (**Мұқағали ақынға ұқсайтын үлкен тас мүсінің суреті бұл – адамның емес, табиғаттың күшімен жасалған мүсін екен. Бұл ғажайып құбылыс қай жерде орналасқан? Алматы облысы, Көкпек жотасында.**)

3. Ортадағы үстіңгі – 30. Мұқағали өлең жазуды қай жасында бастаған? (*11 жасында*).

4. Сол жақтағы ортадағы – 20. Мұқағалидың өмірге келген уақыты? (*1931 жыл, 9 ақпан*).

5. Ортадағы – 30. «Ғажайып даналықтың бір көзі – Мұқағали поэзиясы, бізде енді поэзия дәуірі басталды» – кімнің сөзі? (Әбділда Тәжібаев).

6. Оң жақтағы ортадағы – 50. Мұқағалидың ақын досы кім? (Шәміл).

7. Сол жақтағы астыңғы – 20. Мұқағалидың шын есімі кім? (Мұқаметқали).

8. Ортадағы астыңғы – 30. «Дариға, домбырамды берші маған» әні кімдерге арналып жазылған? (Нұрғиса мен жұбайына).

9. Оң жақтағы астыңғы – 50. «Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев, Өлтіре алмас, алайда өлеңді ешкім» деп кім айтқан? (Мұқағали).

V. Үй тапсырмасы: «Өр мінезді өлеңдер өрнек-теген кемеңгер» деген тақырыпқа шағын шығарма жазу.

VI. Бағалау. Бағалау парағы арқылы жүзеге асырылады.

Гүлжан АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ,
Батыс Қазақстан облысының
Тасқала ауданындағы
Жалпы орта білім беретін
«Оян» мектебінің мұғалімі.

«АҚҚУЛАР ҰЙЫҚТАҒАНДА»

(8-сынып, 2-сағаты)

Мақсаты: білімділік – оқушылардың поэма жайында игерген материалдарын нақтылау, шығармашылық жұмысқа үйрету; **дамытушылық** – шығармаға жан-жақты талдау жасау арқылы оқушылардың сөздік қорын байыту, дамыту; **тәрбиелік** – оқушыларды ізгілікке, адамгершілікке, қоршаған ортаны қорғай білуге тәрбиелеу.

Түрі: білімді бекіту. **Әдіс-тәсілі:** СТО әдістері. **Көрнекілігі:** слайд материалдары. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, биология.

Сабақтың өту барысы.

Ұйымдастыру: 1) Оқушылармен амандасу.
2) Сыныптың сабаққа дайындығын пысықтау. Назарларын сабаққа аудару.

Үй тапсырмасын сұрау.

Әр ғасырдың біртуар адамы болады. Зымыран уақыттың пешенесіне жарық жұлдыз боп қадалған Абай, Мағжан, Қасым, ...Мұқағали болар. Мұқағали «Абай жаққан сәулені» сөндірмей, кейінгі ұрпағына қалдырды. Сол жыр сәулені әрі қарай лаулатар ақын келеріне сенді.

«Туады, туады әлі нағыз ақын,
Нағыз ақын бал мен у тамызатын...» деген болатын...

Оқушылардың үйден дайындалып жаттап келген өзіне ұнаған өлеңін жатқа айтуы және сенің Мұқағалидың екенін дәлелдеу тапсырмасы сұралады. Сұрақ: «Сенің Мұқағалидың қандай?»

Оқушылардың жауаптарын тыңдау.

Оқушыларды топқа бөлу. (Молекула, атом 4 әдісі бойынша)

СТО стратегияларын пайдалана отырып, жаңа сабақты бастау.

– Поэзия патшалығына сапар шегіп көрейік. Міне, патшалықтың алтын қақпасы ашылды. «Аққулар ұйықтағанда» сарайының кілті – өз қолдарыңда. Қазіргі сәттен бастап осы сарайдың сырына үңіліп көрейікші. Іске сәт!

«Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан үзіндіні таспадан тыңдау.

Қызығушылықты ояту. Категориялық топтастыру.


Сұрақ. Поэма не туралы жазылған? Кейіпкерлері кімдер? Басты кейіпкерлерге сипаттама бер. Ана-Аққу-Бала.

Жеке жұмыс. Оқушылар жеке ойланып, өз білетіндерін дәптерлеріне жазады.

Жұппен жұмыс. Бірін-бірі тексеріп, алып қосарларын қосады.

Топпен жұмыс. Барлығы бірігіп, қажет дегендерді тақтаға жазады.

Категориялық топтастыру



Мағынаны тану. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы туралы не білетінін сұрау.

1) ББҮ кестесімен жұмыс:

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім
Оқушылар поэма туралы не білетіндіктерін жазады. Жоспар түрінде көрсетуге болады.	Поэма мазмұнынан басқа не білгің келеді?	Сабактан қандай жаңа ақпараттар алдың?

Еске түсіріп жіберу. Поэма қалай басталып еді? Поэма қалай аяқталды?

- Балалар, осы поэма мазмұнынан басқа не білгілерің келеді? (Өздерін қызықтырған мәліметтер бойынша сұрақтарын «Білгім келеді бөліміне» толтырады).

«Аққу» мәтінін беру. Оқушылар мәтінмен танысып, өздері білмейтін жаңа мәліметтерді, жаңа ақпараттарды дәптерлерінің «Үйрендім» бөліміне

толтырады.

Білемін:	Білгім келеді:	Үйрендім:
<ul style="list-style-type: none"> - Жетім-көлдін табиғаты. - Ауру бала, шарасыз ата-ана. - Тәуіп шалдың айтқаны. - Ананың көлге келуі. - Жылқышының әңгімесі. - Ананы аққудың киесі ұруы. - Аққулардың оралмауы. 	<ul style="list-style-type: none"> - Аққулар мекені туралы. - Қазақстанның қай жерлерінде бар? - Қанша түрі бар? - Аққулар туралы өлең-жырлар. - Тыйым сөздер, т.б. 	<ul style="list-style-type: none"> - Қаз тәрізділер отряды, үйрек тұқымдас. - Австралияда қара түстісі мекендейді. - Жақсы жүзеді, сүңги алмайды. - Су өсімдіктерінің тамыры мен жеке жұмсақ түйіндерімен қоректенеді. - Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауында, Ақтау қаласының маңында қыстап шығады. - Қазақстанды мекендейтін екеуі – сыбырлақ және сұңқылдақ аққулар. - С.Сейфуллин «Аққудың айырылуы», Қорқыттың, Н.Тілендиевтің «Аққу» күйлері, Б.Аюхановтың «Аққу биі». - «Аққуды атуға болмайды», «Махаббаттарың айдында жүзген қос аққудай болсын!».

Аққулар (лат. Cygnus) – қаз тәрізділер отряды, үйрек тұқымдасының жеке туысына жататын өте сымбатты құстар. Қазақстанда аққудың (Cygnus) үш түрі (сұңқылдақ аққу, сыбырлақ аққу, кіші аққу) кездеседі. Мойыны мен денесінің ұзындығы тең әрі иіліп келген.

Денесі созылыңқы, басы онша үлкен емес, тұмсығы тік әрі жалпақтау келеді. Қысқа сирағы денесінің арт жағында орналасқан. Қауырсыны тығыз әрі үлпілдек мамықты, шымқай ақ түсті (тек Австралия мен Тасманияда кездесетін бір түрі ғана шымқай қара).

Салмағы – 5-10 кг, ең ірісі 13 кг-ға жетеді. Қанатының ұзындығы – 150-180 см.

Тіршілігінің көп уақытын суда өткізеді, жақсы жүзеді, бірақ сүнгі алмайды, құрлыққа сирек шығады. Аққу жұп құрып, тіршілік етеді.

Олардың мойындары 20-25 омыртқадан тұрады. Аққулар адамдар бара алмайтын, су жағалауларының түкпірін көбірек мекендейді. Олар қосарланып жүреді. Әрбір ұрғашысы жылына 3-5 жұмыртқа салады. Жұмыртқаларын 3-40 күн басады, оларға жұптасып қамқорлық жасайды. Жылына бір рет түлейді. Ересектері су өсімдіктерімен, кейде судағы омыртқасыз жәндіктермен, ал балапандары су жәндіктерімен қоректенеді. Аққулар судың тайыз жерлерінен қоректерін аулайды.

Аққу – жыл құсы. Қыс жылы кезде аққудың біраз тобы Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауында – Ақтау қаласының маңында қыстап шығады.

Аққуды қазақ халқы ежелден қастерлеп, бақыттың бастамасы, жақсылықтың жаршысы, пәктіктің, сұлулықтың белгісі деп есептейді әрі киелі құс төресі санап, оған еш уақытта оқ атпайды. Аққудың аталығын «сапар», балапанын «көгілдір», мойынын «сұңғақ» деп дәріптейді.

Сәкен Сейфуллиннің «Аққудың айырылуы», Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда», Қорқыт бабаның, Кожеке Назарұлының, Тоқа Шоңманұлының, Ықылас Дүкенұлының, Нұрғиса Тілендиевтің «Аққу» күйлері, Болат Аюхановтың «Аққу биі» халқымыздың аққуға деген сүйіспеншілігінің белгісі болып есептелінеді. Аспан

әлеміндегі шоқжұлдыздың бірі «Аққу жұлдызы» деп аталады. Халқымыздың ауыз әдебиетінде аққуға байланысты даналық ұғымдар, аңыз-әңгімелер, мақал-мәтелдер, теңеулер жиі кездеседі: «Аққу – құстың төресі, жалғыз жатып оттамас», «Сүйріктей аққу мойын», «Аққудай ару», т.б. Аққудың қауырсыны әсемдік үшін пайдаланылады.

Қазақ халқы «Аққуды атуға болмайды», «Махаббаттарың айдында жүзген қос аққудай болсын!» деген дана сөздер қалдырған.

Аққу үш-төрт жасқа дейін ақ емес, сұр қу (егер осылай айту мүмкін болса) боп өседі. Түсі көктен, көгілдірден гөрі күлге не шаңға аунатып алғандай сұрғылттанып тұрады. «Бесік баласы бес түлейді» деген мақалға сай ол да үш-төрт түлеп барып, нағыз аққуға айналады.

Семантикалық карта (Бос кесте беріледі).

Әр оқушы кейіпкерлерге сәйкес сөйлемдерді мәтіннен алып толтырады.

Кейіпкерлер сөзі	Ана	Әке	Жылқышы	Тәуіп шал
- Мана, күндіз тәуіп шал не деп кетті?!	+			
«Аққуменен баланы аластандар»				+
- Апыр-ай, қалай барам, қалай барам?		+		
- Жалғыз ұлдан артық па, жалған бәрі!	+			
- Ей, кімсің? Тірісің бе? Жаның бар ма?			+	

Гүлжан САДЫҚОВА,
Шәкір Жексенбаев атындағы
жалпы орта білім
беретін мектептің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Бөкей Ордасы ауданы,
«Ұялы» ауылы.

(Оқушылар жауабы).

Толғаныс сатысы. – Балалар, поэма мазмұнымен, аққулардың тіршілігімен толық таныстық. Қалай ойлайсыздар, поэмадағы бақытсыз жан кім?

Эссе: «Поэмадағы ең бақытсыз жан кім?»

– Ендеше, өздеріңді сол рөлге қойып көріп, себебін 5 минут уақыт аралығында жазып беріңіздер. (Мұғалім өзі де бірге орындайды).

Назымның эссесінен үзінді «...Поэмадағы ең бақытсыз жан ана деп ойлаймын. Себебі ол аңғалдығынан, тәуіп шалдың айтқанына сенемін деп баласынан айырылды. Ана баласына деген махаббаттың күшімен киелі құсқа оқ атты. Соңында бақытсыз болды».

Нұрболдың эссесінен үзінді: «...Поэмадағы ең бақытсыз жан аққу деп ойлаймын. Себебі табиғаттың сәні болған аққуды, жазықсыз құсты ана ескі наным-сенімге сеніп атты. Бұл жерде аққудың не кінәсі бар еді? Аққу – киелі құс, оған оқ атуға болмайды».

Сабақты қорыту. Мұқағали – жыр жазудың шебері. Осы поэмада басы артық дүние жоқ. Абай айтқан, «теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы» деген өлшемге композициясы да сыйып тұрған поэма.

– Құрметті шәкірттерім, ақын Фариза Оңғарсынова “Мұқағалидай ақыны бар халық – бақытты халық” деген екен. Олай болса, сыршыл ақынның өміршең шығармасымен танысқан сендер сол бақытты халықтың бақытты ұрпағы бола біліңдер.

ӨЛЕҢ ӨЛКЕСІНІҢ ДАРАБОЗ ДАРЫНЫ

Мақсаты: а) ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың рухын оқырман жүрегіне ұялату, олардың өнерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыру; ә) өлеңді мәнерлеп жатқа оқуға дағдыландыру; б) отаншылдыққа, туған жерге деген сүйіспеншілікке, табиғат әсемдігін түсінуге тәрбиелеу.

Кіріспе сөз.

«Ей, өлең, маған тиген еншім едің,
Бой жазайын, қасыма келші менің.
Менің саған шамалы жақсылығым,
Сен де маған, әрине, көншімедің.
Сананы сары уайым сарылтқанмен,
Тынысты тұйық тұман тарылтқанмен,
Үзбеймін күдерімді жарықтан мен,

Үзбеймін күдерімді халықтан мен» деп ақын өзі жырлағандай, жыр әлемінде өз ойын, өмір шындығын көркем тілде ақындық биік тұрғыдан

тұтас шеберлікпен жырлаған, өз дәуірінің шежіресін айқын да айшықты бояумен жеткізген, қасқая қарап ақиқатты жырлаған Мұқағали Мақатаев шығармалары 60-80 жылдардың көркем тілмен жазылған тұтас бір шежіресі секілді.

(Бейнеслайд)

1-оқушы: - Қазақтың әйгілі ақыны Мұқағали Мақатаев 1931 жылы 9 ақпанда Алматы облысының Нарынқол ауданындағы Қарасаз ауылында дүниеге келген. Мұқағалидың әкесі Сүлеймен шаруа адамы еді. Бастауыш сыныпты Қарасазда оқиды. Орта мектепті аудан орталығы – Нарынқолдағы интернатта оқып бітірді. 14-15 жасынан өлең жаза бастады. 10-сыныпта оқып жүрген кезінде «Білім үшін», «Алға» газеттерінде Мұқағалидың өлеңдері жиі шыға бастады. Ауылдағы мектепте мұғалім болып істеді.

2-оқушы: - Мұқағалидың жазған өлеңдері көп, бірақ кезінде оның өлеңдері талай кедергілерге ұшырап, баспа бетіне шықпаған. Оның көзі тірісінде жарық көрген соңғы кітабы – «Өмір – дастан».

(«Поэзия», «Автограф», «Арыз жазып кетейін», «Әке», «Ұлыма» өлеңдері жатқа оқылады).

3-оқушы: - Ақынның туған еліне деген махаббатында шек бар ма?! Біз де ақынмен бірге туған жерді жырлайық!

(«Қарасаз», «Елім барда» өлеңдері жатқа айтылады).

1-жүргізуші: - Мұқағали поэзиясы ана мен бала махаббатын жырлайды. Қыз бен жігіттің ғашықтық сезімін, адамның ары мен тазалығын жырлайды.

Олай болса ақынның *«Махаббат диалогіне»* кезек берейік.

2-жүргізуші: - Ақиық ақын өлеңдерін үлкен де, кіші де сүйсіне оқиды, тамсана оқиды, таңырқай оқиды. Ақын өлеңдерінің өміршеңдігі олардың мағынасы терең мазмұнында, кез келген адамның жүрегіне қона кетер қарапайымдылығында жатса керек.

Ән: «Сарыжайлау».

1-жүргізуші: - Сонау он жаста бастау алған бала ақынның кіршіксіз сәби үні биікке самғады, өлең артынан өлең, дастан артынан дастан тізіліп, жарық көре бастады. Олар: «Қарлығашым, келдің бе?», «Шуағым менің», «Жылап қайттым өмірдің базарынан», «Соғады жүрек», «Дариға-жүрек», «Қош, махаббат», «Өмір-өзен», т.б.

(«Жарық дүние-ай», «Жүрек арызы», «Ей, өмір» өлеңдері айтылады).

2-жүргізуші: - Халық сөзін сөйлеген ақын жары Лашын апай, ақынның Алмагүл, Шолпан, Майгүл атты үш қызы мен Жұлдыз, Айбар атты ұлдары бар.

(«Махамбеттер, Абайлар-ай»).

1-жүргізуші:

- Шарасында шаттықтың мұңы басым,
Нұр-сәуле боп жүректе жыры қалсын.
Мұқағали – мұзарттың мұзбалағы
Шашып өткен әлемге шұғыласын.

Енді ақынның өз естеліктеріне сөз берейік.

4-оқушы: - Егер бір кездерде менің өмірім, өлеңім әлдекімнің көңілін аударса, оларға былай дер едім:-

Менің қымбатты достарым! Мені өз өлеңдерімнен бөліп қарамауларыңызды өтінемін. Жанымның мұны мен қуанышы – бәрі сонда. Егер мені содан таппасаңдар, онда ақын болмағаным!

5-оқушы: - Мен өлеңді ойдан құрастырып жазбаймын. Әлдекім құлағыма сыбырлағандай болады. Соны көшіремін, сенесіз бе?

6-оқушы: - Ашығын айтқанда, өзімнің қандай екенімді білмеймін. Көңілшек екенім рас, алайда жаным менің тым мейірбан, жүрегім менің өте жұмсақ.

7-оқушы: - Қалам ұстаған бауыр-қарындастарым, халықты ұмытпаңдар. Халықсыз күндерің қараң. Оны сүйемін деп байбалам салмаңдар. Оған тек ғашық бола біліңдер.

2-жүргізуші: - Ақын шығармаларының үлкен бір саласы – оның поэмалары. Ең асылы, ең биігі – «Аққулар ұйықтағанда». Осы поэмасын оқыған Ғабит Мүсірепов ақынға қатты риза болып алтын қаламын сыйлаған екен. Бұл поэма 1973 жылы «Жалын» жинағында жарияланды.

(«Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан көрініс көрсетіледі).

Қорытынды. «Алтынға мейлі толмай-ақ қойсын сандығым,

Ырзамын саған, ырзамын саған, тағдырым!»

Ақынның өз тағдырына деген ризашылығы болашаққа деген ұлы сенімінен туындаған болатын.

Ән: «Есіңе мені алғайсың».

Сыныптан тыс тәлім

Еңлік ҚҰСАЙЫНОВА,
Алматы облысының
Іле ауданындағы
№12 орта мектептің
мұғалімі.

АЛТАЙДЫҢ АҚИЫҒЫ

(Оралхан Бөкейдің 70 жылдығына орай өткен әдеби кеші)

1-жүргізуші: - Оралхан Бөкейдің шығармашылығына арналған «Алтайдың ақиығы» атты әдеби кешімізге қош келдіңіздер!

2-жүргізуші: - Оралхан Бөкей – ХХ-ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиетінің көкжиегіне көрік берер жарық жұлдыз.

1-жүргізуші: - Философ, публицист, драматург. Жер шарының алтыдан бір бөлігінің небір танымал жазушыларының тандайын қаққызған, ешкімге ұқсамайтын, шеберлігі ширеңіп шегіне жеткен тамаша талант иесі.

2-жүргізуші: - Қазақтың біртуар жазушысы Алтайдың Кербұғысы, Мұзбалағы Оралхан Бөкей өмірдерігін тындап көрелік.

1-оқушы: - Оралхан Бөкей 1943 жылы 28 қыркүйекте Шығыс Қазақстан облысы, Қатонқарағай ауданының Шыңғыстай ауылында дүниеге келді. Оралхан дүниеге келгенде сұрапыл соғыс жылдары еді, әкесі Оралға еңбек майданына аттанған кез болатын. Анасы Күлия әкесі аман-есен оралсын деп

ырымдап сәбидің атын Оралхан деп қойған екен. Оралхан 1961 жылы Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы Шыңғыстай орта мектебін бітірген соң аға пионер вожатый және Алтай совхозында тракторшы болып жұмыс істеген. 1963-1969 жылдары Оралхан Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде сырттай оқиды.

2-оқушы: - 1965-1968 жылдары ол Большенарым ауданының «Еңбек туы» газетінде корректор, аудармашы, редактордың орынбасары, Шығыс Қазақстан облысының «Коммунизм туы», қазіргі «Дидар» газетінде әдеби қызметкер болды. Оралхан Бөкейді 1968 жылы Шерхан Мұртаза «Лениншіл жас» («Жас Алаш») газетіне шақыртып алады. Ешкімге белгісіз Шыңғыстайдағы тракторшы баланың бойынан жалындаған талант отын байқаған Шерхан Мұртаза оны дуылдаған қаламгерлердің қалың ортасына салып жібереді. Өмірінің соңына дейін ол журналистика мен жазушылықты қатар алып жүрді. 1974-1983 жылдары Оралхан Бөкей «Жұлдыз» журналының проза бөлімінің меңгерушісі, 1983-1991 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінде редактордың орынбасары, 1991-1993 жылдары бас редактор болды.

3-оқушы: - 1970 жылы шыққан «Қамшыгер» атты алғашқы жинағы жас жазушының атын шығарды. Бұдан кейін оның «Үркер», «Қайдасың, қасқа құлыным», «Мұзтау», «Ұйқым келмейді», «Біздің жақта қыс ұзақ» атты әңгіме, повестері, «Құлыным менің», «Қар қызы» драмалық шығармалары жарық көрді. Оралхан Бөкейдің шығармаларынан

«Кісікіік», «Сайтан көпір» көркем фильмдері, «Кербұғы» әңгімесі негізінде балет қойылды. Оралхан – есімі дүние жүзіне танымал жазушы. Оның шығармалары дүние жүзінің көптеген тілдеріне: (орыс, ағылшын, француз, неміс, жапон, араб, қытай, т.б.) аударылды. Жазушының әр шығармасынан туған жеріне, тіпті, оның әр түп ағашына деген ыстық сағынышы атойлап тұрады.

4-оқушы: - 1976 жылы Оралхан Бөкейге «Құлыным менің» пьесасы үшін Қазақстан Республикасы Жастар сыйлығының лауреаты атағы берілді.

5-оқушы: - 1978 жылы «Найзағай ізі» жинағы үшін Н.Островский атындағы Бүкілодақтық әдеби сыйлықтың лауреаты атағын иеленді.

6-оқушы: - 1986 жылы «Біздің жақта қыс ұзақ» жинағы үшін Абай атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағы берілді.

7-оқушы: - Оралхан Бөкей 1993 жылы 17 мамырда Үндістан жерінде, Дели қаласында қайтыс болды.

1-жүргізуші: - XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең сүлей суреткерінің бірі ретінде әлемдік танымалдылыққа ие болған жазушы шығармаларынан үзінділер тыңдап көрелік.

«Қайдасың, қасқа құлыным» драмасынан үзінді көрсету.

2-жүргізуші: - «Құлақтан кіріп бойды алар
Әсем ән мен тәтті күй». Ән орындалады.

1-жүргізуші: - «Сайтан көпір» повесінен бірнеше үзінді оқылады.

2-жүргізуші: - «Қар қызы» драмасынан үзінді

көрініс көрсетіледі.

1-жүргізуші: - «Атау кере» романынан көрініс көрсетіледі.

2-жүргізуші: - Қазақстанның Халық жазушысы Шерхан Мұртаза шәкірті туралы: «Оралхан кітаптары өмір сүріп келеді, өмір сүре береді. Олар жасқа ақыл, кәріге қуат береді. Бақытқа бақыт қосады. Бақытсызға медет болады» деген.

Күй орындалады.

8-оқушы: - Оралханға арнау.

Бұрынғы әулие,
Кешегі жыраулар жалғасы.
Сұңқардай шүйіліп,
Лашындай түйіліп,
Тұйғындай толғанған,
Тілегі Алашқа,
Жүрегі Алтайға айналған.
Қаламы ғарышпен сүйісіп,
Кіндігі еліне байланған –
Оралхан!

9-оқушы:

- Жан едің жұрт жаудырған жан алғысын
Жан едің шынға өскен шынар мүсін.
Шырылдап қалды артыңда бүкіл елің,
Қапыда кеткен қайран,қыран құсым.

10-оқушы:

- Найзағай отындай жарқ етіп бес күннен,
Жан аға,о неге тым ерте көштің сен?
Сендегі әр сөзде Қос әлем шарықтап,
Әлемнің дауысы құпия естілген.

11-оқушы:

- Жанардан сорғалап жалғанға жаңбыр-мұң,
Өкіндік өртеніп, өксік жеп опындық.
Қайтейік,
Сұп-суық сызығы сызылса Тағдырдың.
Жан Аға!
Өлімнен қорқатын мынау бір әлемге
Өлмейтін сөзіңді қалдырдың!

1-жүргізуші: - Оралхан жайма шуақ жарқырап жүретін кездерінде

«Елімнің бір жайлауы – Құрымбай саз,
Жайлаған алты ай жазға сары ала қаз.
Шолпандай таң алдында туып-батқан,
Қайтейін, о дариға, ғұмырым аз» деп ән салады екен. Жарық дүниенің қамшының сабындай қыпқысқа ғұмыр беретінін сезді ме, әйтеуір көк аспанда биіктеп ұшқан қыран құстай кете берді, кете берді.

2-жүргізуші: - Жазушы аға арамызда жоқ, бірақ Оралхан есімі санамыздан сөнбек емес. Жазушы, драматург Оралханның екінші өмірі – мәңгілік өмірі басталды. Сөзді қадірлейтін, көркем әдебиетті сүйіп оқитын ұрпақтары барда Оралхан есімі ұмытылмақ емес.

1-жүргізуші: - Жазушы есімінің өміршеңдігінің дәлелі – жыл сайын еліміздің түкпір-түкпірінде облыстық, республикалық деңгейде «Оралхан Бөкей оқуларының» өтіп отыратындығы. Республикамыздың бірқатар қалаларындағы көшелерге Оралхан Бөкей есімі берілген. Өзі білім алған Шыңғыстай мектебіне, Өскемен қаласындағы бір мектепке жазушы есімі берілген.

2-жүргізуші: - Міне, «Алтайдың Ақиығы» атанған Оралхан Бөкей шығармашылығына арналған кешіміз өз мәресіне жетті. Көңіл қойып тыңдағандарыңызға көп рахмет!



Алмат ҚАЙЫРҚҰЛОВ,
Қызылорда облысының
Қармақшы ауданындағы
№185 орта мектептің
мұғалімі.

ҰЛТ ТІЛІН ҰЛЫҚТАҒАН

Мақсаты: ақиық ақын Мұхтар Шахановтың өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат бере отырып, жырларының құдіретін сезіну, тіл шұрайын таныту, шығармаларынан үлгі алу, ұлттық қазынаға, талантты тұлғаларға құрметпен қарауға, арлылық пен кішіпейілділікке, елін, тілін сүйетін ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

1-жүргізуші: - Армысыздар, ұлағатты ұстаздар!

2-жүргізуші: - Қайырлы кеш, озық ойлы оқушылар!

1-жүргізуші: - XX ғасырдың алпысыншы жылдарында қазақ поэзиясында өз болмысымен, өз үнімен жарқ етіп танылған Мұхтар Шаханов – қазақтың біртуар көрнекті ақыны. Асқан талантымен, айбынды ақындығымен, асқақ азаматтығымен

ерекшеленген ірі тұлғамызға арналған «Ұлт тілін ұлықтаған» атты кешімізді ашық деп жариялаймыз.

2-жүргізуші: - Мұхтар ағамыздың поэзиясына кезек берместен бұрын алдымен ақын ағамыздың өмірімен кішкене танысып алайық.

1-жүргізуші: - Мұхтар сөзі араб тілінен аударғанда «азат, білімді, таңдаулы» деген мағыналарды білдіреді екен.

2-жүргізуші: - Мұхтар Шаханов 1942 жылы Шымкент облысының Ленгір ауданындағы Қасқасу ауылында туған. Мұхтар дүниеге келген жыл заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» кітабының жарық көруімен тұспа-тұс келеді. Мұхтардың әкесі осы кітапты оқып үлкен ойға қалады... «Балам осы Мұхтар Әуезовтей халқын сүйер азамат болсын» деп, ниетімді құптар деп ауылдағы барлық жора-жолдастарын жинап, Мұхтар деп ат қояды.

Оқушы:

- Ха-ха-ха! Көкіректе арман көп,

Біздің ауыл иттерінің аты да

Келеді ылғи «Бөрібасар», «Арлан» боп.

Бірақ әлі қасқыр түгіл қоян алған бірі жоқ.

1-жүргізуші: - Төрде отырған бір кісінің күлкісі жұрттың шаттығын су сепкендей басып тастайды. Сонда әкесі ұлы жатқан бесікке сүйене отырып:

Оқушы:

- Ұлым, сенен сұранам,

Тірлігінде бой көрсетпе жырадан.

Ұлым мені таба қылма мынаған.

Қыран болсаң кеңістік көп қайда да –

Деп сеніммен жымиыпты жай ғана.

2-жүргізуші: - Өкінішке қарай ұлының Абай, Мұхтар бастаған ұлы көштің соңына ергендігін әкесі көре алмай кетеді. Ән. «**Әке туралы жыр**». Сөзін жазған – М.Шаханов. Әнін жазған – Ә.Сүлейменов. Орындайтын: Алданышов Амантұр.

1-жүргізуші: - Мұхтар жас кезінен жақсылыққа жаны құмар, адамдарға көмек көрсетуге дайын тұратын болып өседі. Асан досы екеуі «Күн сайын тым құрығында бір адамға жақсылық жасаймыз» деп серт байласады. Олар Шымкентте оқып жүргенде базар жағалап, кемпір-шалдарға, ғаріп, мүгедек адамдарға үнемі көмектесіп жүреді. Екі достың бұл әрекетін біреулер «Олар базарда жұмыс істеп ақша тауып жүр» деп ойлайды екен.

Ендігі кезекті жыр шумағына берелік. Ортаға Хайруллаев Бағдатты «**Біз, қазақтың екі ақыны, біргеміз**» атты өлеңін оқуға шақырамыз.

2-жүргізуші: - 1960 жылдары қазақтың белгілі сазгері Шәмші Қалдаяқов Оңтүстік Қазақстан өңірін аралайды. Комсомол қызметінде жүрген Мұхтар сазгердің небір тамаша әндердерінің дүниеге келуіне куә болады. Сондай әндерінің бірін сіздерге жасырамын, ал сіздер қандай ән екенін айтыңыздар. Бұл – Сыр бойын шарлап, әндетіп айтып жүретін ән.

Ән: «**Арыс жағасында**». Сөзін жазған – М.Шаханов. Әнін жазған – Ш.Қалдаяқов.

1-жүргізуші: - М.Шаханов – әрі ақын, әрі сазгер. Оның бірнеше өз әндері де бар. Олай болса келесі кезекті әнге берейік. «**Гүлдәурен**». Сөзі мен әнін

жазған – Мұхтар Шаханов.

Орындайтын – Жұмабеков Бақытжан.

2-жүргізуші: - «Ақын болу дегеніміз – туған халқының парасат биігін меңгеру» дейді. Мұхтар ақынның адам бойындағы жігер, намыс, туған жерді, Отанды сүю сезімдерін оятатын өлеңдері бар. «**Төрт ана**» өлеңімен ортаға Қамалбекова Нұржанатты шақырамыз.

1-жүргізуші: - Бұл әнде бір жанды тағатсыздана күтумен болады. Ән: «**Кешікпей келем деп ен**».

Сөзін жазған – М.Шаханов. Әнін жазған – Ш.Қалдаяқов. Орындайтын – Отарбаева Қаламқас.

2-жүргізуші: - 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейін 3 жыл бойына жалаға толы орынсыз тұжырымға тойтарыс берген де Мұхтар Шаханов еді. Кейін Желтоқсан оқиғасының анық-қанығын зерттеп, халыққа шындықты ашқан да М.Шаханов бастаған комиссия еді. Ортаға Хайруллаев Бағдатты «**Желтоқсан алаңы**» өлеңін оқуға шақырамыз.

1-жүргізуші: - М.Шаханов анасы туралы өз естелігінде былай дейді: «Анамның музыкалық қабілеті жақсы болды. «Туған күн кешінде» деген әнімді мен кешке таман ыңылдап отырып шығардым. Сөзін әлі жазбаған болатынмын. Анам да тыңдап жүрді. Таңертең тұрсам, ұмытып қалыппын. Сөзін жазайын десем, әнін есіме түсіре алмадым. Бірнеше күн өткеннен кейін анам ұршық иіріп отырып жаңағы әнді өз-өзінен ыңылдап айтып отыр екен. Қатты қуанғаным-ай! Сонда анамның музыкалық қабілетінің күштілігі – бірден қағып алған ғой».

2-жүргізуші: - Ендеше, әрбіріміздің туған күнімізде шырқалып, жақсы күндеріміздің куәсі болған әнді қабыл алыңыздар. Ән: «Туған күн кешінде». Сөзі мен әнін жазған – М.Шаханов. Орындайтын – Отарбаева Қаламқас.

1-жүргізуші: - Мұхтар Шаханов қазақ поэзиясының алтын қорына мол әдеби мұра қалдырып келеді. Қазақ жыры аманда, қазақ өлеңін оқитын ел аманда, мына сыры мен сиқыры көп ғаламда өзінің құндағына алып тербетер құдіретті жыр да халқымен бірге өмір сүрері, ғұмыр кешері – ақиқат. Өмірдің өзенінде әнмен жүзелік: «**Өмір-өзен**» әнін бірге шырқайық!

2-жүргізуші: - «Махаббатсыз дүние бос» деп Абай айтқан. Шаханов шығармаларының бір бөлігі махаббат тақырыбында десек, артық айтқандығымыз емес. Тіпті, сөзіне жазылған кейбір әндерінде махаббаттың ұлылығы, кіршіксіздігі, тазалығы сөз етіледі. Олай болса Жолдасбаева Гүлжазираны «**Айналайын**» әнімен ортаға шақырамыз. Сөзін жазған – Мұхтар Шаханов. Әнін жазған – Ескендір Хасанғалиев.

1-жүргізуші: - Мұхтар Шаханов – елдің елдігі, азаматтың азаматтығы, адамдардың адамдығы үшін күресуші, ерлік пен елдіктің ұраншысы, халықтың қамқоршысы, халқының ары мен ұяты, кең жүректі, асқақ әуенді ақыны.

2-жүргізуші: - Құрметті, ұстаздар мен оқушылар! Мұхтар Шахановтың өмірі мен шығармашылығына арналған «Ұлт тілін ұлықтаған» атты әдеби кешімізді жабық деп жариялаймыз.

САН ЕСІМ

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: а) сан есім туралы түсінік беру, сан есім жөніндегі білімдерін тереңдету, сан есімнің зат есімге қатысты екенін аңғарту; ә) сан есім заттың санын ғана емес мөлшерін, бөлшегін, ретін де білдіретінін баяндау барысында ойлау қабілеттерін дамыту; б) сандар сырын ашу, қасиеттерін білуге, сыйластыққа, тазалыққа тәрбиелеу, халықтық тәрбие беру.

Түрі: аралас сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, баяндау. **Көрнекілігі:** тірек-схемалар, сөзжұмбақ. **Пәнаралық байланыс:** математика, әдебиет.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру. Оқушылардың сабаққа дайындығын қадағалау, оқушыларды түгелдеу.

Үй тапсырмасын сұрау:

а) Топ басшылары үй тапсырмасын тексереді (153-жаттығу).

Қолайлы – ыңғайлы. *Берік* – мығым, мықты. *Құрғақ* – кебу, қатты.

ә) Жасырынған сөз.

Төменде берілген сөздерден туынды сын есім құрап, шақпақты толтырып жазыңдар. Егер тиісті

жұрнақтарын дұрыс қолданып жазып шықсандар, ерекше сызылған жолды тігінен оқығанда грамматикалық бір терминнің атауы шығады.

Берілген сөздер: 1) *ағаш*, 2) *айт*, 3) *жаса*, 4) *сөз*, 5) *бәкі*, 6) *кең*, 7) *бұр*.

- Балалар, зат есіммен таныстық, сынын білдік. Енді не білуіміз керек? (Санын).

Жаңа сабақ.

- Сан – математикалық негізгі ұғымдардың бірі. Ол ерте кезден-ақ пайда болған, кейін оның көлемі бірте-бірте кеңейіп әрі жалпыланды.

Сендер бастауышта сан есіммен таныстыңдар.

- Қане, сан есім дегеніміз не?..
- Құрамына қарай қалай бөлінеді?..
- Мағынасына қарай ше?

Сан есімнің мағыналық түрлері мен олардың жасалу жолдары

Есептік сан есім
Қанша? Неше?

Реттік сан есім. Нешінші?

-ншы -нші -інші -ыншы

Жинақтық сан есім
Қаншау? Нешеу?

Бөлшектік сан есім
Қай шамалы?

-ы, -і,
-ден

-ы, -і,
-ның

Топтау сан есім
Нешеден? Қаншадан?

-ден
-дан
-тан

Қосарлы сан есім+
шығыс септік
жалғауы

Болжалдық сан есім.
Қанша?

-лап,
-лаған,
-тай

Қосар-
лану
жолы

...+
шақты,
тарта,
шамалы

Бұдан әрі оқулықтың 75-бетіндегі теориялық мәлімет қолданылады.

Жаңа сабақты пысықтау

1) Мәтінмен жұмыс, №156-жаттығу. Мәтін мазмұнынан сан есімдерді табыңдар да, оларды тіркескен сөзімен бірге цифрмен жазыңдар.

3 адам, 45 шамасындағы, 2 адам, 30 ішіндегі, 940 000 халық, 44 пайызы, 30-ға тарта, 15 аудан, 3-орын, 6-7 есе.

- Балалар, енді, осы сандардың ішінде қандай сандарды киелі сандар деп білесіңдер?..

2) Қазақ халқының ұрпақ тәрбиесінде сан есім сөздерінің де алатын орыны ерекше. Жас баланың тілін дамытуда өзіндік үлесі зор балғын шақты еске алып, «Санамақ» өлеңін айтайық.

Үйге тапсырма: 158-жаттығу, ереже жаттау.



Света ЖИЕНБАЙ,
Қызылорда облысының
Жалағаш ауданының
Мардан Байділдаев атындағы
№232 орта мектебінің мұғалімі.

ҰЛЫ СУРЕТКЕР

Сабақтың мақсаты: а) Абай шығармашылығынан мәлімет бере отырып, білімдерін жүйелеу, жинақтау және шығармашылық жұмыстар арқылы Абайды жан-жақты таныту; ә) оқушыларды адамгершілікке, имандылыққа, асыл қасиеттерге тәрбиелеу; б) мәнерлі сөйлеуге дағдыландыру, ой-өрісін, ойлау қабілетін, шығармашылық ізденісін дамыту.

Түрі: қайталау. **Әдісі:** сұрақ-жауап, талдау, іздену. **Көрнекілігі:** сызбалар, кестелер, дидактикалық материалдар. **Пәнаралық байланыс:** тарих.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру. Оқушылармен амандасу, түгелдеу, оқу құралдарын тексеру, сыныптың тазалығына көңіл бөлу. Оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

Ақынның өмірі.

I деңгей /міндетті деңгей/.

1. Абайдың әкесі кім?

- А) Өскенбай; Ә) Ырғызбай;
Б) Кененбай; В) Құнанбай.

2. Абай қай жылдары өмір сүрді?

- А) 1845-1904; Ә) 1845-1905;
Б) 1846-1905; В) 1946-1906.

3. Семейде алғашқы сабақ берген молда кім?

- А) Әбдіжаппар; Ә) Ғабұлжаппар;
Б) Ахмет-Риза; В) Әбдірахман.

4. Абай болыс болды ма?

- А) жоқ; Ә) иә;
Б) мүлдем; В) ешқашан.

5. Абайдың рухани ізбасары, әлем әдебиетінің классигі, «Абай жолы» роман-эпопеясының авторы кім?

- А) Мағжан Жұмабаев;
Ә) Сәкен Сейфуллин;
Б) Мұхтар Әуезов;
В) Ілияс Жансүгірұлы.
6. Сөзжұмбақты шешіндер.

		1			А					
2					Б					
			3		А					
			4		Й					

1) Құнанбайдың Абайға еркелетіп қойған аты /қарашұнақ/.

2) Абайдың үлкен әкесі, атақты би /Өскенбай/.

3) Абай қай айда туды? /тамыз/.

4) Абайдың зайыбы /Әйгерім/.

II деңгей /алгоритмдік деңгей/.

1. Абайдың шын аты кім?

А) Абай; Ә) Телғара;

Б) Ибраһим; В) Ибрағали.

2. Әкесі Абайды неше жасында оқуға берді?

А) 9; Ә) 10;

Б) 11; В) 12.

3. «Кәрі әже» ауылдың кімге қойған аты?

А) Ділдаға; Ә) Зереге;

Б) анасы; В) немересі.

4. Ұлжан Абайға кім болып келеді?

А) әжесі; Ә) қызы;


Б) анасы; В) немересі.

5. Абай қай рудан шықты?

А) Арғын; Ә) Тобықты;

Б) Шекті; В) Найман.

6. Абай кім?



III деңгей /эвристикалық деңгей/.

Абайдың Ұлжаннан туған ағасы кім?

А) Құдайберді; Ә) Тәңірберді;

Б) Оспан; В) Ысқақ.

2. Абайдың ең алғашқы өлеңдер жинағы қай жылы жарық көрді?

А) 1907; Ә) 1908;

Б) 1909; В) 1910.

3. Абайдың дүниеге көзқарасының қалыптасуына игі әсер еткен революционер-демократ кім?

А) Крылов; Ә) Лермонтов;

Б) Пушкин; В) Михаэлис.

4. Абайдың сүйген жары Әйгерімнің азан шақырып қойған есімі кім?

А) Шырын; Ә) Шынар;

Б) Шүкіман; В) Шырайлы.

5. Құнанбайдың замандас құрдасы Тана мырзаның мешіт салдырған жерін анықтаңыз.

А) Үржар; Ә) Семей;

Б) Көкпекті; В) Алматы.

6. Абайдың қандай ақын шәкірттерін білесіңдер?

IV деңгей /шығармашылық деңгей/.

Кестені толтырыңдар. Абай шығармаларын Мұхтар Әуезов 5 түрге жіктейді:	Абай шығармаларын сен неше түрге жіктер едің?
1. Абайдың жас шағындағы өлеңдері; 2. Абайдың лирикасы; 3. Абайдың поэмалары; 4. Абайдың аудармалары; 5. Абайдың қарасөздері.	



Медет ЖАНБОЛАТОВ,
Батыс Қазақстан облысының
Қазталов ауданындағы
«Қараөзен» мектеп-лицейінің
мұғалімі.

ЖАМБЫЛ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: ақынның өмірі мен шығармашылық жолынан түсінік беру, мәнерлеп оқыта отырып, шығармашылық ізденіске баулу; сөйлеу тілдерін, ойлау қабілеттерін жетілдіру, танымдық қабілеттерін дамыту, шығармашылық қабілеттерін шыңдау, өзіндік көзқарастарын қалыптастыру; бірін-бірі тыңдай білуге, өнерді,

өнер адамын құрметтей білуге тәрбиелеу, еңбексүй-гіштікке, адамгершілік қасиеттерге баулу.

Типі: жаңа сабақ. **Түрі:** ұжымдық ізденіс.
Әдісі: баяндау, салыстыру, ой толғау, мәнерлеп оқу.
Көрнекілігі: портрет, интерактивті тақта, ұнтаспа.
Пәнаралық байланыс: тарих, халықтық педагогика, музыка.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру. Сәлемдесу, сынып тазалығын қадағалау.

Үй тапсырмасын тексеру. «Ақтамақ хикаясы» (әңгіме жазу).

Қызығушылықты ояту.

Сурет жұмбақты шешу арқылы оқушылардың сабаққа деген ынтасын ояту.


Сурет жұмбақта «Жүз жасаған бәйтерек» деген сөз жасырылған.

Оқулықпен жұмыс.

Жамбылдың өмір жолына тоқталу үшін оқулықтағы “Менің өмірім” атты мәтінді оқыта отырып және Жамбыл ақынның өмірінен сыр шертетін суретті слайдтарды көрсете отырып түсіндіру.

Салыстырыңыз.

Бұрынғы ақындар айтысы Қазіргі ақындар айтысы



Мәнерлеп оқу.

Оқулықтағы Жамбылдың “Аттандыру” өлеңі оқылады.

Өлең кімге арналады?

Оны қай жолдардан байқадыңдар?

КСРО-Германия соғысы жылдарында да халық майданға аттандырған әке, аға, бала, жақындарына арнап қоштасу өлеңдерін шығарған. Соның бірі – Жамбылдың осы “Аттандыру” өлеңі. Бұл өлеңде әкенің баласын майданға аттандырарда оң сапар тілеп, бата беруімен қатар қоштасу сарыны да бар.

Шығармашылық тапсырма.

Р – рөл (Кез келген бір рөлге ену).

А – аудитория (тыңдарман, оқырман қауым).

Ф – форма (өсиет, хат, өлең, әңгіме, ертегі, т.б.).

Т – тақырып.

Түртіп алу.

Білемін	Білдім	Білгім келеді

Сабақты қорытындылау.

Үнтаспадан Жамбылдың “Балаларыма” әнін Алма Аманжолованың орындауында тыңдату.

Үйге тапсырма. Түсініп оқу, “Аттандыру” өлеңін жатқа айту.

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылардың мақал-мәтел туралы білім, білігін тереңдету; **дамытушылық** – оқушылардың тіл байлығын арттыру, өзіндік ойын дәлелдеуге, тұжырымдама жасауға жетелеу; **тәрбиелік** – ана тілін ардақтап, бағалай білуге, сөз қадірін терең ұғуға тәрбиелеу.

Түрі: жаңа білімді меңгерту. **Әдіс-тәсілі:** топтастыру, талдау, салыстыру, ой қорыту. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, тарих.

Сабақтың барысы.


Ұйымдастыру. Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу, сынып тазалығы.

Үй тапсырмасы бойынша бұлтшалардағы тапсырмаларға жауап беру.





Жаңа сабақ. Мақал-мәтелдер – халық даналығының, көрегендігінің айнасы, тіл байлығының алтын қазынасы.



Мақал-мәтелдерді одан әрі тереңірек меңгерту үшін сабақты «Жарыс сұхбат» түрінде өткіземін.

1. Кім көп мақал-мәтел біледі? (әр алуан тақырыпты қамтыған).
2. Суреттерді көрсете отырып, мақал-мәтел айтып бер (үй, мектеп, кітап, ұстаз).
3. Шағын мәтіндер жаздыру, мақал-мәтелдермен ыңғайлы аяқтау.

Сабақты қорытындылау.

Оқушыларды іздендіре отырып, кестені толтыру.

№	Мақал-мәтелдер	Тақырыптары
1.	Денсаулық – зор байлық
2.	Өнер-білім
3.	Досы көпті жау алмайды,
4.	Еңбек
5.	Ата көрген оқ жонар,
6.	Ынтымақ, бірлік
7.	Ерді намыс өлтіреді,

Үйге тапсырма. 1-топ мақал мен мәтелді ажыратып, баған түрінде жазу (кестемен жұмыс). 2-топ құрамында сан есім бар он мақал жазу. 3-топ шағын әңгіме оқып, мәтіннің мазмұнына қарай мақал-мәтел жазу.



Мейрамгүл НҮРСҰЛТАНОВА,
 Батыс Қазақстан облысының
 Теректі ауданындағы
 Федоровка қазақ жалпы орта
 білім беретін мектебінің мұғалімі.

«ӨТЕГЕН БАТЫР» ДАСТАНЫ

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылардың танымдық қабілеттерін жетілдіре отырып, Жамбыл өмірі

мен шығармашылығын таныту; **дамытушылық** – дастан мазмұны арқылы оқушылардың ойын дамыту; **тәрбиелік** – ақынның шығармаларының тәрбиелік жақтарын ашу, тарихымызда, әдебиетімізде осындай ұлы тұлға барын мақтан тұтуға баулу.

Түрі: сайыс сабақ. **Типі:** жаңа білімді меңгерту. **Әдіс-тәсілдері:** әңгіме, сұрақ-жауап, түсіндіру, талдау, дәлелдеу. **Көрнекілігі:** тақтада оқушылардың салған суреттері ілулі тұрады, Жамбылдың өмірі мен шығармашылығына арналған слайдтар көрсету, үлестірмелі парақшалар. **Пәнаралық байланыс:** тарих, география.

Сабақ барысы.


I. Ұйымдастыру. Оқушылармен амандасу, сыныпты 3 топқа бөлу.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы айту. «Қысқы жолда», «Сағындым», «Балалық шақ» атты өлеңдерін мәнерлеп оқып келу. Өлең бойынша сурет салу.

III. Жаңа сабақ.

Сөзжұмбақ



1. Кейіптеу дегеніміз кісі кейпінде суреттеу, табиғат құбылыстарын (жандандыру).
2. Мағжан Уфа қаласындағы қандай медреседе білім алады? (Ғалия).
3. Мағжан Жұмабаевтың өлеңі (Пайғамбар).
4. Оқып меңгерген тілдерінің бірі (араб).


5. Мағжан Жұмабаевтың поэмасы (Қорқыт).

6. Тұңғыш өлеңдер жинағы қалай аталады? (Шолпан).

– Ендеше, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: Жамбылдың «Өтеген батыр» дастаны.

Жаңа сабақтың эпиграфы: «*Жамбыл деген – жай атым, Халық – менің шын атым.*»

Тірек сызбамен жұмыс.



Ақын-жазушылардың Жамбылға берген бағасы:

Жамбыл – ақыл ойдың алғыры, өзгеге ұқсамайтын дара, оқшау бет-бейнесі аса зор құбылыс. Оның бір өзі – әрі эпик ақын, әрі айтыс ақыны, әрі азаматтық әуеннің де ақыны.

Мұхтар Әуезов.

Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан сықылды. Оны жинап алып, халқының қолына беру – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз.

Сәкен Сейфуллин.

Жамбыл – жүз жасаған адам, соның 85 жылы ақындықпен өтті. Ол әлеуметтік және жеке өміріндегі сөзінің көбін өлеңмен сөйлеген кісі.

Сәбит Мұқанов.

Жамбылдың өмірі мен шығармашылығын үш кезеңге бөліп қарастырған орынды.

I кезең 1846-1916 жылдар аралығы; II кезең 1917-1940 жылдар аралығы; III кезең 1941-1945 жылдар аралығы.

I кезең.

Оқулығымызда «Өтеген батыр» дастанының үзіндісі

берілген.

- Батыр дегеніміз кім? Қандай тұлға ол?

- Қандай батырларды білеміз?

(Оқушылардың жауаптары тыңдалады).

Өтеген Өтеғұлұлы – батыр, Мүйізді Өтеген (1699, Шу өзені бойындағы Хантау маңында Изенді деген жер; 1773, Іле өзені бойындағы Шеңгелді деген жер). XVIII ғасырда жоңғар шапқыншылығы кезінде қазақ елінің түстігін, Жетісу жерін, Шығыс Қазақстан өңірін жаудан азат етуге зор еңбек сіңірген.

Қапшағай су қоймасы жасаларда оның сүйегін ұрпақтары Қордай ауданына апарып, қайта жерледі (1973). Жерленген жердегі ауыл – Өтеген ауылы атанды. 1999 жылы Өтеген батырдың 300 жылдығы кең көлемде аталып өтті.

Дастанда Өтеген батыр

«Көшіп келсе елімнің,

Жарасар еді қонысы.

Шаруасы көбейіп,

Өрлер еді табысы» деп өз елінің Жиделібайсын жеріне қоныстануын қалайды.

IV. Бекіту. Әр топқа сұрағы бар парақша беру.

«Поэзия» тобына: Жырдағы Өтегеннің әрекеттері мен Асан қайғының жерұйық іздеуінде қандай ұқсастық бар?

«Лирика» тобына: Жырдан халқымыздың туған жерге және мал жайылымына ерекше мән беретінін қалай аңғаруға болады?

«Дастан» тобына: Дастан бойынша кімді жақтар едің, ал кімді даттар едің? Өтеген батырды ма әлде Ерсары мен Байсарыны ма? Не себептен? Дастанның соңын немен аяқтар едің? (Әр топтың жауабы тыңдалады).

V. Үй тапсырмасын беру: «Қазақ батырлары» атты шағын шығарма жазып келу.

Гүлсім НАМЕНОВА,
Ақтөбе гуманитарлық
колледжінің оқытушысы.

ИЛИЯСТЫҢ «ҚҰЛАГЕР» ПОЭМАСЫ

Сабақтың мақсаты: «Құлагер» поэмасының мазмұнын жан-жақты талдай отырып, Ақан мен Құлагердің күдіреттілігіне көз жеткізу, өнерсүйгіштікке баулу.
Міндеттері: білімділік – «Құлагер» поэмасының мазмұнын меңгерту, жан-жақты талдау, әдеби-тарихи маңызын ұғындыру, көркемдік ерекшелігін тану, образдар жүйесін ашу; **дамытушылық** – ой қабілеттерін шыңдау, тіл байлығын арттыру, шығармашылық ой-өрістерін жетілдіруге ықпал жасау; **тәрбиелік** – өз ойын еркін айта білуге, адами қасиеттерге және өнерсүйгіштікке баулу.

Типі: жаңа сабақ. **Түрі:** іскерлік, дағды қалыптастыру сабағы. **Әдіс-тәсілі:** СТО әдістері, «Блум» таксономиясы, «Бес жолды өлең», «Семантикалық карта», «Түсініктеме күнделігі», «Жуан және жіңішке сұрақтар». **Құрал-жабдығы:** слайдтар, интерактивті тақта. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, музыка, тарих.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру.

1) Сабақтың бойтұмары:

Күйшінің күй тартқанда мұрагері,

Даланың қалған ұйып құба белі.

Жұлдыздай сол бір кезде жүйткіп өткен

Қазақтың өлеңінің құлагері!

Осы оқылған үзінді кім туралы, жауаптарыңды дәлелдендер.

Жаңа сабақ.

Ілияс Жансүгірұлының «Құлагер» поэмасы, бұл – поэзиялық көлемді, сюжетті шығарма. Сюжетті шығармаларда кейіпкер характері, негізінен, оқиғаның даму барысында ашылады. Образдың даму эволюциясы сол шығарманың композициясы мен сюжетін талдау арқылы ғана жан-жақты көрінеді.

Біз осыған орай «Құлагер» поэмасының мазмұнын оқуды үйге берген болатынбыз. Поэманың мазмұнын оқу арқылы нені білетінімізді топшылайық.

«Блум» таксономиясы бойынша жұмыс. Ол мынадай кезендерден тұрады.

Деңгей	Атқарылатын іс- әрекет
I деңгей: Білу кезеңі.	«Құлагер» поэмасы /шығарманы мазмұндау.
II деңгей: Түсіну кезеңі.	Ілияс – лирик ақын / шығарманы сюжеттік желісіне қарай талдау.
III деңгей: Қолдану кезеңі.	Үндестік пен ұйқастық / салыстыру, негізгі кейіпкерлерге мінездеме беру.
IV деңгей: Талдау кезеңі.	Кестелі тілде – кемел ой / өлең жолдарын мәнерлеп оқу, өлең құрылысына және көркемдік тіліне талдау.
V деңгей: Жинақтау кезеңі.	Өлең күдіреті / Бес жолды өлең. Семантикалық карта.
VI деңгей: Бағалау.	Қазіргі қазақ жастарына хат / Түсініктеме күнделігі.

I. Білу кезеңі. «Құлагер» поэмасы (шығарманы мазмұндау).

Білім алушылар 16 бөлім бойынша мазмұнын айтып шығады.

II. Түсіну кезеңі. Ілияс – лирик ақын (шығарманы сюжеттік желісіне қарай талдау).

Оқиғаның басталуы:

Дамуы:

Байланысуы:

Шиеленісуі:

Шарықтау шегі:

Шешімі:

III. Қолдану кезеңі. Үндестік пен ұйқастық (салыстыру, негізгі кейіпкерлерге мінездеме беру).

- Басқа каламгерлердің жазған шығармаларымен бүгінгі Ілияс шығармасының үндестігі, ұйқастығы бар ма?

1) Үлестірімді парақшалар (Абайдың «Аттың сыны» өлеңі таратылады, поэмадағы Күреңбай сыншының сөзімен салыстырылады).

2) Кейіпкерлерге мінездеме беріледі.

IV. Талдау кезеңі. Кестелі тілде – кемел ой (өлең жолдарын мәнерлеп оқу, өлең құрылысына және көркемдік тіліне талдау).

1) «Құлагер» әнінің шығу себебі?

2) Ақан кім?

3) Поэмадағы жұмбақ жан кім?

4) Құлагерге кім қастандық жасайды?

5) «Қазақ поэзиясының Құлагері» кім?

Қорытындылау.

1. «Құлагер аттың жүйрігі болса, Ілияс – ақынның жүйрігі» дейміз. Екі дәуірде екі тұлпар да қастықтан опат болады.

Жылқы – қазақ үшін тіршіліктің нақ өзі, төрт түліктің ең асылы, байлықтың, ен дәулеттің белгісі. Арғымақтың үстінен дүние, шіркін, әсемірек көрінетін, ер-тоқымын күмістеп, үзеңгіге аяқ тіреп отырғанда қазақ кімнен кем еді?..

«Құлагер» фильмінен үзінді.

2. Ілияс «Өнерге, өнерліге өлім жоқ» деген түйін жасайды. Батыраш-Қотыраштар дүниеге келе береді, кете береді. Ал Ақан «Құлагер» әнімен мәңгі жасайды.

Ән: «Балқадіша» (тыңдалады).

Үйге тапсырма: «Құлагер» поэмасын оқу, шығармаға дайындық.

(Басталуы мұқабаның 2-бетінде).

Сәбиден сөйлеп туған ел қорықты,
Түрінен қатты шошып, шын торықты.
Алайда ол туған соң бұлт ыдырап,
Күн шығып, шуаққа жұрт кіл молықты.
Ал халық балап мұны жақсы ырымға,
Тойлады ұлан-асыр сай-қырында.
«Есімі Қорқыт болсын!»- деп үш рет
Айқайлап ат қояды бақ сынында.
Өмірге келуі оның қандай бөлек
Десек те, тіршілігі сондай ерек!
Ұшқан құс, жүгірген аң, жауған жауын
Тіліне болды Қорқыт жастай зерек.
Бір күні, қатқан шақта бұғанасы,
Берді аян түсіне еніп шал данасы.
«Уа, Қорқыт, тұр орныңнан!»- дейді әулие,
Білген жоқ соның жайын жан баласы.
«Нар атан жілігіндей саз аспабын
Сен жаса, ойыма құр таласпағын.
Шанағын қара бақыр сияқты қыл,
Көнінен аруана адаспағын.
Құтылмас ешкім құдай бұйрығынан,
Ішегі – бесті айғырдың құйрығынан,
Тиегі – ортекенің мүйізінен,
Иесі болсын өнер тұнығынан.
Атансын аспабыңның аты – Қобыз,
Қолына ұстамасын заты – доңыз.
Сол Қобыз қиялыңды шарықтатып,
Жолыңа шырақ жақсын, колда Оғыз!»
Ояңды соны Қорқыт естігендей,
Тәтті күй көкірегің тесті керней.
Орындап әулиенің барлық шартын,
Шерткенде қобызды алып есті желдей.
Көшті күй жүрегінен Қобызына,
Дүние құлақ түрді аңызына.
Ерекше ғажайып бір күй дарытты
Қаптаған батыр, жомарт оғызына.
Бір аңыз ой салады бізге былай:
«Кіреді оқысаңыз Сізге шырай,

Сол үшін дәріптейсіз Қуанұлын¹
Қаншама қарасақ та ізге сынай.
Әлемнің шетсіз, шексіз кеңдігінде
Жас Қорқыт түс көріпті енді бірде.
«Қырық жыл өмір сүріп өтесің» деп
Тіл қатқан қарт аяны көнді кімге?!
Содан соң Қорқыт іздеп өмірді өлмес,
Мінді реттеп Желмаясын елге көнбес.
Таба алмай Жерұйықты діңкелепті,
Ұмытты қу өлімді ешкім жеңбес.
Жолығып бір топ жанға қабір қазған,
Сұрапты «Мұның не?» деп тағдыр жазған.
«Қорқыттың көрін қазып жатырмыз» деп
Құрметпен қабіршілер қолын созған.
Өлімнен бұл жерде де құтылмасын
Сезінген Қорқыт күтіп үкім жасын,
Одан да әрі іздеді үміт үзбей,
Азаптап қайғысымен жұмыр басын.
Барына шүкір етіп ағайынның,
Сырына қанықты ол әр ауылдың.
Сандалып қайтып келе жатқанында
Желмая ұқты ойын қожайынның.
Сондықтан «мұңды әні» шерді қозғап,
Астында иесінің жүрді боздап.
Түйенің боздағаны қобызынан
Сүйекті сырқыратты шоқтай қоздап.
Нәр күйған пендешілік өзегіне
Оралды Сырдария өзеніне.
Сол жерде Желмаясы ажал құшып,
Түсірді зілдей салмақ өз еліне.
Тірліктің опа таппай жеңісінен,
Қызықтың күдер үзді көбісінен.
Ғұмырлық жан серігі – Қобызын ол
Қаптады Желмаяның терісімен.

1. Қуанұлы – композитор Ахмет Жұбанов.

(Жалғасы мұқабаның 3-бетінде).

Бас редакторы – Зернебек ШЛДЕБАЙҰЛЫ.

Қазақ тілі мен әдебиеті» –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Рыскелді САБЫРБАЙ.
Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 03.02.2014 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 4138.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Басылатын жері – ИП Асубаев С.Ш.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №2, 2014 ж., 144 бет, Алматы.